

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 419.992.71

Қолжазба құқығында

СУЛТАНБЕКОВА ЖӘУДІР ЕРКІНБЕКҚЫЗЫ

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
СИПАТЫ**

6M020500 - ФИЛОЛОГИЯ мамандығы бойынша филология ғылымдарының
магистрі академиялық дәрежесін алу үшін магистрлік диссертация

ТҮРКІСТАН – 2015

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ЭТНОЛИНГВИСТИКА – ҒЫЛЫМ САЛАСЫ	
1.1 Этнолингвистиканың зерттелу тарихы мен қазіргі бағыт-бағдарына шолу.....	9
1.2 Этностың өткені мен болашағының айнасы – жұмбақтардың зерттелу тарихы.....	17
1.3 Жұмбақтар – ата-бабамыздан қалған байырғы мұра.....	27
2 ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	
2.1 Жұмбақ жанрының «Адаммен», «Қоғаммен», «Табиғатпен» байланыстылығы.....	31
2.1.1 «Адамға» қатысты жұмбақтардың берілуі.....	40
2.1.2 «Қоғамға» қатысты жұмбақтардың берілуі.....	44
2.1.3 «Табиғатқа» қатысты жұмбақтардың берілуі.....	49
2.2 Қазақ жұмбақтарының бейнелілік қасиеті.....	57
2.3 Түркі елдерінің халықтық жұмбақтары.....	68
ҚОРЫТЫНДЫ	75
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	78
ҚОСЫМША	

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі тіл білімінде этномәдени тіл бірліктерін белгілі бір тақырыптар төңірегінде топтастыра отырып, оларды түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол өзінің кумулятивтік (сақтап – жеткізушілік) қасиетінің арқасында адам қолымен жасалған материалдық және рухани мәдениетті болашақ ұрпаққа жеткізуші құрал. Тілдің осындай қызметінің арқасында халықтың өмір сүру дағдысының, халықтық тәжірибелік білімнің, дәстүр жалғастығының сабақтастығы сақталып, олар жаңғыртылып, жетілдіріліп отырады. Осыған байланысты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, материалдық және рухани мәдениеті мен дүниетанымын тіл арқылы зерттеп сипаттау – қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары деп аталатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану, когнитивтік лингвистика сияқты ғылым салаларының негізгі зерттеу объектісі болып отыр.

Тілді этностың барша болмысымен тікелей байланысты, адамзаттық құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі тұрғысынан зерделеу – ХХІ ғасыр тілтанымдық зерттеулерінің жалпы бағытын айқындайды.

Этнолингвистика – этнос тілі мен сол тілде сөйлеуші халықтың мәдени – тілдік деректерін сипаттайтын, этнос тілін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, этностың тіл байлығын тек оның болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп, келешекке танытатын, тілдік деректерді ұлттық нышанда жарата да, жарқырата да алатын, ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді этностық таным тұрғысынан басқа тіл ғылымдарынан ерекшелене алатын, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық, философиялық сипаты бар кешенді пән.

Осы тұрғыдан алғанда, ата-бабаларымыздың ұлттық және рухани мәдениетінің айқын көрінісі, халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі – жұмбақ жанрының да қызметі орасан зор болған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Ғылыми кеңістіктегі немесе қоғамдық өмірдегі басты құндылықтардың бірі – этнос пен тіл тұтастығы болып табылады. Этнос пен тіл арасындағы мәселе бүгінгі күннің ғана емес, өткен мыңжылдықтардың да толғақты тақырыптарының бірі болды деп айтуға болады.

Қазақ жұмбақтарының мағынасын этнолингвистикалық тұрғыдан талдап-тарату, сол арқылы ана тіліміздің байлығын, халқымыздың қиыннан қиыстырып, ұрпағымызға кез-келген құбылысты жұмбақтап айтып, оның шешімін тапқызу арқылы логикалық ойлылыққа баулуы - қазақ тілінің және сол тіл иесінің ой оралымдылығын арттыра түсетіні белгілі. Бұл мәселенің өзі - осы зерттеу жұмысының өзектілігін белгілейді.

Қазақ тіліндегі жұмбақтардың қызметі мен оның әлеуметтік табиғатын, құрамын анықтау, сол арқылы жұмбақтардың қоғамдағы атқарар орны мен рөлін айқындау, этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу - арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі тақырыптардың бірі болып табылады.

Қазақ жұмбақтарын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу барысында уәжділік қасиеттерін анықтауды тілдік және тілдік емес (экстралингвистикалық) мәнділіктермен байланыстыра қарастыру және «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сай этнолингвистикалық бағытта кешенді зерттеу жүргізу де тақырыптың өзектілігін дәлелдей түседі.

Ата-бабамыздан қалған ұлттық құндылықтарымызды этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеп білуге зор мән беріліп отырған бүгінгі таңда, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға өз үлесін қоса алатындығы да жұмыстың өзектілігін айқындайтын алғышарттардың бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының басты мақсаты – ұлттың рухани мәдениетінің көрінісін айғақтайтын қазақ этносының ұғым-түсінігінде бекіген, қазақ жұмбақтарының құрылымын, оларға қатысты ұғымдардың этнолингвистикалық табиғатын анықтау мақсатында, оларды «Адам - Қоғам - Табиғат» үштігі елегінен өткізіп, «Адамға қатысты жұмбақтар», «Қоғамға қатысты жұмбақтар», «Табиғатқа» қатысты жұмбақтар тұрғысынан «індете» зерттеуді (Ө.Т.Қайдар), олардың тілдік жүйедегі орнын, болмыс-бітімін анықтау болып табылады.

Бұл мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- Қазақ жұмбақтарын халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, түрлі саладағы зерттеу еңбектерден жинақтау, жүйелеу;

- жұмбақтардың этнолингвистикалық сипатын ашу үшін этнолингвистика ғылымына, зерттеу объектісіне, ғалымдар зерттеулеріне шолу жасау;

- қазақ тіл біліміндегі жұмбақ жанрының зерттелу тарихы мен қазіргі бағыт-бағдарына үңілу;

- қазақ жұмбақтарының этнолингвистикалық сипатын анықтау үшін:

- жұмбақтардың ұлттық құндылығымызды қалыптастырудағы алатын орнына қатысты материалдарды кешенді зерттеу арқылы анықтау, «Адам – Қоғам – Табиғат» үштігі «елегінен» өткізіп, «індете» зерттеуге тырысу;

- қазақ жұмбақтарының «Адам», «Қоғам», «Табиғат» саласына қатыстылығын ескере отырып, топтастыру, олардың мағынасын айқындау.

- жұмбақтар мен этнофразеологизмдердің мағына астарындағы этюдтерді ашу;

- этнолингвистиканың теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, жұмбақтарға байланысты атаулардың этномәдени уәждерін, уәждік жүйесін этнографизмдер негізінде айқындау;

- қазақ жұмбақтарының ұлттық сипатта қалыптасуы мен рухани-мәдени өмірдегі орнын, этномәдени мазмұнын қарастыру.

Зерттеу жұмысының пәні. Қазақ тіліндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты.

Зерттеудің нысаны. Қазақ жұмбақтарының, соған байланысты ұғым-түсініктердің этнолингвистикалық сипаты.

Зерттеудің әдістері. Зерттеу кезеңі мен дереккөздерді жинау барысында сұрыптау, жүйелеу, талдау тәсілдері, жұмбақтардың этнолингвистикалық сипатын анықтауда лексика-семантикалық талдау, топтастыру, семасиологиялық, этнолингвистикалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Қазақ халқының қазына-байлығының бірі болып табылатын жұмбақ жанрының табиғаты көптен бері әдебиетші ғалымдар тарапынан әр қырынан қарастырылып келеді.

Қазақ тіл білімінде ауыз әдебиетінің, фольклор жанрының нақты бір түрі ретінде, жұмбақ жанрының тілдік ерекшеліктеріне, лексикасына байланысты зерттеу жұмыстары жазылғанмен, қазақ жұмбақтарының этнолингвистикалық сипаты арнайы түрде қарастырылған емес.

Сондықтан, жұмыстың жаңалығы – олардың алғаш рет этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырылуы болып табылады.

Атап айтқанда, тіл мен этностың, мәдениеттің, рухани-мәдени сабақтастығы, қазақ жұмбақтарының салт-дәстүрдегі, дүниетанымдағы көрінісі этнолингвистикалық талдаулар арқылы сараланып, жұмбақтарға байланысты ұғым-түсініктердің негіздері, уәжді белгілері айқындалады.

Зерттеудің дереккөздері. Қазақ тіліндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық табиғатын ашу барысында 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен, ғалымдардың еңбектерінен қажетті мәліметтер мен деректер алынды. Ғылыми талдау жасап, тұжырым айтуда, біз осы деректерге, әсіресе қазақтың классик ақын-жазушыларының шығармалары мен ауыз әдебиеті үлгілеріне, этнолингвистикалық зерттеулерге, жұмбақ жанры туралы ғалымдардың зерттеу еңбектеріне көбірек көңіл бөлдік. Осы жанрдың алғашқы үлгілерін жинап, түзету, оларды баспасөзде жариялау ісінде еңбек сіңірген ғалымдар А.Лютш, П.М.Мелиоранский, В.В.Васильев, Г.Н.Потанин, қазақ ғалымдары Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, Ә.Марғұлан С.Аманжолов, Т.Жанұзақов, М.Әуезов, М.Әбжанов, Ж.Адамбаева, Н.Оңғарбаева, Ш.Кәрімдердің тұжырымдары мен пікірлері ескерілді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақ жұмбақтарын ауыз әдебиеті үлгілерінен жинақтап оның қыры-мен сыры, қалыптасу тарихы жайлы мәселелерді М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Ә.Диваев, С.Аманжолов, бергін келе Ш.Керім «Қазақ жұмбағы» атты монографиялық еңбегінде қазақ жұмбақтарын жеке жанр ретінде арнайы зерттеп, оның халық өмірінде алатын орнын, өзіндік сипат-ерекшелігін, даму эволюциясы мен тарихын және т.б. ғалымдар еңбектерінде әр тұрғыда қарастырылған, көптеген ой-тұжырымдар жасалған. Жұмбақ жанрының тілдік тұрғыда зерттелуіне үлес қосқан біршама диссертациялық жұмыстарды атап өтуімізге болады. Мәселен, Ж.Адамбаеваның «Қазақ жұмбақтарының әдеби-стилистикалық және тілдік ерекшеліктері» атты еңбегінде осынау жанрдың тілі мен құрылысы, олардың морфологиялық, синтаксистік, лексикалық ерекшеліктерін нысанаға алады. З.Ахметов қазақ өлеңі туралы көлемді еңбегінде қазақ жұмбақтарына да тоқтала кетіп, олардың ырғақтық құрылымы, ұйқастық жүйесі жөнінде тұжырымдар жасаған. Ғалым Н.Оңғарбаева «Қазақ жұмбақтарының тілі» (А., 1997) атты еңбегінде қазақ жұмбақтарына арнайы тоқталады. Оларды тілдік тұрғыдан жан-жақты талдап-таратуға барынша тырысады.

Осы аталған зерттеу еңбектерімен танысып, осы жұмыстарда қаралмаған, назардан тыс қалған мәселелерді нысана етуге тырыстық.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдары тіл мен мәдениет, тіл мен ұлт, тіл мен дүниетаным, тіл мен ойлау сабақтастығын қарастыратын этнолингвистика саласының теориялық негіздерін белгілі дәрежеде толықтыра түсіп, қазіргі «этнолингвистика» бағытындағы зерттеулерге өзіндік үлес қосуға талпыныс жасалды.

Жұмыстың негізгі теориялық және практикалық мәні – осы зерттеудің теориялық тұжырымдары мен нәтижелері негізінде қазақ жұмбақтарына байланысты ұғым-түсініктерді әлі де зерттей отырып, бір жағынан, қазақ тіліндегі жұмбақтардың орны мен рөлін, екінші жағынан, қазақ жұмбақтарының адам мен табиғат, тіл мен мәдениет, заттық мәдениет пен рухани мәдениет сабақтастығы арқылы этнос болмысын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеуінде.

Зерттеу барысында қол жеткізген тұжырымдар мен тілдік фактілерді жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде семинар және практикалық сабақтар өткізуде, сондай-ақ, жас ерекшеліктеріне байланысты, әсіресе, мектеп оқушыларын - балаларды ұтқырлыққа дайындау, тәрбиелеу барысында дәрістерде, мектепшілік сайыстарда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- қазақ тіліндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық және тілдік табиғатын танып-білуге қажетті теориялық тұжырымдар мен зерттеу принциптеріне шолу жасай отырып, жұмыстың нақтылы өз нысанын анықтау;
- қазақ халқының ата-бабасынан қалған жұмбақ жанры – этностың өткен және қазіргі өміріндегі тұрмыс-тіршілігінің айнасы, ғасырлар бойғы мәдениетінің тұнып тұрған мұражайы;
- жұмбақтар ұлттық сөздік қорымыздың ауқымды қабатын құрайтын күрделі қазына болып табылады;
- қазақ жұмбақтарының этнолингвистикалық сипаты – шектес ғылым салалары деректерін пайдалана отырып, кешенді зерттеу арқылы анықталатын этномәдени туынды;
- қазақ жұмбақтарының этнолингвистикалық сипатын анықтауда жұмбақ болмысын этноспен, этномәдениетпен тұтастықта сипаттайды;
- жұмбақтарға байланысты этнографизмдер мен фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді айқындайды;
- жұмбақтардың этнос өміріндегі, мәдениетіндегі орны, оның этнос тілінің балаң кезінде пайда болып, ұзақ дәуірлер бойында қалыптасып, содан сақталған фольклорлық жанрдың бірі ретінде, өміршең құбылыстар қатарына жататындығын этнолингвистикалық талдау көрсетеді.

Зерттеудің әдістемелері мен тәсілдері. Диссертацияның зерттеу нысанына қарап, қазақ жұмбақтарының тамыры тереңде жатқанын, пайда болуы адам баласы тіршілік ете бастағаннан, яғни этнос тілінің балаң дәуірінен басталғанын, бүгінде кіші жанр бола тұрып, ауқымы кең тақырыпқа айналғанын, салыстырмалы-тарихи, әрі баяндау әдістері арқылы зерттелді. Кейбір деректерді терең ашып көрсету үшін ғалымдар зерттеулеріне сүйене

отырып, материалдарды жинақтау, топтау, жүйелеу сияқты лингвистикалық әдіс-тәсілдер, этимологиялық, статистикалық және этнолингвистикалық тәсілдер мен этнографиялық талдаулар қолданылды.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы.

Диссертациялық еңбек Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қазақ филологиясы кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды. Жұмыстың негізгі ғылыми қорытындылары мен тұжырымдары, нәтижелері халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды. Диссертациялық жұмыс бойынша 3 мақала жарияланды.

Диссертация құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Жұмыс соңында тақырыпқа қатысты слайдтың электронды нұскасы қоса берілді.

ОҚМУ

1 ЭТНОЛИНГВИСТИКА – ҒЫЛЫМ САЛАСЫ

1.1 Қазақ этнолингвистикасының зерттелу тарихы мен қазіргі бағыт-бағдарына шолу

Белгілі бір ұлттың тілін зерттеу арқылы сол тілді қолданушы халықтың салт – дәстүрлерінен, тұрмыс – тіршілігінен, рухани – мәдени өмірінен, әдет – ғұрпынан, ауыз әдебиеті үлгілерінен, этностық таным ерекшеліктерінен, қайталанбас кейбір қасиеттерінен көрініс алуға болады. Осыған байланысты мәселелерді зерттейтін ғылым саласын тіл білімінде этнолингвистика деп атайды.

Тіл білімінің бір саласы этнолингвистика - тілді сол тілдің иесі - халықтың ауыз әдебиеті үлгілерімен, салт - дәстүрімен, мәдениетімен байланыстыра зерттейді.

Объективті болмыстағы заттар мен құбылыстардың табиғатын, тылсым сырын танып-білудің екі түрлі жолы бар, оның бірі – тілдегі барша атауларды хатқа түсіріп, алфавит тәртібімен қарастыру да, екіншісі – олардың мән-мағынасына, қолданылатын тақырып сәйкестігіне, өзара байланыс-қатыстылығына қарай топтастыра зерттеу – этнолингвистикалық зерттеудің басты мақсаты болып табылады.

Тілдердің сөздік қорында ғасырлар бойы қордаланып, шоғырланып тұратын лексикалық байлықты жүйелеп, топтастыра қарастыру – түркі тілдеріндегі зерттеулерде өте ертеден келе жатқан құбылыс.

XI ғасырда Шығыстың ғұлама ғалымы Махмұт Қашғари өзінің «Дивану лұғат ат-түрк» атты түркі тілдерінің сөздігінде сол кездегі түркі тайпаларының лексикалық байлығын жинақтай келе, оны:

- түркілердің өмірі туралы;
- түркілердің материалдық-мәдени заттары туралы;
- ру-тайпа туралы;
- жер-су аттары туралы;

тағы басқа осы сияқты көптеген тақырыпшаларға бөліп, топтастыру арқылы жасаған зерттеуі 30 тақырыптық топқа жіктеліп қарастырылады. [1,12-б]

«Әлішер Науаи өз еңбегінде түркі тілінің классикалық парсы тілінен артық болмаса, бірде-бір кем еместігін, сондай-ақ әр саладағы тақырыптық топтардың (ан-құстарға, жылқының жасы мен түр-түсіне т.б. қатысты) жұмбақтардың барлығын келтіру арқылы дәлелдейді»- дейді ғалым Насилов.Д.Н. [2,151-б]

Тіл байлығын жалпы этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу – тіл ғылымында ежелден-ақ қалыптасқан, яғни XVIII-ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында жасалған И.Г.Гердер, В.Гумбольдт, М.Бреал, В.Вунт, Г.Шухардт, Фердинандт де Соссюр, Бодуэн де Куртэнэ, Ж.Гримм сияқты ғалымдар еңбектерінен көруге болады. Олар этнолингвистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырды.

Тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қайнар көзі, шығу арнасы Еуропада В.Гумбольдттың этнофилософиялық тұжырымдары негізінде пайда болса, Америкада Ф.Боас, Эдуард Сепир, Бенджамин Уорфтардың тілдің

ойлауға негізделген «лингвистикалық ықтималдық концепциясы» сияқты ғылыми көзқарастарының негізінде бастау алғандығы белгілі.

Тіл мен этнос, тіл мен таным, тіл мен мәдениет арасындағы тығыз байланысты қарастыруда В.Гумбольдтың «Тіл – халық рухы, халық рухы оның тілінде. Ұлт нышанын танытатын мәдениет өз ізін халық тілінде қалдырады. Халықтық рух пен мәдениет тілдің ішкі формасына тән» деген тұжырымына келіп тіреледі [3,400-б].

Тіл білімі тарихын зерттеушілер арасында этнолингвистикалық зерттеулердің кейбір көріністері И.Г. Гердер, В. Гумбольдт яғни «Гумбольдтовское понятие «народного духа» лежит в основе этнолингвистики, считающей каждый язык воплощением особой этнической культуры, народного духа, национального мировоззрения и языкового гения» деген пікіріне қатысты болғанын, бірақ этнолингвистика жаңа бағыт ретінде ХХ ғ. басында пайда болғанын жазып, оны жазба тілі жоқ америкалық үндістердің тілі мен мәдениетін зерттеген этнограф ғалымдар Ф. Боас және Э. Сепир аттарымен байланыстырады [4, 115-б].

Э.Сепир: «Чрезвычайно важно, чтобы лингвисты, которых часто обвиняют – и обвиняют справедливо в отказе выйти за пределы предмета своего исследования, наконец, поняли, что может означать их наука для интерпретации человеческого поведения. Нравится ли им или нет, но они должны будут все больше и больше заниматься различными антропологическими, социологическими и психолингвистическими проблемами которые вторгаются в область языка», – деп көрсетті [5, 177-б].

Сондықтан осы кезеңнен бастап, этнолингвист-ғалым Э.Сепирдің ықпалымен этнос пен тілдің байланыстығы, сабақтастығы негізінде «этнолингвистика» сөзі тіл ғылымында термин ретінде орнықты. Эдуард Сепир сол сияқты этнография, салт-дәстүр, ауыз әдебиеті үлгілері, мифология т.б осы сияқты ұғымдарды этнос болмысымен шендестіріп, «тіл әлемін» тілдің символдық қызметімен шектеп көрсеткісі келетінін аңғаруға болады [6,15-б]. Осыған байланысты ғалым Н.А.Слюсарева: «Фердинандт де Соссюр этнолингвистиканы этнос тарихы мен этнос тілі тарихының өзара әсерін зерттейтін ғылым ретінде танып, өз ойын халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрінсе, тіл, керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады» - деген тұжырым айтады [7, 32-б].

Орыс ғалымдары Н.И.Толстой, В.Н.Топоров, В.В.Иванов, А.Ф.Журавлев т.б. зерттеулерінде этнос тарихы, этнос тілі, этностық таным, дүниетаным, ұлттық құндылықтар жүйесінің бір-бірімен сабақтас, іліктес екендігін, сол арқылы бірін-бірі толықтырып тұратындығына тоқтала келіп, осы ғылым саласы туралы былай деп, ортақ тұжырым айтады: «Этнолингвистика – көне дүниені зерттеуші ғылым, оларды байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу керек». [8, 43-б].

Ғалым Н.И.Толстой: «Этнолингвистика халықтың рухани байлығының, менталитетінің, шығармашылығының бір-бірімен байланысын, біріне-бірі «тәуелділігін», астарластығын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Осы тұрғыдан қарағанда, тіл тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар,

этникалық (халықтық, ұлттық) мәдениеттің көрнекі позициядағы негізгі формаларының бірі болып табылады», – деп атап өтеді [9,509-б].

XXI ғасырда салыстырмалы тіл білімі мен құрылымдық-жүйелілік тіл білімінің заңды жалғасы болып келген антропоэлектік парадигма бағыты тілдің мифтік-танымдық негіздерін анықтауға ұмтылады. Тіл білімі мен мифология ғылымының өзара сыбай, шектес аясы этнолингвистикаға жатады.

Тіл мен мифология арасындағы осы тығыз байланысты кезінде А.А.Потебня да атап көрсеткен болатын: «Язык есть главное и первообразное орудие мифического мышления. Мифология создается факторами лингвистическими» [10,640-б].

Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен тарихи категория. Себебі, ол этностың қазіргі күйін ғана емес, өткен дәуірін өзінің зерттеу объектісі етіп алады. Ал, этностың өткен жолы тілдің этномәдени қоры немесе этнолингвистикасында анық білініп тұрады [11,8-б].

Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – барлық жағдайда да этнос тілі. Этнос - өткен дәуірлерде дүниеге келген, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік – тірлігі бірыңғай, мінез– құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт – дәстүрі мен әдет-ғұрпы да ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы болып табылады. Мұндай этностар жер жүзінде өте көп және олар сан жағынан да, даму сатысы бойынша да әртүрлі, көбісі халық, ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз емес. Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық қазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндер мен қашалып жазылған тас ескерткіштер арқылы да жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі - этнос басып өткен өмірдің елесі ғана. Этнос тілі арқылы этностың шынайы бейнесі, болмысы ұрпақ жадында сақталады. Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы айналадағы құбылысты өзінше бағалап – бағамдауы өз тілінде өрнегін тауып, өзін – өзі көрсететін айна іспеттес.

Этнолингвистикалық аспект – ұлттық көзқарас, ұлттық ерекшелік, этномәдени, этнопсихологиялық факторларды ескере отырып, жұмбақтарды зерттеу, яғни этностың материалдық және рухани дүниесін, оның ұлттық болмысын ескеру болып табылады. Этнолингвистикалық зерттеулерді жұмбақтардың адаммен, қоғаммен, табиғатпен байланысын анықтауға көбірек көңіл бөлінеді. Бұл тұста тақырыптық топтарға жіктелген жұмбақтардың ұлттық нышандарынан мәлімет береді. Этнос болмысы – этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық. Басқаша айтқанда, этнос болмысы дегеніміз - этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына дейінгі өмір – тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып жадында сақталып, ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып ауысып келе жатқан құбылыс.

Тіл фактілері тұнып тұрған тарих. Себебі, әртүрлі заттардың, құбылыстардың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл деректері арқылы ғана, яғни сол халық тіліндегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, аңыз-ертегілер арқылы келіп жетуі мүмкін. Сол халықтың жалпы рухани өмірін, талай ғасырлық тағылым жүйесін, ата-салтын, елдік қасиетін, ұлттық болмысқа тікелей қатысты байырғы сөз қазынасын қайта түрлендіруде ерекше орын алатын тіл білімі саласының бірі – этнолингвистика болып табылады. Өйткені этноспен қатар, жұмбақтардың өмірге келуі, олардың қолданыс ерекшеліктері, халықтың өмір туралы сан алуан пайым-байқауларынан, ойға түйгендерінен әртүрлі қарым-қатынастар барысында айқындалатын сезім, айшықты ой, психологиялық жай-күйі т.б. факторлар негізінде пайда болуына этнолингвистика ғана толық, жан-жақты жауап бере алады.

«Адам баласының тілі – адам санасының жемісі, адам тәжірибесінің қорытындысы» [12, 581-б]. деп тілдік заңдылықтардың универсалды табиғатын зерделеуде өз тұжырымдарын адамзат тіліне сипаттама беруден бастаған Қ.Жұбанов: «Адам баласының табиғатында әуелі сөзді біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны, өзін сол басқаларға ұқсата айтатыны - өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен» - дейді.

Демек, қазақ тіліндегі ұлттың әлеуметтік-мәдени тұрмысын, тарихы мен мәдениетін белгілеген тілдік деректері профессор Қ. Жұбановтың пайымдауында қазақ әлеуметтік-мәдени кеңістігінде қалыптасқан ұжымның этнотаңбалық жүйесі. Ретінде, ұлттың күнделікті тәжірибесінен қалыптасқан танымдық тұжырымын да белгілейді. Сонымен Қ.Жұбанов: «Тіл халықтың рухани да, заттық мәдениетінің мол көзді арнасы, халықтың өткен өмір жолын бейнелейтін, таптырмайтын бай тілдік деректері сақталған «таным қоймасы» деген тұжырыммен «Адам - Әлем» арасындағы қатыстылықтағы тіл мен таным сабақтастығының орнын анықтайды. [13, 93-б].

Алғашында Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, XX ғасырдың соңғы ширегінде ғалымдар Ә.Т.Қайдар, І.Кеңесбаев, Р.Сыздықова, М.М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Ж.Манкеева, Ш.Хұсайынов сияқты ғалымдардың зерттеулерінде іргетасы қаланған қазақ этнолингвистикасы, одан кейін Г.Смағұлова, С.Сатенова, А.Жылқыбаева, Б.Уызбаева, Қ.Ғабитханұлы, Б.Ақбердиева, Р.Шойбеков, А.Сейілхан сияқты орта және жас буын ғалымдардың зерттеу жұмыстарында өзінің бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін жан-жақты айқындап, зерттеу нысандарын саралап, әдіс-тәсілдерін жетілдіре түсті.

Этнолингвистиканы зерттеу ісі қазақ тіл білімінде XX-XXI ғасырлар тоғысында, 70-жылдардан бастап, академик Ә.Т.Қайдардың басшылығымен қолға алынды. Ғылыми аренада осы ғылым саласы жайында көптеген ғалымдар көзқарасы пайда болды. Бір тақырыптың бірнеше аясы ретінде, көптеген

зерттеулер (тамақ-тағам, киім-кешек, зергелік өнер, соматизмдер, ономастика т.б) дүниеге келіп, олардың этнолингвистикалық сипаты ашылды.

Қазақ этнолингвистикасы жайында академик Ә.Т. Қайдар: «Ана тілінің ұшан-теңіз байлығын, ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мұра болып келе жатқан асыл қазынасын, мүмкіндігінше, толық меңгеріп, ел игілігіне айналдыруды мақсат ететін ғылым салаларының бірі – этнолингвистика»– дей келіп, оның мақсатын, тиімді әдіс-тәсілдерін алғаш рет талдап, таратады. Сонымен қатар, академик: «Этнолингвистика – этностың (одан ұлыс, халық, ұлт) инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы»,– деп нақты, әрі тұжырымды анықтама береді [14,18-22-б]. Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеудің тағы бір принципін Ә.Т.Қайдар «індете зерттеу» деп атаған. Бұл жөнінде ғалым былай дейді: «Аңшылар лексиконында: «аңды індетіп алу» тіркесі қолданады. Ол дегеніміз – тазылардан, бүркіттен немесе атылған оқтан қашып келіп, жан сауғалап, кез-келген інге тығылған түлкі, қасқыр, қарсақ, борсық сияқты аңдарды қолға түсіру үшін аңшының інге су құю, түтін салу, таяқ жүгірту әдістерін қолдану тәсілі.

«Індете зерттеу» деп, шартты түрде алынып отырған бұл терминнің мәнісі – зерттеушінің тілімізде күнделікті айтылып, жазылып жүрген («қолбала, елгезек») сөздермен ғана шектеліп қалмай, не өзі білетін, шеті көрініп тұрған, не ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнау-қолаттарынан іздеп тауып, сөйлетуге болады. Олардың «ірілерін» ғана емес, «майда-шүйделеріне» дейін түгел қамту. «Індете зерттеуге» әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің жеке бастарын ғана емес, олардан туындап, өркендеп, бұтақтап, тарап жатқан туынды дүниенің бәрін (олардың атауы арқылы) түгел қамту міндеті де жатады» [11,8-б].

Қазақтың өткен ғасырлардағы этнолингвистикалық қазынасын зерттеуде, тілдік сипатын танып-түсінуде, сол дәуірлерде өмір сүрген шығармашылық өкілдерінің шығармалары баға жетпес рөл атқарады. Олардың қалдырған әдеби мұралары, өткені мен бүгінін жалғастырып тұрған «алтын көпір» сияқты. Өйткені ғылымы мен мәдениеті кештеу дамып, қалыптасқан елдерде ондай әдебиет үлгілері белгілі бір кезеңдегі халықтың тыныс-тіршілігінен, әдеби тілдің деңгейінен, материалдық және рухани өмірінен мол хабар, дерек беретін бірден-бір ғылыми көз болып табылады.

Этнолингвистикалық құбылыстар - өткен ғасырларда ғұмыр кешкен ата-бабамыздың ауызекі сөйлеу тілінде, ауызша айту арқылы ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған мұраларында, кейіннен жазба әдебиетінің негізін қалаған ақын-жазушыларымыздың шығармаларының барлығында да кездесіп отыратын тарихи құбылыс. Өйткені халық өмірін, халық тарихын, оның сан алуан тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын жырламайтын, өз шығармаларына арқау етпейтін ақын, не жазушы болмайды. Этнолингвистикалық көріністердің кейбір

ақындардың шығармаларында көп, немесе аз болуы, олардың таңдаған тақырыбына, талант-қуатына, шама-шарқына қатысты мәселе.

Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі.

Этнолингвистика - тілдегі ұлттық бірліктердің мазмұны мен мәнін ұлттың тарихынан, халықтың рухани мәдениетінен, халықтың менталитетінен, халықтың шығармашылығынан іздеу арқылы ұлттық менталитетті қалыптастырушы ғылым саласы. Ә.Т.Қайдардың идеясын жалғастырушы, өзінің шәкірті, осы ғылым саласы жайында көптен бері зерттеп жүрген ғалымдардың бірі Е.Жанпейісов болды. Ғалымның «Этнокультурная лексика казахского языка» атты еңбегі адамның тілдік факторына, тілдің адамға қызмет ету мәселесіне арналды [15,4-6]. 1994 жылғы 20 қаңтардағы «Ана тілі» газетінің санында берілген «Этнолингвистика» атты ғылыми мақаласында былай деп келтіреді: «Этнолингвистиканың қазір халқымыздың жалпы рухани өмірін, талай ғасырғы тағылым қасиетін, ата салтын, асыл да, ежелгі елдік қасиетін қайта түлетуде ерекше маңыз алып отырғанын жете сезіну үшін оның өзіндік негізгі ерекшеліктері, мазмұндық сипаты жағынан жан-жақты хабардар болу керек»-деген пікірді ұсынды.

Шынында кенжелеп келген осынау ғылым саласының ата-бабамыздан қалған жәдігерлеріміз бен қазына байлығымыз – ауыз әдебиеті үлгілерін дамытуда, оны ұрпағымыздың қолына төкпей-шашпай табыстауда мол еңбек сіңіретіні сөзсіз еді. Әрі қарай ғалым ағамыз былай дейді: «Этнолингвистика–психолінгвистика мен социолінгвистика сияқты тіл біліміндегі жаңа бір бағыт. Бұл үшеуі бір-бірімен байланысты болғанымен, әрқайсысының дара ерекшеліктері де жоқ емес. Этнолингвистика-тілді этносқа қатысы тұрғысынан сөз етсе, психолінгвистика - адам психикасына қатысы жағынан, ал социолінгвистика - тілді қоғам дамуына қатысы тұрғысынан алып зерттейді. Этнолингвистика мен социолінгвистика белгілі дәрежеде тіл біліміндегі тұтас бір саланың құрамды екі компоненті деп қарауға болады. Біріншісі - этностың ұлттық, халықтық, тайпалық ерекшеліктерін негізге алса, екіншісі - оның тілдік процестерге байланысты кейінгі даму сатысындағы әлеуметтік құрылымына табан тірейді. Этнолингвистика мен социолінгвистика өздерінің хронологиялық сипатына байланысты кейді бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Себебі, бұл екеуінің алдыңғысы негізінен тарихи мәнді деректерін пайдаланады, яғни әртүрлі тіл материалын тарихи тұрғыдан жүйелеуге келетіндерін ғана іріктеп тауып алып, оларды тек сол ыңғайда зерделеуге ұмтылады. Екіншісі, таза бүгінгі күннің тілдік материалына арқа сүйейді. Мұндай талдау үлгісі сондай-ақ этнолингвистикаға да тән. Өйткені ол «көнелікті» айғақтайтын деректермен шектеліп қалмайды, «бүгінгіні» нышандайтын деректермен де айналысады» [16,7-6].

Ғалым Е. Жанпейісов этнолингвистика саласының негізгі ерекшеліктерін баса көрсетіп, ажыратады, өзіндік қасиеттерін даралайды, этнолингвистиканың этносты тануға бағытталған негізгі мүддесі мен мұратын айқындайды, тіл мен

этностың байланысын ғылыми тұрғыдан былай зерделеп көрсетеді: «Тіл білімі өзі қаншалықты көне болса, тіл мен этностық арақатынас мәселесі де соншалықты әріден келе жатқан, ежелден бар құбылыс» екендігіне назар аудартады, яғни этнолингвистика өткенді бүгінмен байланыстыру мақсатында «алтын арқау», «алтын көпір» қызметін атқаратынын айтады. Сонымен қатар, «тіл – этностың тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы, т.б. этностың қосалқы белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашанда бір-бірімен тығыз байланысты» деп еліміздің қай қиырында өмір сүрсе де, қай тілде сөйлесе де, халқымыздың салт-дәстүрі, мақал-мәтел, жұмбақтары, өзіміздің ұлттық менталитетімізге ғана жарасатын дәстүрлік, ғұрыптық мәселелердің ана тіліміздің құдіреті нәтижесінде ғана басымдылық танытатынын теориялық тұрғыдан тұжырымдады.

Этномәдени лексика, тәжірибелік-қолданбалы этнолингвистика туралы ХХ ғасырдың соңында айтылған ойлар мен көтерілген мәселелер күні бүгінге дейін өзектілігін жоймай келеді. Тіл мен ұлтты тұтастықта қарай отырып, халықтың дамуы барысындағы тарихи, әлеуметтік өзгерістердің тілге әсер етпей қоймайтынын есте сақтаған жөн.

Осы тұрғыдан алғанда, тіпті бір территориялық аймақты мекендеген жеке ұлттың, халықтың сөйлейтін тілінде де территориялық ерекшеліктері болады. Бұл іргелі мәселе де, этнолингвистика ғылымының алдағы кезеңде өз алдына зерттеуді керек ететін салмақты жүгінің бірі болмақ.

Тілдің дамуы мен тіл иесі халықтың этникалық дамуы, олардың тілінің түрлі диалектілерге бөлінуі туралы, мәселенің тәжірибелік, тілдік-қолданбалы жағын ғалымдар атап көрсетсе, ғалым Е.Жанпейісов жоғарыдағы еңбегінде былай дейді: «Тіл мен этнос арасындағы осы тығыз байланыс лингвистерге, этнографтарға, тарихшыларға жақсы мәлім, бірақ түркологияда күні бүгінге дейін тіл тарихы мен халықтың этникалық тарихын ұштастыра отырып зерттеген бір-бір арнайы еңбек жоқ. Тіл біліміндегі бұл олқылықты белгілі бір дәрежеде этнолингвистика ғана толтыра алады»- деп өкпесін айта отырып, болашақ ұрпаққа сенім артады [16,7-6].

Қазақ тіл біліміндегі алғашқы этнолингвист-ғалымдардың идеясын жалғастырушы ғалымдардың бірі – Ж.Манкеева.

Ғалымның «Мәдени лексиканың ұлттық сипаты» атты еңбегінде, халық ауыз әдебиеті мен XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тіліндегі деректерге тарихи-лингвистикалық талдау жасау арқылы, қазақ халқының материалдық мәдениетін бейнелейтін лексикалық-семантикалық топтарға этнолингвистикалық зерттеу жүргізген [17, 272-6].

Сонымен қатар, «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде, осы ғылым саласының қыры мен сырын әрі қарай дамыта түсті. Ғалым былай дейді: «Этнолингвистика – тілді мәдениетке қатысты зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және дамуындағы тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін қарастыратын тіл білімінің саласы» [18, 13-6].

Демек, этнолингвистика - тек ұлттық сана-сезім, дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің тіл арқылы зерттелуін ғана емес, сол ұлттың мәдени өмірін және ұлт мәдениетінің рухани байлығының дамуын да қарастыратын ғылым саласы.

Этнолингвистика ғылымы бүгінде мақсат-міндеті айқындалған, ұстанатын бағыт-бағдары анық, зерттеу әдіс-тәсілдері бірегейленген, толық та дербес тіл білімінің саласы ретінде дамып отырғаны белгілі.

Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым профессор. М. М. Копыленко өзінің «Этнолингвистика негіздері» [19,15-б] деп аталатын еңбегінде айқын көрсетіп отыр.

Онда қазақ топырағында дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада жұмыс көп жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқандығына тоқталады.

Бұл бағыт тілді халықтың айнасы ретінде таниды, ешбір пәндердің аралығы ретінде емес, тілді жеке нысан ретінде ала отырып, этнология, тарих, мәдениеттану сияқты лингвистикалық емес пәндер қосымша ретінде танылады. Ғалымның жетекшілігімен жазылған докторлық және кандидаттық зерттеу жұмыстарының бәрінде де, этнолингвистикалық жүйелі сатылы принцип басшылыққа алынып, тілдік материалдар іштей сан алуан ірілі-кішілі тақырыптық топтарға жіктеліп, зерттелді. Тіл фактілері қазақ этносының тілдегі болмысы, бейнесі, көрінісі, негізі ретінде қарастырылды. Мәселен, Ж.Манкеева мәдени лексиканың ұлттық сипатын (1997), С.Сәтенова қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғатын (1997), Г.Смағұлова мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектісін (1998), Қ.Аронов халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғатын (1992), Р.Шойбеков қазақ зергерлік өнеріне қатысты лексиканың этнолингвистикалық сипатын (1987), ғылыми тұрғыда сөз етіп, өз топшылаулары мен пайымдауларын ұсынды. Қазақ эпосы тілінің лексикасы А.Мұхатаеваның (1989), халықтық кеңістік өлшемдері Р.Иманәлиеваның (1990), тағам атауларының этнолингвистикалық сипаты А.Жылқыбаеваның (1989), наным-сенімге байланысты тұрақты тіркестер Қ.Ғабитханұлының (1995), жұмбақтардың тілдік ерекшеліктері Н.Оңғарбаеваның (1995), бейнелеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипаты Б.Оспанованың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылып зерттелді.

Халықтың болмысы, танымы, салты, ділі көрінетін кез келген тілдік мағыналық бірлік зерттеледі, материалдық және рухани мәдениеті, тек қана этномәдени лексикасы мен фразеологиясы ғана емес, ономастика, фоносемантикадағы, аялық білімдегі, паралингвистикалық құбылыстардың барлығы дерлік тілдегі халықтың көрінісі ретінде қарастырылып, зерттелінеді.

Академик Ә.Т.Қайдардың «Этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да - тіл, рухани-мәдени өмірдің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – тіл. «Адамтану», «Қоғамтану», «Табиғаттану» деп аталатын ғылым салаларының қалыптасуына негіз болатын да, осы – «Тіл әлемі» деген тұжырымы бүгінгі

қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы ғылыми ізденістердің басшылыққа алар ұстанымына айналып отыр. [20,304-б].

Қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулерде ең алдымен тіл мен этносаралық сабақтастық мәселесі нысанға алынғаны белгілі. «Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу, яғни этностың тіл әлеміне тән лексикалық байлықты тұтас та, түбегейлі меңгеру, мән-жайын, мағына-мазмұнын терең түсіну және түсіндіру арқылы этнос болмысын паш етуді» дiттейтiн этнолингвистиканың қалыптасуы да, оның ғылыми-теориялық негiзiнiң жасалуы да академик Ә.Т.Қайдар есiмiмен байланысты. [20,20-б].

Ғалымның теориясы бойынша қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық зерттеулердің барлығы дерлік «Тіл әлемін» түгел қамтып, «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп аталатын үш үлкен салаға жіктеп қарастыру бағытында атқарылуда. Осы орайда, қазақ жұмбақтарының этнолингвистикалық табиғатын айқындауда «Адам – Табиғат – Қоғам» деп аталатын үштікті қамтитын идеографиялық классификация тиімді тәсіл болып табылады.

Академик Ә.Т.Қайдар көп жылдар бойғы ізденісі нәтижесінде, этнография мен лингвистика ғылымдарында қолданылып жүрген топтастыру принциптерін ескере отырып, қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне сәйкес, «Адам-Қоғам – Табиғат» деген идеографиялық классификацияны ұсынған. Бұл топтастыру бойынша, «Адам» бөлімі (адамның ішкі дүниесі мен сипаты, іс-әрекеті т.б) он бір тараудан, «Қоғам» бөлімі (қоғамдық қарым-қатынас, шаруашылық, кәсіп т.б) жиырмадан астам тараудан, «Табиғат» бөлімі (жануарлар дүниесі, өсімдіктер дүниесі, аспан әлемі т.б.) төрт тараудан тұрады. [20,304-б].

Диссертациялық жұмысымызды осы үш бағыттың төңірегінде ғалымдар зерттеулеріне, топшылаулары мен тұжырымдарына сүйене отырып, қарастыруға тырыстық.

Қазақ тіліндегі жұмбақтар тарихы, көркемдік ерекшелігі тұрғысынан әдебиетші ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелген, тілдік тұрғыда тілдік, стильдік сипаты жағынан бірді-екілі ғана еңбек бар, ал этнолингвистикалық тұрғыда арнайы қарастырылмағандығы басшылыққа алынды.

1. 2 Этностың өткені мен болашағының айнасы – жұмбақтардың зерттелу тарихы

Көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының өткен өміріне көз салғанда, оның рухани дүниесінде жұмбақтардың алатын орны ерекше екендігін байқауымызға болады. Халық болмысымен ежелден біте қайнасып келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазіргі уақытта да тарих сахнасынан түсіп қалмай, жалғасын тауып келе жатқан бағалы жауһарларымыздың бірі – жұмбақтардың өмірдегі орны да ерекше. Әр халықтың өзіндік мұрасы бар. Сол сияқты қазақ халқының да сонау ата-бабамыздан қалған мол мұраларының бірі – жұмбақтар болып табылады. Жұмбақтардың дүниеге келуінің себебі, табиғат құбылыстарының өзгеруі мен даму заңдылықтарын танып-білуден, тірлік-тіршілік көздерін меңгеруден, адамдар арасындағы сан алуан қарым-қатынастардың кыр-сырын

терең ұғынудан туындаған ой-тұжырымын, тәжірибе тағылымын көп сөзбен ұзақ баяндаудан гөрі, тұжырымдап, қорытып, қысқа да нұсқа түрінде айтып жеткізу мақсатына байланысты дүниеге келген қысқа жанр.

Жұмбақтар – халықтың өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын алтын арқау секілді. Себебі, олар – шағын жанр бола тұра, рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, тез шешім қабылдай білудің, ұтқыр ойлай алудың, тұжырымды да, пайымды жауап бере білудің адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден-бір кепілі. Осындай қазына-байлықтарынан айрылған елдің, этникалық қауымның болашағы да бұлыңғыр болмақ. Жұмбақ – ауыз әдебиетінің ең байырғы, шағын жанрларының бірі. Сонымен бірге ол жазба әдебиетте де құлашын кеңге жайып, өркендеп, өсуде. Жұмбақ оқырманның ой-өрісін кеңейтеді, алғырлығын арттырады, байқағыштыққа баулиды. Жұмбақты шығарушыға табиғи талантпен қоса, мол өмір тәжірибесі, жан-жақты білім қажет. Себебі, жұмбаққа халық атамзаманнан ерекше мән берген. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен айтулы аңыздарда атақты билер, әйгілі хандар өздеріне мұрагер таңдауда да, құрылысы күрделі, мән-мағынасы терең, жұмыр да, ұтымды жұмбақтарды ортаға салып, соны әрі тез, әрі тұтас шеше білуіне қарай таңдаған. Жұмбақ жанрын зерттеу ісі қай уақытта да ғалымдар назарынан тыс қалмаған, қай ғалым болса да, атадан балаға мирас болып келе жатқан осынау жанрдың құндылығы мен маңызы туралы өзіндік тұжырым-пікірін айта білген.

Қазақ жұмбақтарының қыры-мен сырын М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Әбжанов, С.Аманжолов, Ж.Адамбаева, Н.Оңғарбаева, Ш.Керім сияқты ғалымдар әр тұрғыда қарастырған, көптеген ой-тұжырымдар жасаған.

Қазақ жұмбақтарының тарихын танып-білуде 18-19 ғасырлар шамасында дүниеге келген қыпшақтардың «Кодекс-Куманикус» атты сөздігі құнды жәдігерлік болып табылады. Аталмыш ескерткіште қырық жеті жұмбақ хатқа түсірілген.

Халқымыздың дарынды ұлы Шоқан Уалиханов хатқа түсірген 20 шумақ өлең-жұмбақ Санкт – Петербург мұрағаттарында сақталған [21,84-б].

Ыбырай Алтынсариннің өзі хатқа түсірген жұмбақтары саны жағынан - 64, тақырыбы жағынан алуан түрлі болып келеді .

Сол сияқты, А.В.Васильев – қазақ жұмбағы хақында өзіндік ой түйіп, алғаш рет ғылыми пікір айтқан ғалым. Ол жұмбақтардың қазақ арасына кең таралғанын айта келіп: «Қырғыздар арасында жұмбақтар жиі кездеседі, әрі құрметке ие. Жастардың жұмбақсыз өтетін кештері де сирек. Жұмбақ сайысына жиналғандар жасыратындар және шешетіндер болып екі топқа бөлінеді. Сайыс көбіне ерлер мен қыздар, не топтан іріктеліп шыққан жеке адамдар арасында болады. Жұмбақ сайысы өлең, хат түрінде де болады. Мұның үлгілері халық жадында ұзақ сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Мұндай түрлерді үлгі жұмбақ деп айтуға болады» - дейді [22,4-б].

Қазақ жұмбақтарын жинауға белгілі фольклоршы ғалым Г.Н.Потанин де үлкен үлес қосты. Г.Н.Потанин жинаған жұмбақтардың ішінде: «Үш нәрсе кішкене ден үлкен болады (от, өлім, дау), сегіз нәрсе тоймайды (көкірек – ақылға, көңіл-ойға, ер-малға, қатын-ерге, от-отынға, жер-адамға, көз-

көруге, тіл-сөзге), төрт нәрсеге тоқтау жоқ (кәрілік, ажал, аштық, ұйқы)» тәрізді қызықты үлгілерін оқи аламыз [23,189-б].

Ғұлама ғалым, филолог Махмуд Қашғаридің «Диуани лұғат-ат түрк» атты еңбегінде де, қыпшақ тілінің сөздігі «Кодекс куманикусте» де, көне жазба ескерткіштерінде де жұмбақтар өте көп кездеседі. Мәселен, «Кодекс куманикус» сөздігіндегі (1880) «Отырғаны оба жер, басқышы-бақыр шанақ»(ер мен үзеңгі), «Көк лағым көгенде жатып семіреді» (қарбыз),»Жол үстінде үюлі қайыс» (жылан) т.б осы сияқты жұмбақтардың нұсқалары қазіргі қазақ және басқа түркі халықтары тілдеріндегі жұмбақтардан ешбір айырмашылығы жоқ. Жұмбақтардың даму жолдары дәстүрлі өзгерістері, өзіндік сипаты, бейнелеу қасиеті, басқа жанрлармен байланысы, өзектестігі - бәрі де бүгінге дейінгі ауыз әдебиетінің зерттеу объектісі болып келеді. Жұмбақ жанры - халыққа берер тағылым-тәрбиесі мол, логикалық жүйеге құрылған, өзі қатысты объектілерді бейнелер арқылы суреттейтін, тілі өте құнарлы көркем де, шымыр шығарма болып табылады. Алғашында, жұмбақтардың бәрі де ділмар шешендер мен көсемдердің, ақын-жыраулардың, ойшыл даналардың ауызекі сөйлеу тілі арқылы ауыздан-ауызға ауызша тарап айтылса, жазба тіл дамыған кезде дарынды қаламгерлердің туындысы арқылы дүниеге келген. Кейіннен ел арасына кең тарап, халық жадында жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып ауысуына байланысты, олардың авторлары да ұмыт бола бастайды, жұмбақ атаулының иесі – халық деген түсінік қалыптасады. Сондықтан да, жұмбақ қорында бүгінде авторлары белгілі жұмбақтармен қатар, «авторсыз» айтылып, халық жұмбақтарының қатарына жатқызылып жүргендері де молынан кездеседі.. Бұл – ауыз әдебиетіне, соның ішінде жұмбақ жанрына тән табиғи құбылыс. Бүгінге дейін жұмбақтар негізінен ауыз әдебиетінің еншісіндегі дүние деп қаралды, шындығында да солай. Ол жөнінде көптеген әдебиетші -тілші ғалымдар ғылыми зерттеу жұмыстарын жазды.

Осы жанрдың алғашқы үлгілерін жинап, түзету, оларды баспасөзде жариялау ісінде көптеген ғалымдардың еңбектері ерекше екені белгілі. Мәселен, орыс ғалымдары А.Лютшты, П.М.Мелиоранскийді, В.В.Васильевті, Г.Н.Потанинді, қазақ ғалымдары Ы.Алтынсаринді, Ә.Диваевты, Ә.Марғұланды С.Аманжоловты, Т.Жанұзақовты, М.Әуезовті, М.Әбжановты, Ж.Адамбаеваны, Н.Оңғарбаеваны, Ш.Кәрімді жұмбақ жанрының қыры мен сырын, кешегісі мен бүгінін салыстырып зерттей білген ғалымдар ретінде ерекше мойындайтынымызды, олардың осы жанр туралы дәйекті тұжырымдар мен пікірлер айтқанын, қазақ жұмбағының өсіп қалыптасуына М.Жаманбалинов, Ж. Смақов, М. Әлімбаев, Қ. Ыдырысов, К.Баянбаев, Қ. Шұғаев, Ә. Ысқабаев, т.б. ақындар қомақты үлес қосқанын атап өтуге болады.

Жұмбақ жанры – барлық халықтардың ауыз әдебиетіне тән жанр. Олардың табиғаты да ұқсас. Міне, осы жанрдың зерттелуіне әр ғалым өзіндік тұрғыдан келгендігі бізге белгілі.

Халқымыздың белгілі жазушысы, көркем сөздің шебері Жүсіпбек Аймауытов та адамзаттың, жалпы халқымыздың тыныс-тіршілігімен байланысты уақыт, жаратылыс, киім-кешек, мал жайындағы жазылған көптеген

жұмбақтарын жинақтап, «Көк өгіз» атты жұмбақ ертегі ретінде жариялаған [24,19-20 бб].

Көрнекті ағартушы А.Байтұрсынов жұмбақты қазақ фольклорының бір жанры ретінде қарастыра келіп: «Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан, яғни қолдың ішінде бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып таптырмайды. Ойды бүгіп, айтпай қойып, сол нәрселерге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады.

Жұмбақ зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе» - деп жазады. А.Байтұрсынов одан әрі жұмбақтың бейнелеу құралдарына тоқталады [25,234-б].

Жұмбақ жанрын мұқият зерттеген ғалымның бірі – Мұхтар Әуезов. Алғаш рет зерттеу мақаласы «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 10-санында жарияланып, кейіннен 1940-1959 жылдары жарық көрген жұмбақтар жинағы ұлы ғалымның беташар сөзімен ашылған. Ғұлама ол мақаласында жұмбақтың дүниежүзі халықтарының бәрінде бар байырғы жанр екендігін айта келіп, оның кейінгі заманда жақсы дамып, тәрбиенің қуатты құралына айналғандығына көңіл бөледі. Соған байланысты былай дейді: «Сырт қарағанда соңғы уақыттарда жазба әдебиет күшеюімен қатар, «жұмбақ азайған шығар, жаңадан жасалмайтын шығар» деген ойлар болушы еді. Анығында бұл теріс болып шықты. Жұмбақ қазақ халқының арасында ла, басқа халықтардың арасында да әлі күнге тыңнан туып, молайып, дамып келеді. Олай болса, халықтың жұмбақ деген фольклор қорын жинап, басып, тексеріп тану, ғылымдық зор міндет болады»- дейді [26,5-б]. М.О. Әуезов жазған «Қазақтың халық жұмбақтары» атты жинақтың кіріспесінде: «Бұл жинақты қазақ тіліндегі жұмбақтардың түрін көрсете алатын еңбек етуге тырыстық. Сондықтан барлық жұмбақтардың мазмұнына қарай (20-дай) тақырыптық топқа жіктеуге болады»- деп жазған болатын.

Мәселен, жалпы қазақ жұмбақтарының тақырыптар бойынша топтастырылып, 20 макро-топқа бөліну жағдайы былай көрсетіледі:

1. Аспан туралы;
2. Жер жайында;
3. Хайуанаттар туралы;
4. Құстар туралы;
5. Егіс және өсімдіктер жайында;
6. Жәндіктер жайында;
7. Тамақ және ішімдік туралы;
8. Киім-кешек жайында;
9. Қыстақ және оның саймандары жайында ;
10. От жағу, жарық қылу жайында;
11. Ыдыс-аяқ туралы;
12. Қол ісі жайында;
13. Үй жабтықтары, керек заттар туралы;
14. Шаруашылық құрылыс туралы;
15. Қатынас, жүріс-тұрыс жайында;
16. Оқу- білім туралы;
17. Техника және байланыс туралы;

18. Ойын- сауық, ән- күй туралы;
19. Уақыт туралы;
20. Түрлі жабдықтар.
21. Жұмбақпен айтыс

Осы макро-топтар іштей бірнеше микро-топтарға, яғни тақырыпшаларға бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзіне лайық қызметі, түрі, ұрпақ тәрбиесінде берер пайдасы мен өзіне лайық ерекшеліктері бар.

М.Әуезов сонымен қатар өз еңбегінде, хадқымыздың басынан өткен қилы кезендерде де мойымайтын, жастар арасында жиі кездесетін «Жұмбақпен айтысты» келтіреді. Халық ертегілерінде көп кездесетін: «Жұмбағымды шешкен кісіге тұрмысқа шығамын» - деп жарты әлемге жар салған сұлу ханшалар қаншама болған. Сол арқылы олардың ақыл-айласы, зеректігі, тез шешім қабылдай білетін шешендігі көрініп отырған.

Мысалы: «Баяғы заманда бір сұлу қыздың ақылына таңданып, алғысы келген жігіт қызға сөз салыпты. Аламын деп келген жігітке қыз былай депті: -Мен жұмбақ айтам, соны тапқан жігітке тұрмысқа шығамын». Қыздың шарты – қашанда заң. Оны орындай білу де - үлкен өнер екенін халқымыз жақсы түсінген.

- Жақсы, айтыңыз жұмбағыңызды, - дейді жігіт.

Сонда қыз жұмбағын былай деп айтады:

Балқан тау да, балқан тау,
Басына шыққан кім екен?
Жолда тұрған жоңышқа,
Ат семірткен кім екен?
Жез бұйдалы нар тайлақ,
Оны көрген бар ма екен?
Желдеп кеткен жеті атан,
Оны көрген бар ма екен?
Егіз қозы сүйіксіз,
Оны көрген бар ма екен?
Айдалада желі арқан
Оны көрген бар ма екен?
Жай, жай кілем, жай кілем,
Оны көрген бар ма екен?
Түр, түр кілем, түр кілем,
Оны көрген бар ма екен?

Жұмбағыңыз онша қиын емес екен,- деп жігіт шешуін айтады.

Балқан да, балқан, балқан тау,
Басына шыққан базаршы,
Жолда тұрған жоңышқа,
Ат семірткен жолаушы.
Жез бұйдалы нар тайлақ,
Бикешіңіз болмаса?
Желдеп жеткен жеті атан,
Жеті ағаңыз болмаса,

Қайта шөккен қара бура,
Қайын атаңыз болмаса,
Егіз қозы сүйексіз,
Екі емшегің болмаса?
Айдалада желі арқан,
Түлкі бақыр болмаса?
Айдалада қу қазық,
Қояныңыз болмаса,
Жай, жай кілем, жай кілем,
Жазылып жатқан жер болар.
Түр, түр кілем, түр кілем,
Түріліп шыққан күн болар.

- Таптым ба, тәлім қыз жұмбағыңды, енді не амалың бар? – дейді жігіт.

- Таптың, таптың жігітім, ойымнан шықтың, жұмбағымның шешуін таптың, енді саған тиемін – дейді қыз.

Бұл – поэзия тілінде көп кездесетін қыз бен жігіттің айтысынан бір де кем емес, қыз бен жігіттің жұмбақ айтысы. Ойдың ұшқырлығы, тез шешім қабылдай білушілік – ұтқыр да, ұтымды жауап берудің негізі болмақ.

М.Әуезовтің жұмбақ жанрын үңіле зерттегені сонша өмірдегі сирек кездесетін қыз бен жігіттің жұмбақтасуының қыры мен сырына мән берген. Міне, тағы да бір қыз бен жігіттің жұмбақтасып айтысуын мысал ретінде келтіре кетейік:

Жігіттің жұмбағы:

Тағы да отырмын мен жұмбақ ойлап,
Дүлдүлді сахараға қойдым байлап.
Басында бұлбұл отыр үйдің сайрап,
Бір гауһар қойныңда тұрар жайнап.
Дарияның жағасында құрағы бар,
Жел тисе жанып кетер өрттей қаулап.
Азар білгіш болсаң да бір сасарсың,
Тауып бер жұмбағымның бәрін ойлап.

Қыздың шешуі:

Болғанда ақыл – дария, кеудең – дүлдүл,
Басында сайрап тұрған тілің бұлбұл.
Қойныңнан шыққан гауһар – екі көзің,
Соққан жел дауылдатып айтқан сөзің.
Дарияның жанып кеткен құрақтары,
Адамның қатты шыққан ашуы дүр
Бәрі де адамзаттың денесі екен,
Таптым ба, жұмбағыңды енді білдір.

Жігіттің жұмбағы:

Бір жайын тынбай жүрер дөп-дөңгелек,
Ұясы үш жүз алпыс болса керек.
Тағы да торға толған асыл шөлмек,
Мәнісін ғылым ғана тауып білмек,
Аспаннан алты арыстан ақырады,

Гүлденіп миуалар алты терек,
Ғаламға он сегіз мың пайда бермек,
Айдаһар Қап тауынан ақырғанда,
Ұяға құмырсқаның бәрі кірмек,
Сөзімді мен сөйледім түйдек-түйдек,
Пендеге қымбат болар мұны білмек.
Тауып бер жұмбағымды бәрін ойлап,
Шешенсің сен бір жүйрік, ақылың зерек.

Қыздың шешуі:

Ай мен Күн тынбай жүрген аспандағы,
Ажалдан құтылмасың қашсаң-дағы.
Ізіне жаратылыс тамаша қыл,
Сол күннің үш жүз алпыс кірер орны.
Жұмыртқа жиырма төрт сағаттарын,
Күн мен түн көрсетеді қанаттарын.
Аспаннан алты арыстан ақырғаны,
Қар жауып, қарлы боран қыс болғаны.
Гүлденсе миуаланып алты терек,
Аспанда торғай шырлап жаз болғаны,
Аспанның жеті қараңғы сарайлары,
Ішінде сансыз жанар жұлдыздары.
Мәнісі осы сөздің болмас па осы,
Таптым ба, жұмбағыңды төрем кәні!

Жұмбақта қиыннан қиыстыру арқылы өмір-тіршіліктің түрлі құбылыстарын тілге тиек етеді. Бұл жерде салыстыру, шендестіру, ирония сарказм әдістері де жоқ емес. Мұның барлығы да өте деректі нәрселер. Осы сияқты адаммен қатысты ғалам бейнесін, оның тылсым құпияларын сөз еткенде, оған қатысты құбылыстарын түгел санамалап, жеке-жеке мәнін түсіндіруді талап ету – жұмбақ жанрының негізгі шарттарының бірі болып табылады..

М. Әуезов сондай-ақ, көптеген халықтардың жұмбақтарының үндесіп жататынына көңіл аударады. «Көп елдің жұмбақтарында ұқсас келетін түрі де бар. Ол бұрынғы өткен шақтағы шаруашылық, қоғамдық құрылыстары ұқсас болғандықтан. Сонымен қатар, бүгінгі жаңа жұмбақтардың ішіндегі теңеу, салыстырулардың ұқсас келіп отыратыны тағы бар. Мысалы, жаңа жұмбақтарда трактор мен паровозды өгізге, тұлпарға теңестіру, аэропланды құс деп сипаттау халықтар тіршілігіндегі шаруашылық іргенің бір негізге құрылғандығынан» - деп, оның себебін дұрыс айқындап береді [27,7-б].

Әлкей Марғұлан қазақ жұмбақтарының зерттелу тарихына шолу жасап, тақырыптық ауқымы, образдық жүйесі жөнінде баяндайды, өз тоқтамдарын бұрын жарияланған жұмбақтармен бірге, өзі ел аузынан естіген фактілерді келтіру арқылы тиянақтап отырады.

Ә.Марғұлан: «жұмбақ айтушы көбінесе өзінің істейтін кәсібіне қарай үйлестіріп, не көрсе, не істесе соны жұмбақ ететін болған, мәселен, егінші егін туралы айтса, бақташы мал туралы, пішенші шөп шабатын еңбек құралын

жұмбаққа қосады, аңшы жыртқыш аң туралы айтса, мерген атқыштығын айтады» - деп бағамдайды [28,12-б].

Әубәкір Диваев жинаған қазақ халқының көл-көсір фольклорлық дүниесінің арасында жұмбақтар бір шоғыр. Бұл жұмбақтардың көпшілігін ол 1880-1890 жылдары Шымкент уезі Ноғайқара болысының тұрғыны Еркінбек Ақынбековтің айтуымен хатқа түсірген [29,7-б].

Қазақ жұмбақтары 1934 жылы баспаға әзірленіп, оған белгілі қаламгер Зейін Шашкин алғысөзін жазып қол қойған. Бірақ «халық жауы» ретінде ұсталып кеткендіктен, жұмбақ мәтіндерін көпшілікке жеткізу мақсатында, саналы түрде С.Аманжоловқа құрастырушылық міндеті табысталған.

Сөйтіп, 1940 жылы белгілі ғалым-тілші Сәрсен Аманжоловтың құрастыруымен қазақ жұмбақтары ұлы жазушы М.Әуезовтың алғысөзімен кітап болып басылып шықты. Бұл кітапқа 818 жұмбақ топтастырылып, олар мазмұнына сәйкес жиырма тақырыпқа жіктелген, нөмірленген. Кейіннен, 1959 жылы ғалым Т.Жанұзақовтың көмегімен қайта толықтырылып, екінші рет басылып шығарылады. Бұл кітаптағы жұмбақ саны - 929. Кітапта халқымыздың бұрыннан келе жатқан дәстүрлі мұраларымен бірге, жаңа өмірді сипаттайтын, ғылым мен техниканы бейнелейтін алуан тақырыптағы жұмбақтар қамтылған.. тақырыптық топтарға жіктелген, олардың жанрлық ерекшеліктеріне мән берілген [30, 244-б].

Кейіннен, араға жарты ғасыр уақыт салып, С.Аманжоловтың баласы-Алтай Аманжоловтың көмегімен 1993 жылы осы кітапты қайта басып шығарса, 2005 жылы үшінші рет «Қазақ жұмбақтары» деген атпен, М.Әуезовтің алғысөзімен қайта ұсынылады. Онда ғалым ағамыз былай дейді: «Қай кезде алсақ та, жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде, халық арасында бағалы болған. «Жұмбақ азайған шығар, жаңадан жасалмайтын шығар» деген ойларымыз теріс боп шықты. Халық арасында әлі де тыңнан туып, молайып, дамып келеді. Жұмбақты сөз байлығының кілті, ақындықтың ұрығы-дәні тәрізді тану – ғылымдық міндет» [26,3-б].

М.Әуезов жалпы жұмбақ жанрының өскелең үрпқымыздың жақсы жетілуіне тигізер игі ықпалының зор екендігіне тоқталып, былай дейді: «Біздің уақытымызда жұмбақ өз бағасын жойған жоқ. Жұмбақты мектеп балалары тілге ұста болу мақсатымен оқиды, жаттайды. Жастар ойын-сауық кештерінде әлі де ермек етеді. Ата-ананың жас балаға беретін тәрбиесінде де, баланың ойын тапқырлыққа баулу үшін де жұмбақтың көп пайдасы бар» [26, 10-б].

Қазақ халқының жұмбақтары туралы айтқанда, ғалымдар Машрап Әбжанов пен Жаңыл Адамбаеваның зерттеулерін ерекше айтып өтуге болады.

М.Әбжанов «Қазақ халқының жұмбақтары» (А.1966) атты кітабында жұмбақтардың тарихи даму жолдары және олардың ауыз әдебиетіндегі басқа жанр түрлерімен арақатынасы, сабақтастығы мәселелері, олардың тақырыбы, мазмұны тұрасында көптеген ой-пікірлерін тұжырымдауға тырысады. [31,3-б]. Ғалым жұмбақтарды құрылысына, айтылу, жасалу жолдарына қарай мынадай топтарға бөліп қарастырады:

- 1.Қара сөзбен айтылатын жұмбақтар
- 2.Жұмбақ ертегілер

- 3.Өлеңмен айтылатын жұмбақ-ертегілер
- 5.Жұмбақпен айтылатын шешендік сөздер
- 6.Диалогқа құрылған сұрау, жауап түріндегі жұмбақтар
- 7.Есеп жұмбақтар

Ғалым Ж.Адамбаеваның «Қазақ жұмбақтарының әдеби-стистикалық және тілдік ерекшеліктері» атты еңбегінде осынау жанрдың тілі мен құрылысы, олардың морфологиялық, синтаксистік, лексикалық ерекшеліктерін нысанаға айналдырумен шектеліп қалмай, оның шығу тегі, жұмбақтарда кездесетін поэтикалық-бейнелеу құралдары, олардың мазмұны мен тақырыбы жөнінде едәуір сөз қозғап, ғылыми тұжырым жасайды [32,16-б].

Академик Зәки Ахметов қазақ өлеңі туралы көлемді еңбегінде қазақ жұмбақтарына да тоқтала кетіп, олардың ырғақтық құрылымы, ұйқастық жүйесі жөнінде тұжырымдар жасаған. Ол: «Халық мақалдары, жұмбақтар, афоризмдер – ырғақты сөйлеудің тамаша үлгісі, олар көлемі жағынан кішкене болуына қарамастан, көбіне нағыз өлең санатына жатады. Егер аса көлемді поэтикалық туындылар (өлең мен поэмалар) қатаң ырғақтық құрылымды иеленіп, аяқталған формасы болса, біз мақал, жұмбақтар мен афоризмдерден сан алуан әрі қарапайым, әрі ырғақтық, түрі жағынан еркін өлең үлгілерін табамыз» - деген мәнді пікір айтқан [33,210-б].

Ғалым Нұржамал Оңғарбаева «Қазақ жұмбақтарының тілі» (А.,1997) атты еңбегінде қазақ жұмбақтарына арнайы тоқталады. Оларды тілдік тұрғыдан жан-жақты талдап-таратуға барынша тырысады. Ол зерттей келе, жұмбақ жанрының төрт негізден төрт негізден:

- жұмбақ объектісі;
- жұмбақ баламасы;
- жұмбақ текісі;
- жұмбақ мотиві;

тұратындығына нақты талдаулар жасап, түйінді пікір айта білген [34,2-б].

Соңғы жылдары шыққан еңбек ғалым Шамшадин Керімнің «Қазақ жұмбағы» атты монографиялық еңбегінде автор қазақ жұмбақтарын жеке жанр ретінде арнайы зерттеп, оның халық өмірінде алатын орнын, өзіндік сипат-ерекшелігін, даму эволюциясы мен тарихын әдеби тұрғыда терең талдап көрсетеді [35,156-б].

2002 жылы көп томдық «Бабалар сөзі» сериясымен шыққан басылымның алғашқы томында Ш.Керімнің құрастыруымен есеп, тұспал, логикалық ыңғайдағы түрлі жұмбақтар жарияланды. [36, 8-б].

Қазақ жұмбақтарының дамуы мен зерттелуіне, оның ғылыми басылымының жетілуіне көп мән беріп, жалпы жұмбақ атаулының өрістеуіне ерекше асаулысып келе жатқан ғалымдарымыздың бірі Ш.Керім былай дейді:

«Жұмбақтардың ғылыми басылымын даярлау – кенжелеп келе жатқан істердің бірі. Осы уақытқа дейін жарыққа шыққан мәтін топтамалары академиялық талаптардың үдесінен шықпайды. Жұмбақты бірнеше рет жүйелеген, ғылыми түсініктерімен қоса жұртшылыққа ұсынған орыстарды былай қойғанда, түркі тілдес халықтар легінде түрік, татар, башқұрт, қырғыз, алтай, саха жұмбақтары біршама биік деңгейде даярланып, оқырманына жол тартты. Жұмбақ тәрізді

қысқа жанрлардың ғылыми басылымдарын даярлаудың өзіндік қиындықтары да жоқ емес. Ол ең алдымен, әрбір жұмбақтың нөмірленуі және оның бұрын-соңды қай жерде жарияланғаны, қайдан алынғаны көрсетілуі, сонымен қатар, беймәлім сөз атауларға түсінік берілуі. Әсіресе, түрік жұмбақтарының екі том болып, ғылыми жоғары сапада даярланғанын бөліп айтар едік. Бұл кітапта (Turk bilmegeleeri, 1-2 tom Ankara.1993) жұмбақтардың әртүрлі нұсқалары кеңінен беріліп, жазылып алынған жердің географиялық картасы қоса тіркелген» [37,30-31].

Қазақ фольклорын зерттеуші Ш.Әлібеков жұмбақтың адам бойындағы әсемдік сезімін ұштайтынына тоқтала келіп, былай дейді: «Жұмбақтарды оқып отырғанда халық тұрмысы, эстетикасы, өмір тынысы көзге елестейді. Жұмбақтар кішкене құбылыстарды суреттегенімен, өмірдің үлкен патқалаңдарын, қоғам бейнесін, адам тұрмысын көрсете біледі.

Заман көрінісін, мәдениетін танумен бірге, әсемдік жайлы ойлары мен көзқарасын білдіреді. Жұмбақтар адам бақытын, өмір көркін, сәнді тұрмысты, астарлы, ойлы, нақышты сөзбен суреттеп, көпшілікті желпіндіріп отырады» - деп, жұмбақ жанрының басқа жанр түрлерінде кездесе бермейтін, аз сөзге көп мағына сыйғыза алатын ерекше қасиеттерін өз пікір, тұжырымы арқылы ортаға салады [38, 18-б].

Жұмбақ жасырылған заттың барлық қасиетін айтып жатпай, бір ғана қырынан елес беруі мүмкін. Жасырылған заттың өзіне тән сипат белгісін, түсін, дыбыс-үнін, не басқадай ерекшелігін жеткізуде орны ерекше.

Ақын Ә.Табылдиевтің «Жеті жүз жұмбақ» кітабында 59 қазақ ақындарының қаламынан туындаған 580 жұмбақ келтірілген [39,52-б].

Өлең түріндегі жай жұмбақтар - жұмбақ қазынасынан мол орын алады, әрі қолданыс шеңбері кең болып келеді. Жұмбақтар көшпелі тарихты, жағдаяттарды суреттеуді мақсат етпейді, оқиғаларды баяндамайды. Тек адам айналасындағы зат пен құбылысты тілге тиек етеді, олардан образдарға нақыш боларлықтай өрнек табады. Жұмбақтардың қоршаған орта құбылыстарының бөліктеріне назар аударатынын байқаймыз. Жұмбақ тарихына тән ерекшеліктер қатарына, ең алдымен, олардың жанр түрінде іштей жіктелуін, өмір-тіршілігіміздің сан-саласын қамтитын көп тақырыптылығын жатқызуға болады. Қара сөз түріндегі жұмбақтардың шығу тарихы, қалыптасу процесі туралы М.Әбжанов былай деген: «Жұмбақтардың алғашқы шығу тарихына зер салсақ, мақал-мәтелдердің шығу тарихы сияқты, бұл да бірте-бірте қалыптасып, бірте-бірте өзгерістерге еніп отырған. Халықтың басынан кешірген қилы-қилы құбылыстардың мәнін таңқаларлық дәлдікпен айтып беріп отырған. сол құбылыстардың мазмұны өз бойында сақталған» [31, 12-б].

Ақын М.Әлімбаев пен сыншы-ғалым Қ.Ергөбековтің «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген (1987ж.) «Жүйрік ойдың жүлдесі» атты мақаласында қазіргі жұмбақ пен бұрынғы фольклорлық дәстүрдің сабақтастығынан ой өрбітеді. Авторлар әуелі жұмбақтардың ерекшелігіне, зерттелу тарихына, туысқан халықтар мұраларымен үндес жақтарына, «Кодекс куманикустегі» үлгілеріне тоқтала келіп: «Орыс жұмбақтарының өлеңдік құрылысы соңғы жылдары арнайы зерттеу нысанына айналып отырғандығын, жұмбақтың

поэтикалық заңдылығына көп уақыт зер салынбағанын, оның себебі, мақал, мәтел, жұмбақты поэзия деп танымаудан. Ауыз әдебиетінің шағын жанрлары – мақал-мәтел де, жұмбақтардың өлең екендігі туралы айтады [40,4-6].

Жұмбақтардың этнос өміріндегі орны мен олардың ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесін этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу барысында, кейбір деректерді терең ашып қарастыру үшін ғалымдар еңбектеріне сүйенудің маңызы зор.

Қазақ тілінің байлығы - сөздік қорымыздың ішіндегі жұмбақ жанрын жан-жақты қарастырып, оның өзіндік қызметін, этноспен біте қайнасқан тыныс-тіршілігін, ғалымдардың, соның ішінде әсіресе, академик Ә.Т.Қайдар зерттеуіне сүйене отырып, «Адам», «Қоғам», «Табиғат» үштігі негізінде қарастыру көзделді.

1.3 Жұмбақтар - ата-бабамыздан қалған байырғы мұра

Ата-бабамыз жұмбаққа ерекше мән берген. Ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткен аңыздарда айтулы билер, атақты хандар өздеріне мұрагер таңдауда небір құрылысы күрделі, мән-мағынасы терең, жұмыр да, ұтымды жұмбақтарды ортаға салып, соны әрі тез, әрі тұтас шеше білуіне қарай таңдалған. Жастайымыздан естіп өскен аңыздар мен әңгімелерде, хисса-дастандарда, ертегілерде әдемі, сұлу ханшалардың «Жұмбағымды шешкен жігітке ғана тұрмысқа шығамын» деуі – ата-бабамыздың жұмбақ жанрына баса мән беріп, соның негізінде ұрпағының ақылды да, дана болып жетілуіне, сөз қадірін түсініп, ұтқыр ойлай білуге бағыттағанын аңғару қиын емес. Арғы-бергі ақындар айтыстарында өзге әр алуан тақырыптарда ұзақ тартысып, бірін-бірі жеңе алмай, тең түсіп тірескенде осы жұмбақ айтысқа жүгіну арқылы ең білімді, алымды, шалымды, қағылезі тез жеңіске жеткен.

Осыған сәйкес, ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Жұмбақ сөз образының кілті, ақындықтың ұрық-дәні» деп өз ойын тұжырымдаған. Ақын Мұзаффар Әлімбаев болса: «Шын балалар ақыны шынайы жұмбақ шығара алғанда ғана шеберліктің шырқау шыңына қадам басады» - деп өз ойын қорытады [41,3-6]. Осының бәрі жұмбақтың мән-маңызының аса салмақты екендігінің дәлелі.

Халықтың дүниені танып білуі, өзі өмір сүріп отырған ақиқат дүниеге деген көзқарасы күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі, шаруашылығы мен кәсіби қызметіндегі тәжірибеге негізделген. Қандай да болсын белгілі бір зат пен құбылысты тану, оның сыртқы бейнесі мен адамға тигізетін пайда-зиянын ажырата білу, оның түрлі әсерін бақылап, түйсіну, күнделікті тәжірибеде қолданудың нәтижесінде жүзеге асады. Тілдің лексика-семантикалық қорын дамытудың, байытудың көздері, жолдары өте көп.

Қазақ этнолингвистикасындағы «негізгі және туынды мағыналық бірліктер» деп аталатын бұл екі топты сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да байытып, оны этнос туралы небір құнды дерек- мағлұматтармен толықтырып, мазмұн, тақырып ауқымын кеңейтіп, мән- мағынасын ашып, тереңдете түсетін тілдің басқа да көздері қарастырылуда..

Академик Ә.Т.Қайдардың зерттеуі негізінде, бұлар қазақ тіл білімінде - этнолингвистикалық арналар деп аталады. Олар сан алуан бұлақтардан бастау алып, «Тіл әлеміне» келіп, құйылып жатқан алты арнадан тұрады.

Олар мыналар: 1) Баламалар 2) Тұрақты теңеулер 3) Фразеологизмдер 4) Мақал- мәтелдер 5) Жұмбақтар 6) Ауыз әдебиеті үлгілері. Осы «Тіл әлеміне» құйылып жатқан арналардың бел ортасында-жұмбақтар тұрғанын, олардың бай тілімізді дамытудағы әсерін, этнос тілінің үшкірлігін, ойының ұшқырлығын жеткізудегі әрбір ерекшелігін түсіну – ұлт өкілінің негізгі міндеттерінің бірі. Жұмбақ жанры - қоғам мүшелерінің дүниетанымдық, тапқырлық, өжеттік, тез шешім қабылдай білушілік сияқты ізгі қасиеттерін дамытуға, соған баулуға бағышталады.

Көркемсөз арсеналындағы сирек кездесетін элементтерді сан құбылтып пайдалануда, адамды машықтандыруда ерекше көзге түсетін жанр болып табылады. Жұмбақ табиғаты жұртқа мәлім. Ол - жастардың ой-өрісін кеңейтіп, астарлы сөздің сырын түсінуге, тапқырлыққа баулитын, тұспалдап, жұмбақтап бейнелеп, бір затты екінші бір затқа балап айту арқылы ой потенциалын кеңейте түсетін танымдық мәні зор құбылыс.

Бұл жағынан жұмбақтар эвфемизмдер мен перифраздарға өте ұқсас. Мәселен:

Мылтықты - белі бүкір, алысқа түкір деп түсіндірсе,

Құлышты - бір итім бар үрмейтін, өзімнен басқаны үйге кіргізбейтін,

Түтінді - ұзыннан ұзақ, көкке тұзақ; **Диірменді** - қараңғы үйде қабан күркірейді - деп түсіндіру жұмбақ мақсатының бір жағы болса, оның екінші жағы - оларды дұрыс байыптап, түсіне білу.

Жұмбақталған объектіге (яғни сөзге, ұғымға) сәйкес сайланған баламаның мотивін тек ұлттық менталитет, этностық таным негізінде ғана айқындап түсіндіруге болады. Жұмбақты этнолингвистикалық арнада тоғысатын бұлақтардың бірі деп қарауымыздың басты себебі, міне, осыдан болмақ.

Мәселен, «Айдалада қу қазық, мергеншіге жол азық» деген жұмбақтың шешімі «қоян» екенін тек қазақы түсінік негізінде ғана табуға болады.

Сақыр-сақыр сақасы,

Ішіндегі бақасы.

Екі торсық асығы,

Діңкілдейді қасығы **(бесік, бала, екі емшек, түбек)**

Осы жұмбақты этнолингвистикалық тұрғыдан талдап-таратып көретін болсақ, біздің ұлттық менталитетімізге ғана жарасатын бесікті, оның айналасындағы қажеттіліктерімен былай деп көрсетуге әбден болады:

«**Сақыр-сақыр сақасына**» – баланың дене бітімінің түп-түзу болып, өсіп-жетілуіне игі ықпалын тигізетін, ұйқтату үшін сарт-сұрт тербетілетін бесік;

«**Ішіндегі «бақасы**» - алладан аманат болып келген, бесіктегі бала;

«**асық салған екі торсығы**» - уақтылы қымыз беретін ананың төсі;

«**діңкілдеген қасығы**» - тазалықтың рөлін атқаратын бесіктің түбегі;

Қазақ тілінде жұмбақтың түрі сан жағынан да, көлемі жағынан да өте көп. Тағы да осы сияқты, адамның басына, өскен шашына, мұрны мен танауына, одан жоғары қасына, жалпы адам фомасына қатысты жұмбақты талдап көрейік:

Қалың қамыс, қалың қамыс,

Ортасында қия қамыс.
Пысылдауық, пысылдауық,
Астында оның – сақылдауық

Шешуі: 1) Адамның шашы; 2) қасы; 3) мұрын-танауы; 4) тісі;
Осындағы екі рет қайталанып тұрған «пысылдауық» сөзі - мұрын мен танаудың дем алғанда, ылғи пысылдап тұратын қос тесігінің бейнелі баламасы, «сақылдауық» - ауыздағы тістердің ас шайнағанда бір-біріне соқтығысып, «сақ-сақ» етіп дауыс шығаратын әдетіне байланысты тістің баламасы, Сонда жұмбақталып тұрған «қалың қамыс» - адамның шашы; «қия қамыс» - адамның қияқтай боп, қиылып тұрған қасы.

Бұлардың шешімін табу – адамның танымдық қабілетіне, зеректігіне, тапқырлығына байланысты болып табылатындығы белгілі. Міне, ата-бабамыздың жұмбақтаудағы осы сияқты ойының тереңдігі мен шеберлігіне, тез шешім қабылдай білетін әрекетіне ештеңе жетпеген. Бұндай астарлы ой, көркемдік теңеулер тек біздің халқымызға ғана тән қасиет болған деуге болады.

Жастар арасында, жиын-тойларда, сән-салтанаттарда ойын жұмбақтап айту, тұспалдап жеткізу арқылы ішкі сезімдерін білдірген, әртүрлі ойындар нәтижесінде, әзілмен, жұмбақтап айту арқылы өткір шындық ашылып, бір-біріне ешбір өкпе-ренішсіз, жақсы көңіл-күймен үйлеріне тарқасып отырған.

Мұндай жағдайда сол кезеңдегі жастардың сөз саптаудағы шешендігі мен ой ұшқырлығын айқын көріп, бағамдауға болатыны белгілі.

Ата-аналарымыздың бір-бірімен «Қыз бен жігіт айтысында» қағысуы, тапқырлығын байқау мақсатында жұмбақтап айтуы, ақылдылығына көз жеткізу үшін шешендікпен шиырлай сұрақ қоюы - сөз қадіріне мән бергендік, сөз иесінің ақыл-парасатына көңілі толғандықтың белгісі еді.

Соған байланысты ел ішінде мынадай да әңгімелер көп кездеседі:

«Бір бойжеткен иінағашпен құдықтан су алуға келеді. Иінағашы мен шелегін жерге қойып, қауғамен су тартуға кіріседі. Осы кезде көрші ауылдан қыз көруге келе жатқан екі жігіт бойжеткенді көріп, осылай қарай бұрылады

Еңкейіп, қауға тартып жатқан қыз көйлегінің қолтық тұсының аздап сөгіліп кеткенін байқаған қу тілді жігіттер әдейі:

- Қарындас, ақ шапты тана көрдіңіз бе? – дейді.

Басын көтеріп, суын шелекке құйып алған қыз еш саспастан:

-Иә, көрдім. Осы жаңа ғана мына жолмен оңға қарай кетіп бара жатқан, артынан екі өгізше еріп бара жатқан, - депті.

Қызды ұялтамыз, сөзден ұтамыз деген екі жігіт, ұтылғандарын сезініп, ұялғандарынан алды-артына қарамай, келген іздерімен кері қайтқан екен».

Жоғарыдағы жұмбақ-әңгімеден қыздың зеректігі, тез шешім қабылдай білетіндігі, жігіттердің де одан кем түспейтін қырағылығы, сөйлеу тілдеріндегі уытты әзіл, теңеулердің («ақ шапты тана»-сиыр емес, «екі өгізше»-өгіз емес) жас ерекшеліктеріне сай орынды қолданылып тұрғанын байқауға болады.

Бұдан шығатын қорытынды, ата-бабамыздың заманындағы жастардың ойларын жұмбақтап, тұспалдап, қиыннан қиыстырып жеткізуге шебер болғанын, сөз

қадірін өз қадірім деп түсінетінін, бір ауыз сөзге мән беретіндігін, ұтымды уәзге тоқтай білетіндігін аңғаруға болады. Тағы бір жұмбақ:

«Қызды ауылды торуылдап, өзіне лайық ақылды қыз іздеп жүрген бір жігіт қас қарая, ауылдың шетіндегі бір қазақы үйге кіріп келеді. Үй-іші кешкі тамақтарын ішіп отыр екен. Жігіт:

-Ассалаумағалейкүм,- деп амандасып, төрге озады. Кештетіп, өзін еркін сезініп, ерігіп жүрген жігітке үй иесінің бойжеткен қызы жақтырмағанын сездірмей, тостаққа өздері ішіп отырған көжеден құйып береді. Ыңғайсызданғанын сездірмеуге тырысып отырған жігіт, алдына қойылған ыстық көжеден бірден ұрттап жібереді. Ыстықтығынан аузы күйіп қалған жігіт сасқанынан үйдің төбесіне қарап: - Мынау қай жердің ағашы? – деген екен, қоржын тамның төбесіне салынған белдеу-белдеу ағаштарға қарап. Бұны байқаған ақылды қыз: - Саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің сазасы, - деген екен. Ақылды қыздың ұтымды жауабынан ұтылған жігіт, үйден шығып, алды-артына қарамай кеткен екен». Ел ішінде мұндай жұмбақтар, тапқырлық сөздер, өткір сұрақтар мен ұтымды жауаптар көп болған. Оның бәрі де ата-бабамыздың заманындағы шешендіктің, тез шешім қабылдай білушіліктің, ұтқыр да, ұшқыр ойлай білушіліктің көріністері болып табылатыны белгілі.

Біздің заманымызда осы жағы осалдау тартып, жастарымыз көп нәрсені жеңіл ойлайтын, аса үлкен маңызды мәселелерге мән бермейтін, атадан қалған асыл сөздерімізді ұмыта салатын деңгейге жету қаупі туындап тұрған шақта, нақыл сөз, мақал-мәтел, жұмбақтар сияқты ауыз әдебиетінің алтын қазыналарына жеке-жеке үңіліп, «індете» зерттеу – басты парыздарымыздың бірі болып табылатындығына баса мән беруіміз қажет.

2 ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

2.1 Жұмбақ жанрының «Адаммен», «Қоғаммен», «Табиғатпен» байланыстылығы

Әрбір халықтың болмысы мен дүниетанымы, этникалық өмірі мен рухани мәдениеті қай кезде де этноспен байланысты болады. Халықтың барлық тыныс-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Бұл – тіл атаулының бәріне тең объективті заңдылық, ортақ қасиет. Тіл мен этнос тұтастықта өмір сүреді. Сондықтан да тіл феноменін тіл әлемі деп түсінуге болады. Жұмбақтауда танылған заттар мен құбылыстар айрықша қасиеттеріне, өзіндік ерекшелігі мен пішініне, адам санасында қалдырған әсеріне қарай белгілі бір атауға ие болады. Бұрынғы тұрмыстағы адам ақыл-ойы мен еңбегінің арқасында жасалған сан алуан заттар, бұйымдар, құбылыстар халқымыздың этнографиялық мұрасы болып табылады. Олай болса этнографизмдер дегеніміз – этнографиялық заттар мен құбылыстардың атауы. Жұмбақтарды жинақтап толықтыруда, ұлттық сөздік қорымызды, байырғы төл сөздерімізді жаңғыртуда тіл біліміндегі осы саланың маңызы зор екендігі айқындала түспек.

Зерттеушілердің көпшілігі этнолингвистика мен этнографияны «мақсат – мүддесі ортақ, бағыт бағдары бір, бір таяқтың екі ұшындай егіз ғылым» деп қарастырады. Бұл пікірді академик Ә.Т.Қайдар да қолдайды.

Этнографизмдер дегеніміз – этнографиялық заттар мен құбылыстар атауы десек, өткен тұрмысымызда болған, кейбіреуі әлі де қолданыстан түспеген тұрмыстық бұйымдардың, белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішкер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік ұстанымдарға байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік, өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері.

Оларды топ-топқа бөліп, былайша саралап көрсетуге болады:

1. Шаруашылық, тұрмыстық әдет-ғұрыпқа байланысты этнографизмдер: асар, жер ошақ қазу, саба пісу, соғым басы, бақылдасу, анда болу, қол үздік, ерулік, тоқым қағар, беташар, жар-жар, сыңсу, жоқтау, аманат, бата беру, нияз және т.б.

2. Той томалаққа қатысты этнографизмдер: құрсақ той, жарыс қазан, қалжа, шілдехана, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу, шаш алу, ашамайға мінгізу, қозы аласы, қой жасы, үйлену, есік көрсету, бастаңғы, сорпа т.б.

3. Діни сенімнен туындаған этнографизмдер: тасаттық беру, құрбандық шалу, нәзір, ораза ұстау, ораза айт, құрбан айт, өлікті жерлеу, ас беру, шүлен тарту.

4. Ырым-нанымға, халықтық салт-дәстүрге байланысты этнографизмдер: жерік болу, ант ішісу, дәметіп ауру, ақсарбас, жан ашу, құйрық-бауыр жесу, кәделі ас, қазан көтеру.

5. Қонақжайлылыққа байланысты қолданылатын этнографизмдер: түстік, қонақасы, арнайы қонақасы, бас табақ, сый табақ, қонақтың атын байлау, бас қою, жілік ұстату т.б.

Тіл білімінде тұрмыстық лексика ұғымы бар. Осы ұғым төңірегінде көптеген терминдермен (этномәдени, этнографиялық, кәсіби, тұрмыстық, т.б.) танысамыз. Күнделікті өмірімізде жиі кездесетін тұрмыстық лексика жайлы құнды деректерді ғалым Ж.Манкееваның еңбектерінен кездестіруге болады. Ғалым тұрмыстық лексикаға былайша баға береді: «Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені - ұлттық-материалдық мәдениеттің реликті, әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі, бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қана қызмет атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетпен қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің негізін, деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын-үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани байлығының да көрсеткіші» Ғалым тұрмыстық лексика туралы түсінікті, ұлттық лексика түсінігімен тығыз бірлікте, тарихи шығармалар мен құнды деректерден - мақал-мәтел, жұмбақ сияқты ауыз әдебиеті үлгілерінен іздеуді, оны негіздеуді айтады. Сонымен қатар, халқымыз ұрпақ тәрбиесіне қатты мән бергендіктен, жас ұрпақ сөз қадірін түсінумен қатар, ұлттық дәстүр-ғұрпымызды айғақтайтын жоғарыдағы тұрмыстық зат атауларын да ұмытпауын қадағалап, арнайы өлеңдер шығарып отырған. Мәселен:

Шаңырақ, күлдіреуіш, кереге, уық,
Тұрады ши, туырлық оған жуық.
Маңдайша, табалдырық, есік ағаш,
Таяныш өлең қылдым бәрін қуып.
Текемет пен жүк аяқ, тең мен кілем,
Ішінде не бар, не жоқ, қайдан білем?
Төрінде төрт абдыра жиюлы тұр,
Қаптары кестеленген өңшең берен.
Асадал, астау, шелек, шошай бақан,
Тақия, бөрік пенен бешпет, шапан.
Мал-мүлік, ойын-күлкі, киген киім,
Болмайды өлгеннен соң биттей опаң.
Тегеріш, үзік пенен тұлып, торсық,

Ат көрпе, айыл, пыстан, жырым шеттік,
Осымен үй сайманын тамам еттік. (Көдек Байшығанов).

Ақын Көдек Байшығанұлының бұл өлең жолдарындағы **шаңырақ, күлдіреуіш, кереге, уық, ши, туырлық, маңдайша, табалдырық, есік, текемет, жүк аяқ, тең, кілем, төрт абдыра, кестеленген берен қаптар, асадал, астау, шелек, шошай бақан, тақия, бөрік, бешпет, шапан, тегеріш, үзік, тұлып, торсық, ат көрпе, айыл, пыстан, шеттік** сияқты халқымыздың өзіне ғана түсінікті

отыздан астам этнографизмдердің абстракцияланып тұрғанын көруге болады. Осы бір ғана өлеңде келтірілген отыздан астам этнографизмдердің бәріне дерлік, тіпті әрқайсысына жеке-жеке жұмбақ арналған десек қателеспейміз.

Тілдік элементтердің жұмбақ-өлең контексінде әрбір бұйымның заттық атауын көрсетудің нақты бір формасына айналуы аңғарылады. Бүкіл өлеңнің мәні, бірақ форманың - этнографизмдердің шеңберіне сыйып тұр. Өлеңде берілген заттық-мәдени атаулар әр шумақ жолдарынан циклды айналыспен мағынасы қаныға, лексикалық-стильдік мәні ашыла түседі. Ақын өлеңінде кездескен әрбір этнографизмге берілген жұмбақтарды олардың шешуі арқылы анықтап, оларды әрі қарай да келтіре, соза беруге болатындығы аңғарылды. Осы этнографизмдердің әрқайсысы жеке-жеке қазақ жұмбақтарында кездесіп отырады. Оларға этнолингвистикалық тұрғыдан талдау жасалса, бүгінгі ұрпақтың ұмытуға шақ қалған, сонау ата-бабамыздан келе жатқан, мұраға қалған қазынамыз - сөз байлығының үлкен сандығы ашыла түсер еді.

Көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен байланысты, киіз үйдің шаңырағы - оның символы іспеттес. Бұл жөнінде ғалым Г.Сағидолдақызы өз зерттеуінде былай дейді: «Қайыңнан жасалып, ошақтағы оттың түтініне ыстала-ыстала қара түске енген, сан жылдар атадан балаға мирастыққа қалдырылып отыратын «шаңырақтың» қазақ халқының танымындағы символдық маңызы ерекше. Қазақ ұғымындағы **шаңырақ** - ұрпақ жалғастығының, қандастар арасындағы береке-бірліктің, ата мен бала арасындағы жауапкершіліктің, сыйластықтың символы. Ал шаңырақтың зат ретіндегі негізгі қызметі - күн сәулесінің үйге төгілуін қамтамасыз ету, үй ішін күндізгі тіршіліктің шуағына бөлеу. **Шаңырақ** – «үйдің сүйегі» деп аталатын (шаңырақ, уық, кереге, есік) киіз үйдің ағаштан жасалатын бөліктерінің бір элементі. Шаңырақтың шеңберіне доғаша иілдіріп әкеліп қосылған күлдіреуіш – «Ғарыш пен адам бірлігін бейнелейтін «шеңбердегі айқасқан түзулер». Шаңырақ және оның көздеріне қаламдала енген уықтар – жер жаһанды жарықтандырып тұрған күннен тараған сәулелер». Үш-үштен айқастырылып қосылған жеті түзу сызықтың бір шеңбер бойына тоғыстырылуы – жеті атаның бір шаңырақ астынан өрбіп, өнген ұрпағының бірлігін, яғни бір рулы елдің тектік бекемдігін көрсетеді» [42,210-211].

Шаңырақтың заттық және символдық маңыздылығы - қазақ тілінде «қара шаңырақ», «шаңырақ көтеру», «шаңырағына ат (қобыз) ойнату», «шаңырағы шайқалу», «шаңырағы ортасына түсу» сияқты фразеологизмдердің жасалуына арқау болғандығы сөзсіз» [42, 98-б].

Киіз үйге байланысты қолданылатын бірсыпыра жұмбақтардың да олардың атқаратын қызметіне байланысты қалыптасқандығы төмендегі берілген жұмбақтағы этномәдени деректерден байқалады.

Қазша қанатын жаяды,

Үйрекше мойынын созады.

Күсша қонады.

(Киіз үй)

Бір нәрсе өзі білік, іші қуыс,

Ол заттың сүйегі көп айқыш-ұйқыш.

Көзі бар- жарқыраған төбесінде,

Жайса үлкен, жиналғанда бір-ақ уыс. **(Киіз үй)**

Қазақ жұмбақтарында бір ғана киіз үй мен оның құрал саймандарына қатысты жүзден астам жұмбақ түрлері кездеседі екен. Бұл дегеніміз – көшпелі халқымыздың дүниетанымындағы тіршілік құралы, көшу жағдайына лайықталған киіз үйдің маңызы, философиялық мәні тереңде жатқандығын аңғартады. Осыған байланысты ғалымдардың көптеген зерттеулері де жоқ емес. Н.Шаханова былай дейді: «Киіз үй-ғаламның кішірейтілген микромоделі, киіз үйдің ішкі кеңістігін бөліктерге бөліп (ошақ, төр, босаға), олармен байланысты ырым-тыйымдар мен жөн-жосындарды аталық-аналық жұп символдар тұрғысынан қарастыру сияқты, көшпелілер микроәлемінің нақты бір қырын сөз ететін этнографиялық-семантикалық талдаулар да кездеседі» [43, 19-47].

Тұрады жетпіс кемпір үйді басып,

Баласын арқасына арқаласып.

Рахмет ол баласының атасына,

Баласын бағып отыр қолмен басып. **(Киіз үй)**

Бұрынғы ата-бабаларымыз мал ыңғайына қарай, жеті жүз шақырымдай ауқымда, көктеуден жайлауға, жайлаудан күзеуге, күзеуден қыстауға, қыстаудан қайыра көктеуге «дөңгелене» көшіп, қонған «киіз туырлықтар» үшін жер-жаһан жұп-жұмыр, ұлы даланың көкжиегімен көмкеріліп, «қазанша төңкерілген» аспан дөңгелек, сондықтан да киіз үй де дөңгелек тұрпатты.

«Киіз үй – көшпелілердің өмір сүрген ортасының географиялық жағдайына сай жабдықталған, көші - қонға ыңғайлы баспанасы ғана емес, ол – ғарыш пен ғаламдық бірліктердің, яғни көшпелінің иемденген кеңістігінің, сондай –ақ ғаламдағы қарама-қарсылықтардың символы» [44, 49-б]. Ерте замандарда адам баласы заттардың ұзын-қысқалығын, биіктігі мен аласалығын, алыс-жақындығын, қалың яки жұқалығын, жуан-жіңішкелігін, кеңдігі мен тарлығын анықтау үшін де жұмбақтаған.

Осыған байланысты, халқымыздың әлеуметтік, тұрмыстық тәжірибесінің негізінде пайда болған жұмбақтар – бойына ғасырлардың құпиясын сақтап келген жәдігерлеріміздің қатарына жатады.

Отыз омыртқа,

Қырық қабырға.

Бәрін ұстап тұрған,

Ауыз омыртқа

(30 омыртқа – **уық**,

40 қабырға – **кереге**,

Ауыз омыртқа – **шаңырақ**.)

Айналадағы нысандар мен олардың ара қашықтығын өздерінің дене мүшелері арқылы, көру, есту, сезіну қасиеттері арқылы және түрлі бұйымдармен, құрал-саймандармен салыстырмалы түрде кең түрде қолданып, өлшем межесін, саны мен сапасын анықтай алуға болатындығын да жұмбақтау арқылы жеткізе білген:

Үй үстінде төрт шыбық,
Төртеуі де тең шыбық.
(Түндіктің төрт бауы)

Ала күшік үй айнала жүгіреді,
Екі басы ішке кіреді.

(Басқұр)

Бұл – жіптен ескен, жуан, қалың арқан, киіз үйдің сыртынан айналдыра шандып байланады. Көшпелі халқымыз көшіп-қону жағдайына бәрін ыңғайлы етіп білген. басқұр байланған үйді арнайы жықпаса, жел де, дауыл да көтеріп кете алмаған. Қазығы, басқұры мықты үй-ең мықты үй болған.

Өз елімде жеке едім,
Желкілдеген бек едім.
Мұнда келдім сайландым,
Қырық жерден байландым.

(Тоқылған ши)

Ылғалды, сулы, қамысты жерде қаулап өсетін көк құрақтардың қамысқа айналып, сабағы қатайғанда кесіп алып, кептіріп, ұзындығын бірдей етіп, жіппен айқастыра орап отырып, ши тоқыған. Оны самал жел желпіп, таза ауа кіріп тұрсын деп, киіз үйдің төменгі етегіне ораған. Сөз тапқыш халқымыз, шиді сөйлету арқылы оған қаншама бейнет сіңіру тәжіресінде, тұтыну бұйымына айналатын шикізатты жұмбақтап тұрғанын аңғарамыз.

Алпыс атым ала аяқ,
Жетпіс атым жел аяқ.

(Кереге)

Осындай жұмбақтарда өмір сынынан өткен халықтық философия, ұлттық даналық, тұрмыстық тәжірибе бар.

Ай құшақ, ай құшақ,
Жатып алсам бір құшақ.

(Кереге)

Киіз үйдің ағаштан жасалған керегесінің жасалмай, ағаш күйіндегі формасы мен көлемін жұмбақтау арқылы көз алдымызға келтіреді

Тұла бойы тысқары,
Екі қолы ішкірі. **(Белбеу)**

Бұл да, яғни «белбеу» де, «басқұр» да киіз үйдің ең қажетті бұйымдарының түрлері, белбеу үйдің ішінен де, сыртынан да айқастырып жүргізілетін әдемі оюлармен өрнектелген жалпақ белдік. Үйдің киізі қатты желден көтеріліп, немесе ұшып кетпес үшін кереге, уықтармен бірге байланатын қажетті бау-құрал.

Ала күшік үй айнала жүгіреді,
Екі басы ішке кіреді.

(Басқұр)

Тәрде төртеу отыр төремін деп,
Есікте екеу отыр өлемін деп.

**(Төртеуі – жүк аяқтың төрт аяғы,
Екеуі – екі маңдайша)**

Этнос мәдениеті сол тілде сөйлеуші халықтың мәдени-тілдік деректерін сипаттайтын, жұрт мәдениетін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, халықтың тіл байлығын тек болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп келешекке танытатын, тілдік деректерді ұлттық нышанда жарата да, жарқырата да алатын, ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді мәдениет арқылы танудағы бітімімен басқа тіл ғылымдарынан ерекшеленетін, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық, философиялық сипаты бар ғылым саласы ретінде этнолингвистиканың атқарар рөлі зор [45,33-б].

Жоғарыда аталып өткендей, тіл мен мәдениеттің өзара қатынасының бүгінгі қалпын емес, өткен өміріндегі ұлттық болмысты, мәдени ұғымдарды зерттеуде, этнолингвистика синхронды сипат алады.

Қысқасы, этнолингвистика – тіл ғылымының басқа салаларынан өзіндік ерекшелігі бар, профессор Е.Жанпейісов көрсеткендей, этносқа қатысты мәдениеттанымдық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклористикалық зерттеулердің синтезі ретінде көрінетін тоғыспалы ғылым. Сайып келгенде, жұмбақтардың көздейтін мақсаты -адамның дүниетанымындағы ақиқат дүние бейнесінің қалай қалыптасқанын, заттар мен құбылыстардың күнделікті өмір тәжірибесінде қолданылуының, мәдени тұрақтылыққа ие болуының, қандай да бір құндылығымен ерекшеленуінің және оларды қолданудың салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа айналуының себеп-негіздерін анықтау. Әлеуметтік-экономикалық жағдай адамдардың киген киімінен, тұрмыстық бұйымдарынан, тұратын үй-жайынан байқалады. Заттардың, бұйымдардың атқаратын қызметі ортақ болғанмен, олар әрбір адамның тұрмыс дәрежесіне, қоғамдағы орнына қарай сапасы, жасалу технологиясы, көркемдігі жағынан әртүрлі болып жасалады. Яғни бай мен кедейдің, хан мен қарашаның, т.б. әлеуметтік топтардың ерекшеліктері олардың пайдаланатын заттарынан көрініп тұратындығы белгілі жағдай. Осы әлеуметтік жағдайдағы адам өмірінде кездесетін кейбір қырлар мен сырлардың өзі халық тіліндегі жұмбақтардың назарынан тыс қалмаған.

Осыған байланысты, қазақ халқының бұрынғы тұрмысында әрбір әлеуметтік топтың киім үлгілері болған. Әлеуметтік уәжділік адамдардың жасына, жынысына, кәсібіне байланысты киіну салтынан да байқалатыны белгілі. Қазақ қоғамында өмір сүретін әрбір топтың киім кию салтанаты туралы көп нәрсені айтуға болады. Ғылым назарынан бұл да тыс қалмаған, яғни Ә.Б.Алмауытованың «Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты» атты ғылыми жұмысында киім атауларының этномәдени, әлеуметтік, эстетикалық, талғамдық мәнінің этнолингвистикалық сипатын жан-жақты ашуға тырысады [46, 128-б].

Халқымызда осындай киім атауларын жұмбақтау, сол арқылы киімді бағалау қасиеті ертеден-ақ қалыптасқандығы ел ішіндегі жұмбақтардан көрінеді:.

Мысалы: Бір нәрсе менен биік,
Кейде менен аласа.
Мұндай қызық дүниеде,
Көріп пе едің тамаша.
(Бөрік)

Бөрікті – қазақ халқы тек киім ретінде емес, этникалық құндылық ретінде жоғары санаған. Тіпті бөрікті символ ретінде бағалаған.

Төрттен қосқан басы бар,
Маңдайында шашы бар.
Өзің көрген баяғы,
Салпылдайды сабағы.
(Тымақ)

Тымақ – қасиетті бас киім. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Ата-бабамыз шала туған баланы тымаққа салып сақтайтын болған.

Сылдыр-сылдыр кісенім,
Сылдырлаған жүгенім.
Құлағында құлпы жоқ,
Құдіретті кісенім.
(Сәукеле)

Сұлу-сұлу құнаным,
Сылдырлаған жүгенім.
Аяз күнде мінбеген,
Аяғы жерге тимеген.
(Сәукеле)

Сәукеле – қазақ әйелдері бас киімінің ішіндегі ең сәндісі, көбінесе, қыздар ұзатыларда киген. Оған тағылатын зергерлік әшекейлер тіл-көзден сақтайды деген ұғым бар.

Сұлу-сұлу құлыным,
Сылдыраған жүгенім.
Аяз күнде мінбеген,
Аяғы жерге тимеген. (Сәукеле)

Сәукеле – қазақ халқының байлығы мен сән-салтанатының, мәдениеті мен өнерінің өзық үлгісі, өнер туындысы ретінде бағаланатын, аса қымбат этнографиялық мүлік ретінде бағаланған. Оны ешкіммен ауыстыруға, айырбастауға, уақытша кие тұруға болмайтын құнды зат болған.

Сол сияқты, халқымызда сал-серілердің киімдері былайғы жұрттың киімінен ерекше болып көрінген. Олардың шапандары жібек, парша сияқты маталардан зер салып, жағасыз, түймесіз, астарсыз, кең етіп тігілген. Сал-серілердің кейбіреулерінің шапандарының оң жақ жеңінің астынан үлкен жырық не дөңгелек тесік қалдырып, бір жеңі екінші жеңінен ұзын болып тігілген. Ол домбыра тарту кезінде кедергі болмау үшін әдейі ойластырылған.

Қорыта айтқанда, күнделікті тұрмыста, салт-дәстүрде берік орын алған бірсыпыра заттар мен нәрселер атқаратын қызметіне, белгілі бір наным-сенімге, эстетикалық талғамға, т.б. байланысты болып, жұмбақтардың этномәдени уәжділігін айқындайды.

Мұндай жұмбақтар әрбір этностың, халықтың, ру-тайпаның, жұмбақ жасырудағы өзіндік ерекшелігін, сол ұлттық ерекшеліктің қайдан шыққанын білдіреді. Жұмбақтарға байланысты атаулар аса күрделі болғандықтан, оларды лингвистикалық тұрғыдан ғана қарастыру жеткіліксіз болып, этностық тұрғыдан да жан-жақты қарастыру қажеттігі көрініп тұрады.

Өйткені әрбір жұмбақ лексикасының мазмұны сан алуан сыртқы факторлармен байланысты болып келеді де, адам санасында халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі, шаруашылық түрлері, материалдық және рухани мәдениеті жөнінде ақпараттар жинақталған тілдік және экстралингвистикалық білімдер жүйесін құрайтыны белгілі.

Олай болса, жұмбақтарға байланысты атаулардың этно-лингвомәдени жүйесін, уәжді белгілерін айқындаудың мәні ерекше. Тіл байлығының ішінде жұмбақтарды антропологистикалық бағытта зерттеудің нысанына алып, олардың терең мазмұнын «Табиғат-Адам-Қоғам» контекстінде, ұлттық дүниетаныммен, этностың мәдениетімен байланыстыра әр қырынан алып қарастырудың маңызы зор. Өйткені ұлттық ділдің тілдегі ерекше бір жарқын, мәнді де, маңызды өрнегі болып саналатын жұмбақтар халқымыздың таусылмас қазына-байлықтарының бірі болып табылады.

Қазақ тіліндегі жұмбақтардың өзара сабақтасып жатқандығы, олардың «Адам-Қоғам-Табиғат» үштігінің нәтижесінде пайда болғандығынан деп түсінеміз. Себебі, адам мен қоғам, қоғам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланысты дүниелер екендігі баршамызға белгілі. Бұл үш даму процесінің бірінсіз бірінің күні жоқ екендігі - дамудың табиғи және шексіз категориясы. Тілдік таным тұрғысынан жұмбақтар өзіндік белгі-қасиетіне, ерекшелігіне қарай өсіп, дамып, жетіліп отырады. Олай болса, жұмбақтар тілдік ортаның дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады. Жұмбақты айтқанда адамдар жұмбақтаушыны, яғни нысанды басқа нысаннан ажыратып тұратын белгісін негізге алып айтады.

Қазақ жұмбақтарының этнолингвистикалық бағытта зерттелуі – жоғарыда атап көрсеткендей, этнолингвистика мен ауыз әдебиеті (фольклор) тоғысуында пайда болады, яғни этнолингвистика мен фольклорды бірлестіретін, жақындастыратын ортақ тұстары бар.

Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік бағытқа сәйкес, тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Ғалым Бодуэн де Куртэннің сөзі бойынша, «тіл тек жеке мида, тілдік қоғам мәліметтерін құрайтын көңілде, тек индивидтердің тілінде үмір сүреді».

Тіл – адамзат қоғамындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал ғана емес, сонымен қатар, белгілі бір тілдік орта, халық, этнос, ұлт, ұлыс мәдениетінің құрамдас сыңары болып табылады. Ол этномәдени және тілдік ұжымның тарихи дамуымен, салт-санасымен, дәстүрлі танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесімен, өмірлік тәжірибесімен, рухани-мәдени және материалдық мәдениетімен сабақтастықта зерттеледі. Нәтижесінде «Тіл – Адам» біртұтастығы елегінен өткен қазіргі тілтанымдық зерттеулердің көздейтін басты нысаны болып саналады. Тіл иесі – этностың әлеуметтік-

экономикалық өмір салтының, оның рухани әлемі мен материалдық мәдениетінің, тұрмысы мен салт-дәстүрінің әдет-ғұрып, жөн-жосынының, ауыз әдебиеті нұсқаларының, мифтік түсініктері мен наным-сенімдерінің бастауы, қозғаушы күші барлық уақытта да – Адам екендігі белгілі.

Осы орайда, жұмбақтардың этнолингвистикалық табиғатын айқындауда, «Адам – Қоғам - Табиғат» деп аталатын үштікті (Ә.Т.Қайдар) қамтитын зерттеу тәсілін айтуға болады. Өйткені мұның барлығы адамның өмір сүру амал-тәсілдерінің саналы іс-әрекетінің жемісі, адамның өзі ойлап тапқан және үнемі дамытып, жетілдіріп отырған өмірлік ұстанымдары, қағидалары. Сондықтан да адамды, оның қадір-қасиетін, түр-тұлғасын, кейіп-кескінін, ақыл-мінезін, көңіл-күйін суреттеп, сипаттап, бейнелеп атайтын тілдің үлес салмағының жоғары болатыны белгілі.

Қоғам өміріндегі барша заттардың иесімін деп сезіну – адам баласына өз санасында антропоорталықтық парадигма жасауға мүмкіндік беріп, құқықтық сипат туғызады. Осы тұрғыдан алғанда, жұмбақ жанрының қалыптасуында адам болмысы, мінезі, көзқарасы, т.б антропоэзектік сипатының объективті жағдаятқа қатысы байқалатындығы белгілі. Мұнда адам екі түрлі бағытта сипатталады: адамның тілдегі көрінісі, екінші адамның тілді тұтынуы. Бірінші бағытта адамның дүниетанымы байқалса, екінші адамның тілдегі көрінісінде, соматикалық бейнесінің концептуалдануы нәтижесінде адамның физикалық қабілеті, зияткерлік қабілеті, эмоциясы, әлеуметтік «мен»-і көрінеді. Адам ойлау, сөйлеу әрекетіне қатысушы тұлға ретінде, яғни адам ұшқыр ойлы, өткір тілді саналы жан ретінде сипатталады. Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды өзіндік белгілеріне қарай бір-бірінен ажыратады, ол санада да, тілде де айқын көрініс табады. Адам қандай да бір нәрсені ойлаған кезде, оның санасында сол заттың бейнесі көрініс табады, яғни жұмбақтарда да солай.

Адам интеллектісі мәселесін қазақ этнолингвистикасында алғаш рет зерттеген Б.Сағынова, қазақ тіліндегі ақыл, ой, сана, сезім, жүрек, көңіл, көкірек, қиял, көз т.б интеллектілік ұғымдардың этнолингвистикалық сипатын ашуға тырысады. Ол былай деп: «Адам интеллектісіне қатысты лексиканың мән-мағынасы этнос психологиясы мен дүниетанымындағы ерекшеліктердің тілдегі көрінісі арқылы зерттеледі. Олар өз кезегінде этностың мәдени-рухани құндылықтарын танытады» өз тұжырымын түйіндейді. [47, 125-б].

Ендеше, қазақ халқының сонау ата-бабамыздан қалған асыл мұраларының бірі - жұмбақтар да этностың рухани-мәдени құндылықтарының бірі болып табылады. Ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан осы бір шағын жанрдың ғұмыры ұзақ, тағылымдық мән-маңызы зор. Себебі, қиыннан қиыстырып жұмбақтай білу, жасырын ойды әдемі жеткізе білу – адам интеллектісіндегі ақыл-ой мен сана-сезімнің ерекше көрінісін дәлелдейді. Жұмбақ жанры - өзіне қатысты объектілерді бейнелер арқылы суреттейтін, логикалық жүйеге құрылған, тілі өте құнарлы, көркем де, шымыр шығарма болып табылады. Жұмбақтар халықтың өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын оның болашағымен жалғастыратын алтын арқау сияқты. Себебі, олар шағын да, қысқа жанр бола тұра, рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, тез шешім

қабылдай білудің, оның адамдар санасында сақталудың, қоғам жадында жатталудың бірден-бір кепілі.

2.1.1 «Адамға» қатысты жұмбақтардың берілуі

Тіл байлығының ішінде жұмбақтарды антропологистикалық бағытта зерттеудің нысанына алып, олардың терең мазмұнын «Табиғат-Адам-Қоғам» контекстінде, ұлттық дүниетаныммен, этностың мәдениетімен байланыстыра әр қырынан алып қарастырудың маңызы зор. Өйткені ұлттық ділдің тілдегі ерекше бір жарқын, мәнді де, маңызды өрнегі болып саналатын жұмбақтар халқымыздың таусылмас қазына-байлықтарының бірі болып табылады.

Жұмбақ жанрының бір ерекшелігі - олардың көпшілігінің адамға қатыстылығы. Осы сияқты, адамның өзін жұмбақ еткенде де, «адам» деп оның кесек тұлғасын бір-ақ алып, айтып қоймайды.

Оның әрбір дене мүшесін түгелдеп, жеке-жеке жұмбақ етеді. Яғни адамның дене мүшелерін топтастыру арқылы тану, топтастыру принциптері іске асырылады.

Мысалы: Ал енді мен берейін, жұмбақ сайлап,
Дүлдүлді сахараға қойдым, байлап.
Бұлбұл құс отырады үйде сайрап,
Бір гәуһар қолымызда тұрған жайнап,
Жел соқса, жанып кетер, өрттей қаулап,
Ақылпаз болсаң асқан, терең болжап,
Не нәрсе осы айтқаным, мәнісін тап?

Шешуі: Болғанда ақыл дария, кеуден дүлдүл,
Күңіреніп, сайрап тұрған, тілің бұлбұл.
Қойныңнан шыққан гәуһар екі көзің,
Соққан жел, дауылпаздай айтқан сөз дүр.
Дарияның жанып өткен құрақтары,
Адамның қатты шыққан ашуы дүр.

Адамның дене мүшелеріне қатысты сөздерді ғылымда – соматизмдер дейді. Олар: бас, шаш, ми, қас, көз, құлақ, мұрын, саусақ, тіл, ауыз, ерін, тіс, кірпік, кіндік, танау т.б. жеке-жеке жұмбақталуы – соматикалық жұмбақтар ретінде танылады.

«Соматикалық фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу дегеніміз – олардың материалдық мазмұнын, тілдік табиғатын, пайда болу жолдарын, жасалу тәсілдерін, даму үрдісін, қалыптасу дәстүрін, қолданыс аясын т.б. ерекшеліктерін этностың өзіндік дүниетанымы тұрғысынан қарастырып, рухани-мәдени өмірі, салт-дәстүр, наным-сенім, әдет-ғұрып негізінде жан-жақты сипаттау. Басқаша айтқанда, тіл деректеріне, соның ішінде соматикалық фразеологизмдердің табиғатына этностың өз көзімен, өз болмысы тұрғысынан баға беру» - дейді Б.Уызбаева [48, 203-б].

Жұмбақ өзінің сөз қылған нәрсесін, затын әралуан түрде суреттей береді. Кейде нәрсені көрінген көрінісіне қарап, сипаттама, кейде сол нәрсенің құлаққа естілген дыбысына қарай бейнелейді.

Екі жар бірін-бірі жамалаған,
Тал шығып, жағасына сабалаған.
(Кірпік)

Жұмбақта - адамның көз айналасындағы кірпіктердің адам денсаулығына, тазалығына әсері «сабалау» сөзі арқылы бейнелі мәнде сипатталып, көздің сыртқы ортадағы әртүрлі жағдайлардан қорғағыштық қасиетін байқатып тұрғанын аңғаруға болады.

Асқар тауда - қара орман.
(Шаш)

Бұл жұмбақта – адамның басын асқар тауға теңесе, шашын - қара орманға теңейді. **Асқар тау** – биіктіктің, көз жеткенмен кол жетуі қиын алыстықтың, өрліктің белгісіндей. **Қара орман** – жылылықтың, берекеліліктің, барлықтың, жастықтың, көптіктің символы іспетті. Яғни жас адамның басындағы шашы сирек емес, тып-тығыз, қалың, аппақ емес, қап-қара дегенді білдіреді.

Қараша тауым қарлы болды,
Бір жауса кетпейтұғын зәрлі болды.
(Шаштың ағаруы)

Бұл жұмбақ – жоғарыдағы жұмбақтың қарама-қарсы мәнін аңғартатып, сипаттайды. **Қара тау, қараша тау** – төбеден сәл биік, елге қолжетімді тау болса, соның басына қар түсуі, бір жауса кетпеуі – адам шашының жылдар өте, қартая келе ағаруы, ақ шаштың қайта қараймау сипатының жұмбақта келісті берілуі. **Зәрлі болу** – адам ішінің осы процесті жақтырмай, ішінің удай ашуы, бірақ бәрібір көндігуі жұмбақталған.

Жұмбақ жанрының ерекшеліктерінің бірі - адамның өз дене мүшелерін жұмбақтай алуы. Онда бір нәрсенің қайдан пайда болғанын, неден істелгенін тәптіштеп айтып, адамға қатысты барлық іс-әрекеттің диалектикасын түсіндіреді.

Мысалы: Есікте жасауыл бар екі қатар,
Барғанда ұрып-соғып қанқақсатар.
Ол адам жәбірленіп тұрғанында,
Біреу кеп аржағынан әрі тартар.
Азып-арып онан соң қинар жанын,
Кездіріп, талай өзен, сайдың бәрін.
Ләззатын сол сайлары алып қалып,
Шығарып тастайды екен, ғазиз тәнін.

(Тамақ, асқазан)

Бұл жұмбақта адамның өмір сүру мүмкіндігіндегі іс-әрекет категориялары жан-жақты тәптіштеліп, әдемі өрнектеледі: «**Екі қатар жасауыл**» - адам аузындағы ас шайнау үшін қажетті тістердің жасауыл сияқты қатар орналасуы, тістер арқылы шайналған астың әрі қарай тамақ арқылы асқазанға өтуі, талай өзен-сайды кезіп өтуі – ішек-қарын қызметінің іске қосылып, ас қорытудағы жұмыс әрекеті көрінеді.

Міне, халқымыз ас,асқазан туралы айтқанда, турасынан қойып қалмай, тұспалдап, көріктендіріп, көзге елестету арқылы «демі ойын кестелеп жеткізе білген. Бұдан халқымыздың сөз саптаудағы терең ойы мен астарлы да, ұйтты ой орамдарына шебер болғанын аңғара аламыз.

Сонымен қатар, жұмбақ жанрында адам өмірінің кезең-кезеңге бөліну сипатын да көрсетуге тырысады:

**Таңертең төрт аяқпен,
Түсте екі аяқпен,
Кешке үш аяқпен жүреді.**

(Еңбектеу, жастық, кәрілік)

«Таңертең төрт аяқпен» болатыны – жас нәрестенің еңбектегенде екі аяғына екі қолының да көмегі тиетіндігіне сәйкес, адам өмірінің балалық шағы, жастық кезеңі нанымды берілсе, «түсте екі аяқпен» - жігіттік, күш иесі кезеңі туралы айтылады, «кешке үш аяқпен» - бірде олай, бірде бұлай, яғни күш-қайраты кеміген қарттық кезең туралы меңзейді.

**Кішкене ғана тостаған,
Жер дүниені бастаған.**

(Көз)

Қазақ тілінде адамның дене мүшелері мен ішкі ағзаларына байланысты 500-ден астам атау бар. Сол атаулардың бірі – «көз» болса, сол «көздің» өзінен туындаған ұғымдардың өзі – тілімізде бірнеше жүз екен.

Ғалым Ә.Т.Қайдар жинақтаған материалда «көздің» түрін ғана (түр-түсін, бітім-болмысын, әр алуан қасиетін, өзіндік ерекшеліктерін т.б.) сипаттайтын 100-ден астам тіркес – атау қамтылған.

Мәселен, бота көз, қарақат көз, құралай көз, қой көз, сиыр көз, тана көз, айран көз, бітік көз, бит көз, былшық көз, жұмық көз, ақ көз т.б.

Бұл жердегі негізгі мәселе, көз түрлерінің есебін алып, түгелдеу емес, солардың әрқайсысына тән қасиеттерді этностық таным тұрғысынан сипаттап беру болып табылады. Халық мақалындағы: «Ақылсыз басқа адырайған көз бітер» деген мақалындағы «адырайған көздің» қандай болатынын адам көзбен елестетсе де сөзбен сипаттап беру оңай емес. Жұмбақтардың ерекшелігі – көздің немесе суреттелетін мүшенің негізгі, басты қасиетіне тоқталып, жинақты тұжырым айта білуінде деп түсінуге болады.

**Ти десем тимейді,
Тиме, десем тиеді. (Ерін)**

**Күмбір-күмбір қарағым,
Қартайғанша жарадың.**

(Кұлақ)

«Күмбір – күмбір» қосарланып келген еліктеуіш сөзі домбыраның үніне де, күмбездердің жаңғырығына да, айғырдың кісінеуіне де қатысты айтыла береді.

Жоғарыдағы жұмбақта бұл сөз құлақтың «күмбіріне» қатыстылығы ескеріліп, құлақтың баламасы ретінде сипатталып тұр, яғни «қартайғанша күніме жарадың құлағым» дегенді аңғартады.

Жұмбақтардың дені кәсіби лексикамен байланысты, заты адаммен, адамға қатысты тыныс-тіршіліктің бәрімен байланысты болып келеді.

Қоғамдық өмірде адамға қатысты жұмбақтардың объектісі ретінде - адамның дене мүшелері, оның ішкі-сыртқы көрінісі, сондай-ақ адам ішетін азық-түлік, тамақ-тағамдарының, адам киінетін киім-кешектердің, адам тұратын үй-жай түрлері мен тұрмыстық заттардың атаулары көрінеді.

Адамның дене мүшелерін топтастыру арқылы тану, топтастыру принциптері іске асырылады. Мәселен: «Қарағай басына қатық ұйыттым» деу-бастағы миды аңғартса, «Өлсең де өлмейді, өлмесең де өлмейді» адамның есімінің тұрақтылығын, «Егіз қозы сүйексіз»-әйелдің қос анарын, «Кішкене ғана тегене, сырты толған балауса» - адамның басы мен шашын, «Ти десем, тимейді, тиме десем, тиеді»- қос ерін т.б. жұмбақтардан қоғам өміріндегі тұрақты феномен – адамның әрбір қимылы мен іс-әрекетінің, әрбір дене мүшесінің өзіне лайық қызметін, орнын, қасиетін тұспалдап, жасырып, оның не екенін жұмбақтап көрсету арқылы да, адам қасиеттерін арттыра түседі.

Адамға тән қасиеттер көп-ақ. Олар физиологиялық, психологиялық, биологиялық, зиялы және т.б. табиғи ерекшеліктерден тұрады.

Адамның ойлау, сөйлеу қабілеті, көңіл-күй, мінез-құлқы, ақыл-парасаты, қимыл-әрекеті барлығы да жұмбақ объектісіне тән болып табылады.

Мәселен:

Қалың қамыс, қалың қамыс,
Ортасында қия қамыс
Пысылдауық, пысылдауық,
Астында оның - **сақылдауық**

Жұмбақтың шешуі – адамның шашы, қасы, мұрын-танауы, ауыз-тісі. Осындағы екі рет қайталанып тұрған «пысылдауық» сөзі - мұрын мен танаудың бейнелі баламасы.

Ал «**сақылдауық**» болса ауыздағы тістердің ас шайнағанда бір-бірімен соқтығысып «**сақ-сақ**» етіп, дауыс шығаратын әдетіне байланысты «тіс» баламасы болып тұр. Жұмбақталып тұрған «**қалың қамыс**» -адамның шашы. «**қия қамыс**»- қияқтай болып тұрған қасы.

Бұлардың шешімін табу, әрине адамның танымдық қабілеті мен тапқырлығына байланысты болып саналары даусыз.

Міне, осы сияқты көркемдік теңеудің шарықтау шегі де болатын жұмбақ жанрының ерекшелігі - оның басым көпшілігі қоғам өмірінің басты тірегі, негізгі тұлға – адам феноменіне ғана қатыстылығында, адаммен байланыстылығында.

Адамға қатысты жұмбақтарға тоқталған кезімізде соматизм, яғни соматикалық процестерге қатысты жұмбақтардың да көп екендігін айтуға болады. Олар: бас, шаш, ми, қас, көз, құлақ, мұрын, қол, аяқ, саусақ, тіл, ауыз, ерін, тіс, кірпік, кіндік, танау, т.б

Адамның жасына, яғни оның үлкен-кішілігіне байланысты ұғымдарды білдіретін атаулардың да жұмбақ түрінде берілу жағдайы сирек те болса кездеседі:

Ел ішіне келді, аты жоқ,
Ел оған ат береді.
Еті бар сүйегі жоқ,
Соғымына екі зат береді.

(Жаңа туған нәресте)

Төл өсіріп момақан,
Уыз ішкен қоймалжын.
Білсен айтшы балақай,
Еңбегі зейнет қай малшы?

(Қойшы)

Шапаным да, тоным да,
Арқаның жүр жонында.
Атам соның соңында,
Таяғы бар қолында.

(Қой, Қойшы)

Кисең киім, жесең ет дегендей шапан да, тон да – қой, оның жайылымдағы бағушысы – таяқ ұстаған қойшы.

Айдында жүзеді,
Тірі күміс сүзеді.

(Балықшы)

2.1.2 «Қоғамға» қатысты жұмбақтардың берілуі

Қоғам ұғымы – белгілі бір тарихи кезеңнің дүниетанымы. Дүниетанымның жинақы көрінер тұсы – ұлттық дүниетаным. Ұлттық дүниетаным – қайталанбайтын құбылыс. Ол сол этностың бүкіл болмыс-бітімімен, қоршаған ортасымен, менталитетімен, шаруашылық жүйесімен, тіпті табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты. Этнолингвистикалық жіктеу принциптері бойынша, жоғарыда аталған үш саланың екіншісі – «Қоғам» саласының адам баласының өмірге келіп, өзара қауымдаса, қауғаласа тіршілік ете бастауының нәтижесінде қалыптасқандығы, қоғамнан адам баласын, оның тіршілік әрекетін бөліп қараудың мүмкін еместігі белгілі жағдай. Өмір қажеттігіне байланысты туындаған заттар мен құбылыстардың, қоғамдық қарым-қатынастардың көптігіне байланысты, этнос пен қоғамның біте қайнаса дамуы – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып отырады.

Жұмбақ жанры қоғам қоғам мүшелерінің дүниетанымдық, тапқырлық, тез шешім қабылдай білушілік сияқты ізгі қасиеттерін дамытуға, соған баулуға бағытталса, жұмбақтың тілі оның өзіне сай, ой-сананың өскелең өрісін, көркемдіктің небір шытырман ою-өрнегін танытатын, көркемсөз арсеналындағы сирек кездесетін элементтерін сан құбылтып пайдалануда, машықтандыруда ерекше көзге түседі. Тіршілік күнкөрісінің негізгі - көзі мал шаруашылығы болғандықтан, қазақ халқының тілінде, адамның сыртқы түр-

тұлғасын, ішкі жан дүниесін, көңіл-күйін, іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын сипаттайтын көптеген жұмбақтардың кездесуі заңды, яғни төрт түлік мал мен адам өмірі бір-бірімен өте тығыз байланысты. Осыған байланысты, академик Ә.Т.Қайдар былай дейді: «Адамды тек жағынан жануармен жақындастырған тіл иесі бір жағынан, жануарлар әлемін, екінші жағынан қоғамдағы адамдардың өзара қарым-қатынасын, өмірдің әрқилы жағдаяттарындағы іс-әрекет, қимыл-қылығын бақылаудың нәтижесінде, олардың арасында көптеген ұқсас, ортақ тұстардың бар екендігін танып, пайымдады. Сол пайымын тілінде көркем бейнеге айналдырып, солар арқылы жалпы адам баласына, я болмаса адамға тән ерекшеліктерге мақтаған немесе даттаған бағасын бере білді» [49, 6]

Адамзат жер-әлемде алғаш пайда болғаннан қоршаған ортамен үйлесе өмір сүруге талпынған. Күнкөріс қарекетімен әуелден табиғаттағы әртүрлі жабайы жеміс-жидекті теріп жеп, кейін аң-құс аулау ісімен айналысқаны соның айғағы болып табылады.

Аңшылық – адамзаттың қоғам өміріндегі ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болды. Уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың негізгі түріне айналды. Кейіннен адам санасының түсінігі мен байырғы дүниетанымындағы табиғатты қастерлеу ұғымынан кең даланың сәнін кіргізетін, сирек кездесетін жан-жануарлардың қырылып, жойылып кету қаупінен сақтау үшін аңшылыққа тежеу қойылды.

Сондықтан, көркемсөз байлығының ішінде мал атауларына қатысты жұмбақтардың алатын орнының ерекшелігі өз алдына қарастыруға лайық тақырып екендігін көрсетеді. Мысалы:

Төрт лау- лау,
Екі дің- дің,
Бір шыбыжың. (Түйе)

Осындағы «лау- лау» түйенің төрт аяғы, лауылдап оттың жануына, жалын тілдерінің бірінен кейін бірінің жалмаңдап, алма-кезек ауысып отыруына баланып тұр. Семіз түйенің едірейіп, жүрсе діңілдеп, дірілдеп тұратын қос өркешін сипаттап тұрған – «екі дің-дің» қосарланып айтылуы арқылы жұмбаққа көрік беріп тұрса, «шыбыжың»- ылғи шыбыжыңдап, тыныш тұрмайтын түйенің шолақ құйрығы.

Жан-жануар дүниесіне байланысты жұмбақтар халқымыздың тілінде өте көптеп кездеседі. Оның бәрі де көшпелілер дүниетанымындағы этностың өзімен бірге туып, біте қайнасып, қазақ ғұрпының табиғат-анамен тікелей байланысты қағидалары іспетті дүние. Нақты бір зат туралы тұспалдап, ұқсатып, бейнелеп айту арқылы ұрпақты ойлату, танымдық, білімдік ұғымдар мен түсініктерді ой-қиял елегінен өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін халық ертеден-ақ жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған.

Мысалы.

Апан-апан,
Ескі шапан,
Иір қобыз,
Жарық жұлдыз. (Түйе)

Түсі түйенікі,
Аяқ- басы сиырдікі,
Құйрығы ешкінікі,
Мүйізі ғана өзінікі. (Бұғы)

Қайырып басын тастаған,
Қайқайып қойды бастаған
(Ешкі)

Халқымыз бұл түліктің мінезінің қандай екенін айта отырып жасырады. Сондықтан майда мал, тұяқ дегенде атауы бар топты бастап жүретін ешкі тұқымының төресі-теке болып табылады.

Өзі сұр, бөрі емес,
Ұзын құлақты, қоян емес.(Есек)

Бұл жануарды төрт түліктің санатына кірмесе де, еті арам екендігін біле тұра, оның еңбегінің адал екендігін философиялық тұрғыда сипаттайды. Яғни жыртқыш аң бөріге теңестіріле тұра, одан гөрі адамға жақындығын әдемі жұмбақтай біледі. Ұзын құлағын қоянмен салыстырады.

Жан-жануарларды айтқанда құстарды айтпай кете алмаймыз. Қазақ халқының жұмбақ жанрында әртүрлі құс атаулары кездеседі. Соған байланысты, академик Әлкей Марғұлан: «Қазақстанның көптеген ежелгі мәдени ескерткішінің ішінде кейінгі кезде назарға ілінбей жүрген біреуі бар дегім келеді. Ол – саятшылық өнер. Оның тарихи ескерткіш екеніне ешқандай күмән жоқ» - дей келіп, осынау мол мұраны сақтап қалудың қажеттілігіне тоқталған. Ғалымның «Саят құстары» деген ғылыми еңбегінде, табиғаттағы саят құстардың түрі, ерекшеліктері, оларды күтіп ұстау, аңға баулу әдістері, түлету, жемдеу, баптау, күту сияқты мәселелерді айтады. [50, 32-б]

Мысалы: Шабатын өткір оның қылышы бар,
Қолына түскен жанды болмайды аяу.
Жымқырып қиып алып шықса кәне,
Аспанның ол бір түрлі нажағайы-ау.
(Бүркіт)

Қара арғымақ мінгенім,
Қыр айнала жүргенім
Сегіз найза сенгенім,
Он екі қылыш ілгенім
(Бүркіт)

Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап,
Басына бөрік киер, құндыз ұстап.
Үстіне ақ қамзолын киіп алып,
Жүреді екі қолын артына ұстап.
(Сауысқан)

Бір топ жыңғыл ішінде,
Бір жапырақ қызыл гүл.
(Қырғауыл)

Бір құс бар үлпілдеген жүні жұмсақ,
Тұяғы бейне болат алмас пышақ.
Тұмсығы имек, көрмейді күндіз көзі,
Шарықтап көкті кезіп, түнде ұшады. (Үкі)

Ежелден малшылық пен аңшылықты кәсіп еткен көшпелі халықтардың тіршілігі, шаруашылығы табиғатқа, ауа-райына бағынышты, тәуелді болған. Жұмбақтың жасалу әдіс-тәсілінің басқаша екендігі бірден аңғарылып тұрады. Ол үшін жұмбақ құрылымы мен оның көркемдік ерекшелігін білу керек. Жұмбақ жанрына тән ерекшелік-көлемі шағын, құрылымы жағынан жұп-жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айта білуге бейімдігі. Жұмбақтың синтаксисі де осыған байланысты, бөлек-бөлек ештеңе байқалмайды. Ол көбіне қысқа, жақты сөйлемдерден етек-жеңі жинақы пішіледі. Архитектоникасы түйінді ықшам болуына қарамастан құрылымдық бітімі әр алуан болады. Кейде образбен өрілген кішкене ғана ұғымды білдіретін сөйлем, не сөз тіркесі түрінде кездеседі.

Қоғамда тіршілік ететін адам баласының араласпайтын, қатыспайтын саласы жоқ. «Қоғам» саласы да іштей жіктеліп, әр алуан тақырыптық топтардан тұрады. Олар :шаруашылыққа қажетті құрал-саймандары, әскери құрал-жабдықтар, қарым-қатынас құралдары, т.б. Сонымен қатар, тұрмысымызға кейінгі кездері енген техника жаңалықтары да (радио, телефон, телевизор, газ, кино) аз емес.

Мәселен: **Шыр-шыр** етеді,
Құлағыңнан өтеді

(Телефон).

Сол сияқты, тілімізде халқымыздың ғұрыптық салт-дәстүрлері мен ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын, сипаттап көрсететін жұмбақ түрлері де өте көптеп кездеседі.

Көк тіреп тұрған, көп таяқты буған
(Басқұр)

Тептім - терекке шықтым
(Үзеңгі)

Қараңғы үйде қабан **күркіреді**
(Диірмен)

Сол сияқты адамға қажетті киім-кешек пен бұйымдар, үй-жай, жиһаздар, бұйымдардың да жұмбақтың күн тәртібінен түспеуі - этностың өзімен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқандығында.

Қазақ тілі бойынша сөздерді жүйелеп, аталған үш сала бойынша жіктеп қарағанда солардың ең бастысы – адам мен жанды табиғаттың өзара жақындығына және екеуі бірігіп, динамикалық процестердің көзі, қайнар бұлағы болуына байланысты. «Қоғам» саласы мен қалған екі сала («Адам» мен «Табиғат») бойынша қалыптасқан сөздердің саны, ауқымы және қолданыс аясы жағынан бірдей емес.

Академик Ә.Т.Қайдар зерттеуінде «Қоғам» саласын макро топтарға, ал оларды микро топтарға бөліп қарастырады. Соның ішінде «Ұлттық өнер» макротобына жататын ұлттық музыкалық мұралар халықтың өзімен бірге туып, біте қайнасып кеткен.

Ерте заманда түрлі жолмен дүниеге келіп, халықтың салт-дәстүрімен, материалдық-рухани болмысымен жіті араласып, оның дүниетанымына етене сіңісіп, біртұтас болып, қалыптасып кеткен күрделі құбылыс.

Қазақ халқының ықылым замандардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне де, төл мұра - ұлттық аспаптарының өзі бір төбе десе болғандай. Оның бәрі де ғалымдар (А.Жұбанов, О.Хаймульдин, Б.Ш.Сарыбаев, Т.Жаубасова, Д.Шоқпарұлы т.б) назарынан тыс қалмаған. Қоғам дамуында этнос өмірімен біте қайнасқан, әрқайсысының өзіндік тарихы бар, халқымыздың ұлттық музыкалық аспаптары туралы зерттеу еңбектер де жоқ емес. Атап айтсақ, Т.Жаубасованың «Музыкалық аспаптар атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан сипаттау» атты еңбегінде, музыкалық аспаптар саны елуден астын болса, соның қырықтан астамы, қазақ халқының ұлттық өнеріне қатысты, яғни көне де байырғы аспаптарды қоса есептегенде, қырықтан астам музыкалық аспаптардың бар екені анықталған. [51, 185-б]

Жұмбақтарда да солай, қоғамдағы әрбір зат жұмбақтардың назарынан тыс қалмаған. Ықшам сөз, терең ой арқылы жұмбақтала берген.

Тартылған екі арқаны ұзын бойға,
Сөйлеуге сондай шебер тапсаң айла.
Әр жерде аршындаған балдағы бар,
Ойнайды он бармағын білсе қайда.

(Домбыра)

Жылқыда өрен жүйрік екі арғымақ,
Мойыны жануардың бунақ-бунақ.
Айылын екі жерден мықтап тартып,
Кетеді қамшы бассаң зулап-зулап.

(Домбыра)

2005 жылы «Ана тілі» баспасынан шыққан «Қазақ жұмбақтары» (С.Аманжолов құрастыруында) кітабының өзінде бір ғана домбыраға байланысты жиырмадан астам жұмбақ беріліпті. Осынау ата-бабамыздан қалған асыл да, ең негізгі мұрамыздың қадір-қасиеті арта түспесе, кемімек еместігін қазақ жұмбағы да дәлелдеп тұрғандай. Бірін-бірі қайталамайтын әр жұмбақта бір тақырып түрліше жұмбақталғандығы көрінеді.

Біріншісінде – талантың, ебің, айлаң болса, бұл аспапты үйрену, меңгеру түк те қиын емес десе, екіншісінде – «жалы күдірейген, асау пырақтың екпіні қатты, оны игеруге күш-қуат, қажыр қайрат, сабыр-төзім, ептілік қажет» дегенді меңзейді жұмбақшылар.

Жылқы малының азаны

(Сыбызғы)

Жылқыны іңірде, жусатарда жылқышылар сыбызғы тартады екен. Осы сыбызғы туралы ел арасында мынадай аңыз-әңгіме де кездеседі: «Ерте заманда,

айдауда кеткен елінен адасқан, ағайынды екі жігіт болыпты. Елін, жұртын сағынып, мұңға батқан олар ата кәсібі бойынша, құс атып, аң аулап күн көреді екен. Бір күні жапан түзде жүрген олардың құлақтарына, желмен тербетіліп, әдемі бір үн талып жетеді. Қамыстың арасын паналап жүрген олар ақыры үнді іздеп табады. Сөйтсе, көп қамыстың ішіндегі бір қамыстың басы сынып, сынығы желмен иіліп, жел күшейсе күй тартатын күйші қамыс екені анықталады. Әбден тарыққан олар, әуен шығарамыз деп, екеуі екі қамысты алып үрлей бастайды. Алғашында жай ысқырыққа ұқсас үн шықса, бірте-бірте музыка үніне бейімдеу, құлаққа жағымды дыбыстар шыға бастайды. Содан ағайынды екі жігіт белдеріне қамыс сыбызғысын қыстырып, іздеп жүріп, жоғалған елін тапқан екен». Осы аңыздағы шындыққа негізделген сыбызғы оқиғасы сияқты әрбір мызыкалық аспаптың өзіне лайық тарихы, шығу себептері жоқ емес. Ендеше, сол шығу тарихы бар әр зат, қоғамдағы адаммен, табиғатпен байланысты әрбір нәрсенің барлығы дерлік жұмбақталады екен. Жалпы «Тіл әлемін», сондай-ақ, кез-келген тақырыптық топтарды осылайша этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда ғана оларды түбегейлі меңгеруге, жан-жақты танып-білуге болады.

2.1.3 «Табиғатқа» қатысты жұмбақтардың берілуі

Жұмбақ жанрының өміршендігін, өмірдің барлық саласымен тікелей байланысты екендігін дәлелдейтін фактордың бірі – оның табиғат саласында кең етек жаюынан да айқын көрінетіндігі.

Ежелден малшылық пен аңшылықты кәсіп еткен көшпелі халықтардың тыныс-тіршілігі, шаруашылығы табиғатқа, ауа райына бағынышты, тәуелді болған. Олар малдың жайымен қыста панасы, шөбі мол жылы жерлерді қыстап, жазда далалы, таулы салқын жерлерді жайлаған.

Табиғат құбылыстары, мал шаруашылығы, хайуанаттар туралы жұмбақтар сияқты, қол ісіне байланысты туған еңбек құралдары туралы жұмбақтар да өте ертеден келе жатқан мұраларымыздың бірі.

Ұлы табиғаттың барша сырын белгілі бір тақырып шеңберіне салып қарау мүмкін емес. Дегенмен, жалпы дүниетанудың, соның құрамында табиғаттанудың этнолингвистикада қалыптаса бастаған дәстүрімізде тақырыптың топтастыру арқылы табиғат саласындағы қазақ жұмбақтарының сипатын қарастыруға болады.

Олар: аспан денелері, табиғат құбылыстары, жан-жануарлар дүниесі, өсімдік дүниесі, жер-су т.б. Мысалы аспан денелеріне байланысты.

Тау тарс етсе, тағы үркер,

Таудағы елдің малы үркер.

Қырдағы жылқы үркер,

Жортып жүрген түлкі үркер.

(Күннің күркіреуі)

Табиғаттың сирек кездесе да, адамды шошытып, мал біткенді үркітерліктей тарсыл-тұрсылы, «табиғат заңдылығы» дегенмен, көк аспанның екіге бөлініп кету қаупін туғызарлықтай қорқынышты сәті бейнеленген.

Таудағы тағыны, қырдағы малды, тіпті үйдегі адамды да үркітетін табиғаттың дүлей күшінің бейнесі. Осындағы «тарс ету» - дыбыс еліктеуіші, оқыстан қорқыта шыққан қатты дауыс, «үрку» - қорқуды, соған байланысты, алақтап қашуды, сақтануды, тіпті үйде отырып «астапыралла» деп жаратқанға сыйынуды, барлық қорқыныштан, үрейден «жоғарыдағы иеміз ғана алып шыға алады» дегенді көрсететін құбылыс болып табылады. Жұмбақ жанрының өміршеңдігін, өмірдің барлық саласымен тікелей байланысты екендігін дәлелдейтін фактордың бірі – оның табиғат саласында да кең етек жаюынан да айқын көрінетіндігі, соған сәйкес жұмбақтардың көптігі. Ежелден малшылық пен аңшылықты кәсіп еткен көшпелі халықтардың тіршілігі, шаруашылығы табиғатқа, ауа райына бағынышты, тәуелді болған. Олар малдың жайымен қысты панасы, шөбі мол жылы жерлерді қыстап, жазда далалы, таулы салқын жерлерді жайлаған. Табиғат құбылыстары, мал шаруашылығы, хайуанаттар туралы жұмбақтар сияқты, қол ісіне байланысты туған еңбек құралдары туралы жұмбақтар да өте ертеден келе жатқан мұра. Ұлы табиғаттың барша сырын белгілі бір тақырып шеңберіне салып қарау мүмкін емес. Дегенмен жалпы дүниетанудың, соның құрамында табиғаттанудың этнолингвистикада қалыптаса бастаған дәстүрімізде тақырыптың топтастыру арқылы табиғат саласындағы қазақ жұмбақтарының сипатын қарастыруға болады.

Олар: аспан денелері, табиғат құбылыстары, жан- жануарлар дүниесі, өсімдік дүниесі, жер-су т.б. Бұлар көбінесе салыстыру, теңеу, шендестіру тәсілдері арқылы жасалып, образды сурет арқылы көз алдымызға елестейді. Мысалы, ғалам бейнесі, ғаламның тілдік бейнесіне байланысты, көк тәңірі, аспан денелеріне қатысты жұмбақтардың беретін танымдық мағынасы зор. Халқымыз этнос танымы сипатында оны да келістіріп, ұғынықты тілде жұмбақтай білген:

Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,
Жаз шіріп, қыста үсіп-тоңбайтұғын.
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,
Іші кең бәрін салса толмайтұғын.

(Көк, Аспан)

Жаратылыстағы Жер - Анамыздың жылдың төрт мезгіліне сәйкес, түрленіп отыруы (жазда – жайнап, құлпырып, қыста - ақ көрпеге, мамыққа оранып, көктемде – гүлденіп, түлеп, күзде – елді тойындырып, бәрін жуып-шайып, шаң-тозаңынан арылтатын кезеңдерін көрсете білген)

Бір түкті кілем,
Бір түксіз кілем.

(Аспан. Жер)

Керегенің басында **кепкен бауыр**,
Кесіп алса таусылмас неткен бауыр. (Ай)

Кереге – шаңыраққа шаншылған уыққа байланып, шаңырақты керіп, ұстауға мүмкіндік туғызатын шеңбер тәріздес киіз үй бұйымдарының бірі.

Осы кереге көздерінен сығалап көрінген жарты айдың суретін «әне, ай көрініп тұр» дей салмай, сақтауға келмейтін нәзік бауырды кептіріп айтуы – мәңгілік идеясын көзімізге елестетеді. Бұл да этностың сөз саптаудағы шеберлігін аңғартады.

Ақ шатыр, ақ шатырдың ішінде,
Қызыл көзді шал жатыр. (Аспан, Күн)

Жан-жануарлар дүниесіне байланысты жұмбақтар да өте көптеп кездеседі. Оның бәрі де көшпелілер дүниетанымындағы этностың өзімен бірге туып, біте қайнасып, қазақ ғұрпының табиғат-анамен тікелей байланысты қағидалары іспетті дүние.

М: **Апан-апан,**
Ескі шапан,
Иір қобыз,
Жарық жұлдыз.
(Түйе)

Екі кісі қарауыл қарады,
Бір кісі шөпшек терді.(Түйенің өркеші мен ерні)

Түйенің сынын білген халқымыз оның теңеуін де таба білген. Мұндағы «екі кісі» оның қызметінің қарауылға теңеп тұрғаны - өркеші болса, шөпшек теретін әрине, «аузындағы мүшесі» – ерні болғаны.

Түсі түйенікі,
Аяқ- басы **сырдікі,**
Құйрығы ешкінікі,
Мүйізі ғана өзінікі. (Бұғы)

Төрт түліктің төрелері саналатын үй жануарлары – түйеге де, сиырға да, ешкіге де ұқсаған қай жануар, дей салмай иіріп акеп, әдемі жұмбақтай білу де – үлкен өнер болса, бұл өнер- этноспен тығыз байланыста өмір сүретіндіктен көруге болады. Сирек кездесетін бұғы малының мүйізінің ерекшелігін тұспалдап көрсетіп тұр.

Екі төлдің атынан,
Бір төлдің аты шығады.(Тайлақ)

Халқымыздың ертеден-ақ логикалық ойды дамытудың жолын біліп, жұмбақтау сырын жетілдіріп отырғандығын байқаймыз. Себебі, тай – жылқы төлі, лақ – ешкі төлі. Осы екеуінен бір төлдің аты – түйенің төлі – тайлақ шығатынын жұмбақ арқылы айтқан. Ежелден малшылық пен аңшылықты кәсіп еткен көшпелі халықтардың тіршілігі, шаруашылығы табиғатқа, ауа-райына бағынышты, тәуелді болған. Жұмбақтың жасалу әдіс-тәсілінің басқаша екендігі

бірден аңғарылып тұрады. Ол үшін жұмбақ құрылымы мен оның көркемдік ерекшелігін білу керек. Жұмбақ жанрына тән ерекшелік - көлемі шағын, құрылымы жағынан жұп-жұмыр, шымыр болып болып, аз сөзбен көп нәрсені айта білуге бейімдігі. Жұмбақтың синтаксисі де осымен байланысты, бөлек-бөлек ештеңе байқалмайды. Ол көбіне қысқа, жақты сөйлемдерден етек-жеңі жинақы пішіледі. Архитектоникасы түйінді ықшам болуына қарамастан құрылымдық бітімі әр алуан болады. Кейде образбен өрілген кішкене ғана ұғымды білдіретін сөйлем, не сөз тіркесі түрінде кездеседі. Осы жағынан жұмбақтар мақал- мәтелдерге де қатты ұқсап кетеді.

Осыған байланысты академик Зәки Ахметов былай дейді: «Мақал-мәтел де басқа поэтикалық формалардың үлгілері тәрізді кейде шағын сөйлемдерден тұрады. Мұндай жағдайда ол қарапайым ғана ырғақты-құрылымдық түрде иленеді, әдетте ырғақтық түрде иленбесе де, түрлі дыбыстық қайталаулар арқылы бірігеді» [52,212-б].

Бір ғана жолдан тұратын жұмбақтар:

Үйдің іші толған **мыс кене**

(Керегенің көзі)

Қырық қой **қырқылдақтан** су ішіп жатыр

(Уық, шаңырақ)

Үй айнала **қан төктім.**

(Басқұр)

Салыстырмалы тұрғыда берілген жұмбақтар синтаксистік тұрғыдан алғанда жай сөйлем үлгілері. Біреулері толымды болса, екіншілерінің бастауыш, не баяндауышы түсіріліп толымсыз сөйлемге айналған. Жұмбақ-үнемшіл категория. Ол басы артық, орынсыз тұрған сөзді көтермейді. Қара сөзбен берілген жұмбақтарда ішкі ұйқас, дыбыс қайталаушылықтың болуы шарт емес. Бірақ жұмбақты таңдаған, не оқыған кезде жай ғана хабарлы сөйлемдей қабылдаймыз. Қайталау-тілдің көркемдегіш-мәнерлегіш тәсілдерінің бірі. Бұл тәсілді әр жанр өзінше пайдаланады. Жұмбақ мәтіндеріндегі қайталау буын, сөз қайталау т.б қайталау - әрі композициялық, әрі стильдік құрал. Жұмбаққа тән ерекшелік - сөздің соңғы буыны қайталанып келуі, синтаксистік парализим, сөздердің грамматикалық құрылысындағы ұқсастық арқылы да күшейе түседі, яғни грамматикалық құрылымы үйлесім табады.

Ұзын-ұзын жолдар бар,

Үйрек қонар көлдер бар.

Ат үстінде **шоқиып,**

Отыратын күндер бар.

Сөйлем соңындағы «бар» сөздері, алдыңғы «жолдар», «көлдер», «күндер» сөздерінің атрибуты. Морфологиялық жағынан бірдей зат есімге көптік жалғауының жалғауы арқылы лексикалық мағынасы ашылып тұрғандығын көреміз. «Ат үстінде **шоқиып**» дегендегі «**шоқию**» - бейнелеуіштік мәнде тұрған сөз, яғни ат үстіндегі адамның түп-түзу, жып-жинақы болып отыруын тек көзбен көру арқылы сезіп, көзімізге елестетеміз.

Ғалым Н.Оңғарбаева жұмбақтарды салыстырмалы теңеу, қайталау, перифраз бен эвфемизмдерді, түр-түс атауларын, сан атауларын, контрастив мәнді сөздерді, тілдің көркемдегіш тәсілдерін (метафора, метонимия, синекдоха, әсірелеу т.б.), тұрақты сөз тіркестерін (фразеологизм, мақал-мәтел) қолдану арқылы анықтауды қарастырады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, жалпы жұмбақ жанры және оның тілі салыстырма теңеудің аспектісі тоғысатын объект болып саналады. Өйткені жұмбақ табиғатына тән ең басты ерекшелік – жұмбақталған заттар мен құбылыстардың мәнін, атауын өз атымен атамауға тырысу. Сондықтан бір затты екінші затқа балау, теңеу, салыстыру жұмбақ үшін тиімді тәсіл болып табылмақ.

Қазақ тіліндегі – *дай\| дей* ; - *май\| - мей* жұрнағы арқылы жасалатын лексика – грамматикалық модель өзінің өнімділігімен көзге түссе, ол халық жұмбақтарында да кездесіп отырады: Мысал келтіретін болсақ:

Тұрса **түйедей**,
Жатса **қояндай**
(*Ер-тоқым*)
Басқан жері **бармақтай** ,
Аттаған жері **апандай**
(*Таяқ1*)

Осы жұмбақтағы ер-тоқымның «түйе» және «қоянмен», таяқтың «барлық» және «апанмен» ешқандай стильдік байланысы жоқ болғанмен, өзіміздің дүниетанымымызға тән түсінік арқылы, ұлттық менталитетіміз бойынша бұлардың арасында да белгілі ұқсастық барлығын, сыртқы формасы мен мазмұнының ұқсастығын аңғарамыз және символ арқылы жұмбақ объектісінің бейнесін, кескінін көз алдымызға елестете аламыз.

«Түйедей» дегенде біздің көз алдымызға түйе малының көптеген өзіне тән қасиеттері (үлкендігі, биіктігі, арбиған көрінісі, қос өркеші, жүрісі, тұрысы т.б) бірден елестеуі мүмкін.

Жұмбақ құрамындағы екі затты салыстыра келу арқылы *қандай?* деген сұраққа жауап беріп тұратындары жиі кездеседі.

Ат басты, арқар мүйізді,
Бөрі кеуделі, бөкен санды.
(Шегіртке)

Үсті тас, асты тас
Ортасында піскен ас.
(Таба нан)

Жұмбақтарда балама теңеу ретінде де адам өміріне, этностың тыныс-тіршілік қажетіне қатысты жағдайларды малға балау кездеседі:

Қақпан - қабаған қара күшік
Шалғы - «қара бие»
Шапашот - «қабаған ит»
Кілт - «сұлу қара құнан»

Көріп отырғанымыздай, күнделікті өмірдегі әрбір қарапайым ғана затты, нәрсені күнкөріс көзі - малмен теңеуі, жұмбақ жанрына деген халқымыздың ерекше ықыласы, яғни жұмбақтардың өзінше ғана тән ерекшелігі екенін байқауға болады.

Сөздердің жеке-дара тұрып, тікелей жұмбақ баламасы болатындығын мына мысалдағы «**күмбір- күмбір**» қос сөзінен көре аламыз:

Күмбір- күмбір қарағым,
Қартайғанша жарадың.
(Кұлақ)

«**Күмбір – күмбір**» қосарланып келген еліктеуіш сөзі домбыраның үніне де, күмбездердің жаңғырығына да, айғырдың кісінеуіне де қатысты айтыла береді.

Жоғарыдағы жұмбақта бұл сөз құлақтың «күмбіріне» қатыстылығы ескеріліп, құлақтың баламасы ретінде сипатталып тұр, яғни «қартайғанша күніме жарадың құлағым» дегенді аңғартады.

Шылдыр- шылдыр жүгенім,
Сұлу қара дөненім.
(Шашбау)

Ақ сәделі қожалар,
Зікір салып мазалар.
(Самаурын)

Сарайдағы сары айғыр,
Сарнап –сарнап кісінер.
(Күннің күркіреуі)

Бұлардың бәрінен жұмбақ жанрының астарлап, әсірелеп, бейнелеп айту тәсілі арқылы жұмбақталатынын білу қиын емес.

Жұмбақтарда перифраз бен эвфемизмдер де жиі кездеседі.

Мысалы:

Ши түбінде **шұбар кездік**.
(Кесіртке)

Жаңғаққа құмар **орман еркесі**.
(Ақтиін)

Сарайдың сансыз шырағы ,
Нұр шашып, самсап тұрады.
(Жұлдыз)

Тұрғанмен жарық өзі,
Таусылмайтын шырақ көзі.
(Күн) .

Жұмбақтардың тұла бойының шып-шымыр , жинақты шығуына түр түстің де әсері, қатысы бар. Мәселен:

Қара сиырым қарап тұр,
Қызыл сиырым жалап тұр

Осы бір бұрынан келе жатқан, айта-айта жауыр болған жұмбақты алып қарасақ, мұндағы «**қара сиыр**» тіркесі мен «**қазан**» ұғымынан жұмбақтың баламасы көрінеді.

Осыны этнолингвистикалық тұрғыдан таратып айтар болсақ, «**қара сиырдың**» сыртқы көрінісі жағынан «**қара қазанға**» ұқсастығы болса керек, екіншіден бұзауын қызыл тілімен жалайтын қызыл сиырдың қара қазанды астынан «**жалап**» жатқаны жанып жатқан қызыл от жалынына сәйкестігі.

Жұмбаққа негіз болып отырған образ бір-біріне ұқсас, не сәйкес екі түрлі суретті көз алдымызға елестетеді. Бірінші сурет - қара қазанның түбін «жалап» жанып жатқан қызғылт түсті от жалыны болса, екінші сурет - қызыл тілімен қара түсті бұзауын жалап тұрған сиыр малы.

Өмірдің өзінен алынып отырған осы екі суреттің арасындағы образдылық пен сәйкестікті тани біліп, оны жұмбақ шешімі мен сырына арқау ете білу - көшпенді өмір сүріп, мал қасиетін терең тани білген халқымызға ғана тән ерекшеліктердің бірі болса керек.

Осы жұмбақтағы түр- түс символикасына да мән бере кететін болсақ, «қара», «қызыл» деген екі ұғымды білдіретін екі сөз де символдық рөл атқарып, жұмбақтың типтік-образдылық-символдық бейнесін жинақтап тұрғанын аңғарамыз, яғни «қара» - қазанның символы, «қызыл» - оттың символы ретінде қолданып тұр. Осындай жұмбақтар да халқымыздың жұмбақ жанрында көптеп кездеседі. Қысқа да, шағын жанр болғанымен жұмбақтардың ауқымы кең. Кең ауқымда түрлі тақырыптар қамтылады. Қоғамның өмір сүру дағдысында этноспен қатар жүретін тіршілік иесінің бірі - өсімдіктер әлемі болып табылады.

Тіліміздегі ғасырлар бойы қалыптасқан, көркемсөз қазынасының бір құнарлы, мәекті қорына айналған, әрі бай, әрі сан алуан жұмбақтар көптеп саналады. Солардың ішінде өсімдікке байланысты көптеген мәліметтер жоқ емес. Қазақ халқының тарихына қатысты «Қазақ қайың сауды, қырғыз Фиссар ауды» деген сөз бар. XII – XIII ғасырда жоңғар шапқыншылығы кезінде елінен, жерінен ауып, қуғын көрген, ашығып, азап шеккен қазақтардың қайың қабығын сорған, қырғыздардың тәжік тауларын паналап, Фиссар ауған кездері бейнеленген деп көрсетеді [53, 236-6]. Ерте көктемде, көк шығып, көкек айы туғанда, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Осы кезді ата-бабамыз «күн күркіреп, көк дүркіреді» деп үлкен қуанышпен қарсы алған, жақсылыққа жорыған. Күннің күркіреген сәтінде, киіз үйдін босағасына, маңдайшасына, табалдырығына ағаш шөмішті тигізіп, тілек тілеген, «оны шөміш қағу» дейді [54, 27].

Халқымызда «Шыққан қыз шиден тысқары» деген мәтел бар. Салттық ғұрпымызда қыз баланы «жат жұрттық» деп ұзатылған қызды аттап түскен «алтын босағасыныкі» деп жатады. Киіз үйдің керегесінің сыртынан оралатын шиден тоқылған тордың ішкі емес, сыртқы жағы меңзеледі, яғни жат жұрттық қыз баланың келген жеріне сіңісіп кетуі, өсіп-өнуі, сол елдің абыройын ойлауы, анда-санда тойларға төркіндеп келуі, сөйтіп өз өрісін кеңейтіп, бақытты өмір сүруін ойлағандықтан, наным-сенімнен туған ырым-жоралғы болып табылады.

Халқымызда құлындамаған бие, бала таппаған әйел жаман болып есептелген. Осындай жағдайға байланысты, «бұршағым биттегенде көргенім» деген сөз бар. Кейбір әйелдер өз уақытында бала көре алмаса, мойнына бұршақтан таспих таққан. Алладан жалынып бала сұрап, балалы болған соң баласын ерке етіп өсіріп, «бұршағым биттегенде көргенім» деп отырады.

Бұл жердегі «бұршақ - өсімдіктің ұрығы, түйіні, өсіп-өнер дәні» дегенді білдіреді. Сондықтан, бұл ұғым «өсімдік сияқты көгеріп, көктесем, тамыр жайсам, дүниеге ұрпақ әкелсем» деген тілек - ырымнан туғандығы белгілі.

Ерте көктемнен, қара күзге дейінгі аралықта адам өмірін жайнатып, жайқалып, гүлденіп, түрленіп тұратын гүлді, жапырақты, бау-бақшалы өсімдіктер, егістер мен егіндіктердің, дәрілік, шөптік өсімдіктердің адам өмірі мен денсаулығына пайдасы өте зор. Олардың тарихы мен әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерін зерттеу ісі ғалымдар назарынан тыс қалмаған.

Ш.Сейітованың «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының этнолингвистикалық сипаты» атты зерттеу еңбегі соның айғағы. Қазақ тіліндегі өсімдіктер атауларына байланысты тұрақты тіркестерге жан-жақты этнолингвистикалық талдау жасай келе, Ш.Сейітова былай дейді: «Этнолингвистика халықтың жалпы рухани өмірін, талай ғасырлық тағылым жүйесін, ата-салтын, елдік қасиетін, ұлттық болмысқа тікелей қатысты байырғы сөз қазынасын қайта түрлендіруде ерекше орын алады» деген тұжырым жасайды. [55,45]

Этнос қашанда өміршең. Сондықтан да, ол жалпы болмыстың ғана емес, өмірдің әр саласының қыры мен сырына терең бойлай алады.

Айт десе жүгірмес,

Су тисе сілкінбес. (Шөп, жердің оты)

Ата-бабамыз жылдың төрт мезгілінде де өмірін малмен байланыстырған соң, жер бетінің түгіне, әсіресе мал жейтін шөптерге ерекше мән беріп, оларды жан-жақты таныған. Неше алуан шөп тектес өсімдіктерді әртүрлі қасиетіне қарап: ақ от, боз от, жасық от, көк от, қара от, жасыл от деп бірнеше топқа бөліп қарайды.

Ақ от – тұщы шөптердің жалпы атауы. Қазан ұрылып, күздің ақ жауынына шайылған күзеудің шөбі. Жылқы малының сүйіп жейтіні – бидайық, бетеге, қоңырбас, ебелек, изен сияқты шабындық шөптер.

Жеп жатарға жасқанбай бірді берсең,

Он аларсың біріне, бір күн көрсең.

Еш уақытта еңбегің еш болмайды,

Харекет қып, беріп ал, тіліме ерсең (Егін)

Халқымыз жұмбақтағанда, «еңбек» сөзін басты назарға алуды көздейді.

«Жеп жатар» - жердің суреті, яғни «қара жерді қайырып егін ексең, ешуақытта еңбегің еш болмайды», егінді жерден өзің аямасаң, Жер-Ана аямай астығын береді дегенді меңзейді. Өзі қызыл,

Бауырында бар.

Жалғыз сызық,

Бұған жұрттың

Бәрі де ынтық. (Бидай)

Бар екен жер астында түйме басты,
Мәнісін адам тауып айта алмасты.
Өзінің кемеліне кемеліне әбден келіп,
Басына бөріктей қып ығыр шашты
(Жуа)

Күнделікті адамның өмір-тіршілігінде ас-суды пайдалануда жиі қолданатын жуа-пияздың жұмбақталуынан көп нәрсені аңғаруға болады. Піскен кезде «басына бөрік киіп, ығыр шашты» - деп бөрік кигені піскені, ауызға келіп түскені, деген түсінік берсе, «басына бөріктей ғып ығыр шашты» -жуа дәмінің адамның ығырын шығаратындай ащылығын меңзеп тұр.

Қырға кілем жайдым
(Қызғалдақ)

Жердің түгін жайқалтқан гүлдердің ең кереметі – қызғалдақ бой көтеріп ашылғанда, қырдың қызыл гүліндей кең жайқалған мен жан-жақтың құлпырып, түрленуі, кең далаға кілем төсегендей әсер беретіні айтылады.

Қар астында қыстады,
Жасылмен бөркін тастады.
(Бәйшешек)

Қыстай қар сатында жатып, көктем шыға ерте бой көтеріп, жайқала, шешек ататын «қар асты гүлі» - бәйшешектің әдемілігін аңғартады.

Шақырсаң өздігінен бара алмайды,
Сұрасаң бірден жауап бере алмайды.
Егерде, отқа салсаң өліп кетер,
Бір жерін кесіп алсаң қанамайды.
(Ағаш)

Шындығында әлемге, жер бетіне салқын саясын төгіп, қоғамда өмір сүретін әрбір жанға өзінен тараған таза ауасын сыйлайтын, табиғаттағы тіршілік иесі ағаштың «тұрсаң-сая, жақсаң -отын, жесең-жеміс» екендігі айтылады.

2.2 Қазақ жұмбақтарының бейнелілік қасиеті мен көркемдік-стильдік сипаты

Жұмбақ жанрын сөз еткенде, әрбір жұмбақтың алдына көнерген сөздерді қосып айтуды мақсат етіп қоймайтыны түсінуіміз керек. Бірақ осы көне, көнерген, байырғы сөздердің, яғни архаизмдердің де жұмбақ контексінен жиі көрінетіні - заңды нәрсе.

Себебі, халық жұмбақтары сонау ертеден келе жатқан көне, дәстүрлі, байырғы жанр ретінде көне тілдік элементтерді бойына жинап, сақтап қалғандығынан, бүгінгі тұрмыста олардың көбісі көнерген, мағынасы күңгірттенген жұмбақтар:

Бір нәрсе көруге қой, ұстауға жоқ,
Жазды күні көп болар, қыстауда жоқ. (Құс)

Қарқаралы қара құс,
Хан басына қонған құс.\

Осы жердегі «құс», «қарқара», «шидім» сөздеріне тоқталсақ, «қой» - көркем, көз тойтындай «қарқара» - о баста сирағы ұзын құс, «шидім»- бұты жіңішке, сидиған яғни шыбынның жіңішке аяғын көрсетіп тұрған архаизм болып табылады. Жұмбақ жанрында көркемсөз арсеналындағы метафора, метонимия, синекдоха, аллегория т.б. көркемдік тәсілдер жиі қолданылады. Бір-біріне ұқсас заттар мен құбылыстардың атауларын ауыстырып қолдану, яғни метафоралық тәсілдерді жұмбақтарға мысал келтіретін болсақ: «Желді мініп, желді айдадым». Осындағы «жылқы» атауының баламасы «жел» болып тұр.

Жел – метафора, яғни ол «желден жаратылған», «жал-құйрығы» желдей есетін жүйрік жануар - «жылқы» деген түсініктен туған. Мұндай метафораға, метонимияға, ассонансқа құрылған жұмбақ түрлері көптеп кездеседі.

Жұмбақ - халық өмірінің бай тәжірибесін, дүниеге эстетикалық және этикалық көзқарасын білдіретін көне жанр. Онда әр халықтың тұрмыста, өмірде кездестірген заттары, оқиғалары туралы ойы, қиялы бейнеленген.

Жұмбақтың тамаша сырының бірі - оның негізгі сарынынан сол халықтың шаруашылық қалпы, әдет-ғұрпы, рухани байлығы айқын көрінуде. Егер қазақ халқының жұмбақтарын аударып қарап, ақтара тексерсек, халқымыздың өткендегісін, немен шұғылданғанын дұрыс аңғарамыз.

Адам еңбекті алғаш осы қол ісінен бастаған. Қазақ сияқты көшпелі халықтардың шаруашылыққа керекті заттарының бәрі де бұрын қолдан жасалған.

Сондықтан, қазақ фольклорында құрал-сайман туралы жұмбақтар да молшылық. Мысалы, ине туралы жұмбақтарда оны « жалғыз көзді», «тап жорға», «сүйреткелі тайлақ», «екі құйрықты тышқан» деп келеді:

Бар екен дүниеде **жалғыз көзді**,
Сол көзбен дүниенің бәрін кезді.
Әлемді он сегіз мың киіндіріп,
Дүниеден **жап- жалаңаш** өзі безді,-

деп келетін жұмбақта инені ертегілердің жанды кейіпкері «жалғыз көзді» алыпқа ұқсатып, оның атқаратын қызметін әсірелеп отыр.

Қазақ фольклорында «жер жүзі» , «бүкіл әлем» деудің орнына «он сегіз мың әлем» деген сөздер қолданыла береді. «Дүниенің бәрін кезген» деп иненің бүкіл адамзатқа керекті зат екені және иненің негізгі қызметі жұмбақталған.

Іс тігуші көп қолданатын аспаптың бірі – қайшы. Заттық жұмбақтарда қайшыны екі басты жалмауыз , тісі, ерні жоқ, көмейі қазықтаулы бір белгісіз затқа да ұқсатады:.

Екі пышақ **бірлесіп**,
Кесіп-пішіп береді.
Екеуі **бір жүрмесе**,
Жоқ қой бізге керегі
(Қайшы)

Мұнда қайшының пышақтай өткірлігі, оның «кесіп –пішіп беретін қызметі, әрі іс тігетін адамға өте қажеттілігі айтылған.

Халық бір нәрсені жұмбақтағанда оны өзі көрген затқа ұқсатып қана қоймай, сонымен қатар оны бейнелеу үшін өзінің ойын, фантазиясын да кеңінен пайдаланады. Сондықтан да жұмбақтарды халық шығармашылығы деп бағалауға болады.

Бұл туралы белгілі ғалым М.О.Әуезовтің жоғарыда берілген еңбегінде: «Жалпы алғанда жұмбақ-адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді», - деген.

Еңбек құралдары жайында шығарылған жұмбақтардан халық юморы елес береді. Мысалы, бүктеулі ұстараны.

Тәрде **мысық** жатыр,

Құйрығын қысып жатыр,-

деп жұмбақтайды.

Заттың даралық белгілерін, ерекшеліктерін таныту үшін халық атын жасырып отырған нәрсенің **жоқ** қасиетіне **бар** қасиетін қарсы қою, салыстыру тәсілін де кеңінен қолданады.

Аузы **бар**, асы **жоқ**,

Ақылы **бар**, басы **жоқ**.

Ашуы **бар**, таяғы **жоқ**,

Қолы **бар**, аяғы **жоқ**.

(Қақпан)

Бұл жұмбақ қарсы мәндес-антоним сөздерден құрылған. **Бар-жоқ** қасиеттерін қарсы қою арқылы жұмбақ айтушы қақпанды, оның ерекше белгілерін тыңдаушыға ұғындыра алған.

Үй, от, ыдыс-аяқ, ине, қайшы, оймақ сияқты әйелдердің қолеңбек құралдары туралы жұмбақтардың шығуында әйелдердің үлесі зор болса керек. Олай дейтініміз, «Мал қадірін баққан білер, от қадірін жаққан білер»-дегендегі аталған, талданған заттардың, нәрселердің сыр-сипаты, ұңғыл- шұңғылы ұсақ детальдарына дейін түгел қамтылған, көзбен көріп, қолмен ұстап үйренген, еңбекші адамдардың ауыздарынан шыққан.

Бір нәрсе төртпақтасып ұйықтап жатыр,

Қарнына көрінгеннің бәрін жұтар,

Адамзат қажеттісін іздегенде,

Қаңқ етіп, «ала ғой» деп аузын ашар.

Бұл жұмбақта ана, әжелеріміздің күнде ашып-жауып жүрген сандығы бейнеленген, сандықтың сыртқы көрінісі, қызметі, адамға тигізетін пайдасы, тіпті, қақпағы ашылған кездегі дыбысы да дәлме-дәл берілген. Мұнда сонымен қатар, көне сөздерді, көнерген жұмбақ-жалғауларды да ұшыратамыз.

Жұмбақтардың білім берерлік бір мәні осында болса керек. Мысалы, жоғарыда келтірілген жұмбақтағы бір сөзді талдай кетейік. «**Төртпақтасып**» деген сөздің негізі – «**төртпақ**», *та-* жұрнақ, *с-* ортақ етістің жұрнағы, *-ып* көсемшенің жұрнағы, бәрі қосылып бір сандықтың төрт аяғын бірігіп, ортақтасып, төрт бұрыштанып тұрғанын көрсетеді. «Төртпақтасып» деген форма қазіргі әдеби тілде қолданылмайтын, немесе тіпті сирек қолданылатын, тек халық жұмбағында ғана сақталған форма.

Қазақ жұмбақтарының бір қасиеті - мұнда шаруалар тұтынған еңбек құралдары, аспап-қарулары, дүние – мүліктерінің барлығы бейнеленген. Өмірге, тұрмысқа енген әрбір жаңалықпен бірге жаңа жұмбақ туып, қосылып отырған. Бұл тұрғыдан алғанда жұмбақтарды заттың серігі, көлеңкесі деуге болады.

Еңбек құралдары, тұтынатын бұйым - мүліктердің көбі адамға, немесе жанды нәрсеге ұқсатылады және атқаратын қызметіне қарай жұмбақталады.

Арқасында азығы,
Бауырында қазығы,
Күнде шүлен тарқатар,
Оның неден жазығы?-

дейтін жұмбақта ас столының сыртқы түрін суреттеумен бірге, ол мырза, жомарт (шүлен тарқататын) адамға ұқсатылған. Адам өмір сүру үшін ең алдымен еңбек етіп, табиғаттан өзіне керегін ала білу қажет. Аңдарды қолға үйрету, аң аулау, егін салу-осылардың барлығы үшін адамға тиісті қару-жарақ, құрал-жабдық керек болған. Діқаншылықпен байланысты туған еңбек құралдарын бейнелейтін жұмбақтар да аз емес. Оларға кетпен, күрек, шалғы, орақ т.б. құралдар жайындағы жұмбақтар жатады. Солардың бірінде былай бейнеленеді:

Ағашқа темір саптаған,
Жұқартып жүзін баптаған.
Керек қылар диқаншы,
Сат десең де сатпаған.

(Кетпен)

Көшпелі елдің алғашқы көлігі ат, түйе, сиыр болса, кейінен оған арба, шана қосылған. Көптеген жұмбақтарда арбаны «басы, көзі, құлағы жоқ... жүк артсаң белі майыспайтын» көлікке жанастырады.

Бір жұмбақта арбаны:

Ербегей де сербегей,
Иесіз үйге кірмегей,
Атсыз сірә, жүрмегей-
деп ишараттайды.

Мұнда, біріншіден, арбаның сыртқы түрі бейнеленсе, екіншіден, адамсыз («иесіз үйге кірмегей»), атсыз («атсыз сірә жүрмегей») жүре алмайтын жансыз «көлік» қатынас құралы екендігі тұспалданады.

Бұл жұмбақтың баяндаушы етістіктің болымсыз тұлғасына қалау райдың жұрнағы –*гей* қосылуы арқылы жасалған және етістік келер шақта айтылған.. Оның үстіне арбаның ағаштары «ербиген-сербиген» деу орнына «**ербегей-сербегей**» деп, көне формада –*гей* жұрнағы арқылы суреттелген. Мұнда зат (арба) қана жұмбақталып отырған жоқ, сонымен бірге оның белгілерін көрсететін сөздер де жұмбақталып отыр.

Халық ең алдымен өзіне белгілі бір деректі нәрсені жұмбақтайды. Егер ол дерексіз нәрсені жұмбақтайтын болса, оны әуелі белгілі бір заттық ұғымға келтіріп алады. Екіншіден, жұмбақталатын нәрсе міндетті түрде екінші бір затқа салыстырылып, теңеліп көрсетіледі. Міне, сондықтан да мұндай

жұмбақтар заттық жұмбақтар деп аталады. Заттық жұмбақ халық жұмбақтарының негізі болады. Заттық жұмбақтарда заттың ең негізгі, дара қасиеттері айтылады. оның шешуі сол заттың аты болады.

Қазақтың заттық жұмбақтарының тақырыбы алуан түрлі. Халық өзін қоршаған нәрсенің бәрін дерлік жұмбақ еткен. Қазақ халқы жұмбақтарында қамтылатын тақырыптары - аспан мен жер, адам мен жануар, дүние- мүліктер, ыдыс-аяқ, қару-сайман, еңбек, қатынас, байланыс құралдары, техника жаңалықтары т.б.

Жай жұмбақтарда жасырылатын да, сонымен салыстырылатын да деректі заттар, яғни есім сөздер, атаулар. Әдетте, бір затқа (нәрсеге) жұмбақталған заттың мынадай белгілері, қасиеттері салыстырылады, ұқсатылады:

Біріншіден- заттың сыртқы тұлғасы мен түрі-түсі;

Екінші- заттың тұрақты саны мен көлемі (мөлшері);

Үшінші- заттың қызметі (функциясы мен қимылы);

Төртінші- заттың шыққан тегі (генезисі);

Бесінші- заттың дауысы, дыбысы т.т..

Заттарды салыстыра жұмбақтағанда үш түрлі жағдай байқалады:

біріншіден-заттарды даралап, жекелеп сипаттау;

екіншіден - заттарды қосарлап, парлап сипаттау;

үшіншіден- заттарды жинақтап, топтап сипаттау.

Жұмбақ – негізінен өшпейтін, керісінше өсіп, дамып отыратын жанр. Сондықтан жұмбақ жасауда метафора, бейнелеу, теңеу, әсірелеу, метонимия секілді тілдің суреттеме және көркемдегіш тәсілдерінің де кеңінен қолданылып отыруы маңызды, әрі қажетті нәрсе.

Судан шықты тасбақа **жымыңдаған**,

Қайқайтып-ап тұмсығын, **сумандаған**.

Денесі болат темір, сондай мықты,

Артқы жағы **бұрқылдап, сырдаңдаған**.

Жұмбақта «жымыңдау», «сумандау», «бұрқылдау», «сырдаңдау» - бейнелеуіш етістіктері арқылы осы заманғы суда жылдам жүзетін моторлы қайықтың бейнесі көзімізге елестейді..

Бір зымырақ дүниеде екі аяқ,

Күш берген оған дағы аямай-ақ.

Адамды көтеріп ол ұшады екен,

Былқылдап құс төсектей жұмсақ тұяқ.

(Велосипед)

Беті үлкен тым-ақ өзге денесінен,

Бұландап, түсіп шығар кемесінен.

Ішіне қарын-қарын суды құйып,

Шығады **сүңгіп-сүңгіп** денесімен.

(Ожау)

**Тарбаң-тарбаң тарбиған,
Түрі жаман жарбиған.**

(Тасбақа).

Ілби басқан майдақадаммен күнұзақ асықпай, бойы аласалықтан жерге жабысқандай көрінетін темір сауыт иесінің бойы мен ұсқыны, жүрісі туралы. Қазақ жұмбақтарында табиғат құбылыстарына да ерекше жан бітіріп, оны адам образына енгізу арқылы түсіндіру әдісі бар. Халқымыз табиғаттың әрбір тылсым күші мен түрлі құбылысын мән бере отырып сипаттай білген. Мысалы, сирек кездесетін құйынды «**ашуланшақ, ақымақ**» адам бейнесінде көрсетіп, жұмбақтай алғанын мынадан көруге болады:

Ашуланып, **бұртиды**,
Аузы көпіріп **құтырды**.
Ашушаң, ақымақ,
Кез келгенді **ұшырды**.

(Құйын)

Осындағы «**бұртию**» - бейнелеуіш мәнді етістігінен, ашуланғанда өзін-өзі ұстай алмай, жолындағының бәрін қиратып, «осымен бәрі біттіге» балап, бет қаратпайтын жылдам қозғалыстағы құйынды көзімізбен көріп, көңілімізбен сезінгендей боламыз.

Жұмбақ жасыруда халқымыз тапқырлық пен ұтқырлыққа сүйенген. Жансызды қимылдатып қана қоймайды, сонымен қатар сөйлетеді де. Кейбір заттар адамша сөйлеп, адамша ойлайды. Күнделікті өміріміздегі шай ішетін самаурынды бірде «келіншекке», бірде «кемпірге», бірде «молдаға» балайды.

Мысалы: **Ақ сәлделі қожалар**,
Зікір салып **сұңқылдар**.
Өз тамағы тойған соң,
Бейне жынды **бұрқылдар**.

Осындағы «**сұңқылдар**», «**бұрқылдар**» еліктеуіш етістігі, адамның сөйлеудегі жағымсыз, сүйкімсіз қимыл-әрекетін көзге елестетеді. Халық арасында жансыз затқа қимыл-әрекет дарыту мақсатында самаурынды жануарға теңеп былай деп те айтылады:

М: «Салдыр-салдыр, сары айғыр, ашуланса кісінер».

Сары айғыр – жүгенін салдыратып, адамды мінгізбей тоңқыған айғыр-аттың бейнесін көруге, естуге болатын құбылысты жұмбақтайды. Сол арқылы сақырлап қайнаған, екі иығынан дем алып, буы бұрқыраған самаурынды көреміз.

Сол сияқты:

Тайпандайды, бүгіліп құла жорға,
Маңызданып, аяғын басар зорға.
Неше күн дамыл таппай жүрсе дағы,
Иліп, жерден шөпті жемес сонда.

(Шана).

«**Тайпандау**» - бейнелеуіш етістігі жүрудің қимыл-әрекетін көз алдымызға келтіреді. Асықпай, әнтек және біреудің ептеп, сүйемелдеп-сүйреуімен амалсыз сүйретілген қозғалысқа қарап тұрып таңғалуға болатын құбылыс.

Көк көйлекті жеңешем,
Көлбең-көлбең етеді.
Артындағы баласы,
Елбең-елбең етеді

(Түтін)

Бұл жұмбақтағы «**көлбең-көлбең**» мен «**елбең-елбең**» қосарланып тұрған қос сөзді бейнелеуіш етістігі, «көлбеңдеу», «елбеңдеу» сөздерінің инварианттары. Көлбей ұшқан түтіннің ұзап барып, біраз ирелендеп, сосын көзге көрінбей кетуі - үстіне көлкілдеген, кең етек, жарасымды көйлек киген еркемінез жеңгейдің бұрандаған, бұлаңдаған тосын мінезін көрсетеді.

Иектеп еденді,
Ирендеп келеді.
Шаң менен тозаңды,
Қылғыта береді.

(Шаңсорғыш)

Кәдімгі, қарапайым шаңсорғыштың ысылдап, бауырымен жылжып, жолындағысын жайпап жіберетін жорғалаушы зиянкестерге ұқсатылып көзімізге елестетілуі – жұмбаққа бейнелеуіштік сипат береді:

«**Иектеу**»-бауырымен жорғалаушының сезім органының жоғары деңгейде дамығандығын көрсетсе, «**ирендеу**»- қалай болғанда да, тоқтамай алға жылжу, «**қылғыту**» -ашқарақтықпен жолында кездескеннің бәрін жұта беру.

Дәл осы жұмбақты басқаша айтуға да болар еді, бірақ ол кезде бейнелеуіштік сипат алып, тартымды болмас еді.

Мына бір жұмбақтан да бейнелеуіштік сипат айқын көрінеді:

Қос аяқ жүрген қуып,
Жел мықтап үрген қуық.
Бірде жөн, бірде лағып,
Қашады **зыр-зыр** қағып – деп келеді.

Бұл жұмбақтағы «**зыр-зыр қағу**» - дыбыстық еліктеуіш емес, бейнелеуіш етістік болады. Себебі, қатты тебілген доптың беталды лағып қашуы да, тек көзге ғана көрінетін құбылыс.

Маң-маң басып барады,
Күлшесі қалып барады.

(Түйенің ізі)

Төрт түліктің төресі – түйе малының асықпай, маңқиып, зілдей табанының салмағы қара жерді қайыстыра, ойдым-ойдым ізін қалдыра жүріп бара жатқан сәті суреттеледі.

Екеуі **елендесіп** келеді,
Төртеуі төбелесіп келеді.

(Аттың құлағы мен төрт аяғы)

Ірі қара жылқы малының екі құлағы мен төрт аяғының үнемі қозғалыста болатындығы, «ием не дер екен, шабуға әзірмін» дегендей, екі құлақтың қайшыласып, кейде шыбын-шіркейден сақтанып, үздіксіз қимылдап тұруы.

Жылт-жылт еткен,

Жылғадан өткен.

Адам тіршілігінің мәні болып табылатын судың - тауды да, тасты да бұзып өтердей күші бола тұра, желсіз, таза ауа-райының қалпын ұқтырып, күн көзінің шашырай түскен сәулесінен бірқалыпты ағысын тоқтатпай, «**жылтырап**» күлімсіреп, жымыып, толқынданып, талай жылғаларды артқа тастап кетіп бара жатқандай сәті көз алдымызға келеді.

Сырт еткіздім түймені,

Жарқ еткіздім бөлмені,

Шоқтан қолым күймеді.

(Электр жарығы)

Электр нүктесін қосқандағы бөлменің күн сәулесіндей жарқырап шыға келуі, жанған оттың алауы мен жарығынан адамдардың жарқырағандай, көздері бақырайып ашылғандай әсерде болып, көңіл-күйінің білінуі.

Қақпаны **тарс-тұрс** жабады,

Терезені қағады.

Үлдейді ысқырып,

Қорқытады баланы

(Боран).

Ұйтқып соққан боранның үлдеген, ысқырынған долы мінезінен үй терезелерінің сықырлауы, қақпаның ашылып-жабылуы, долданған аяздың құтырынған ашуын көрсетеді. Бұл жердегі «**тарс-тұрс**» - дыбысты емес, боранның әсерінен нық тұра алмай, оңды-солды соқтығысқан қақпа есігінің шайқалақтауын көрсетіп тұр.

Аяғы жоқ жүреді,

Сылқ-сылқ күледі

(Өзеннің ағысы).

Қазақ тілінде «**күлу**» етістігінің бірнеше түрі бар. Мәселен, қарқылдап күлу, жарқылдап күлу, шақырақтап күлу, жырқылдап күлу, сылқылдап күлу т.б.

Сылқ-сылқ күлу – күлудің қосарланған түрі, яғни дауыс шығармай, толқынды толқын қуалап, тұншығып күлу арқылы өзінің тіршілігіне риза қалпын сездіру.

Үлкен-үлкен түйені,

Тастапты атам **шөгеріп**.

Өркеші бұлтқа тиеді,

Бауыры жатыр **көгеріп**. (Тау)

Халық тұрмысынан алынған алынған образды сурет көз алдымызға бейнелілігімен елестейді. Таным процесімен ұштасып, көркемдік ойлау мен бір нысананы мың құбылған бояумен айшықтау орын алады.

Жалғанда бір **құдық** бар суы тәтті,

Қауғасын бес бәйтерек мықтап тартты.

(Сиырдың желіні)

Бұл жұмбақта - мал сауу көрінісі сипатталады. Құдық - иініп тұрған мал, Су құятын қауға – сүт құятын шелек, бес бәйтерек – адамның сүт сауған бес

саусағы. Сонда иініп, тыпыршып тұрған сиырды тездетіп, бес саусақты толтыра тартып, сауып алу көрінісі берілген. Кейде шелекке тиген сүт дыбысының дауысы құлаққа естіліп, бейнелі көріністі сипаттайтын еліктеуіш етістік болады

Жұмбақтарды Аристотель: «Жан-жақты жымдасқан метафора» - дейді. Яғни затты бейнелеп, баламалап сипаттау арқылы ұқсас заттардың қасиеттері мен түріне, көлеміне зер салып, жұмбақты шешуші жұмбақты шешеді, әрі заттарды салыстыра көз алдына елестетіп, дүниетанымдық қабілетін дамытады. Жұмбақтар, көбінесе үйлесімді ұйқасы әсем де, ырғақты өлеңмен құрылады, тек оның сөздік қисыны, өдеңдік ұйқасымы болуға тиіс.

М.Әуезов өткен ғасырдың 40-жылдары: «Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы-дәні тәрізді. Бұл үшін жұмбақтардың түрлі жақтарын тексеріп, тану да ғылыми міндет» - деп жұмбақтардың көркемдік құнарлылығына, бейнелілігіне үңілудің қажеттігін айтқан болатын [56, 12-б].

Жұмбақтарды жанрлық ерекшелігіне қарай ескеретін жағдай – олардың қай-қайсысы болсын, авторы, белгілі және белгісіз, ұмыт болған, көне және жаңа, үлкендерге және балаларға арналған жұмбақтар болып іштей жіктеледі. Сондықтан да, жұмбақтар авторының бар-жоғына байланысты халық жұмбақтары және авторы белгілі жұмбақтар болып топтастырылады. Олар поэзия және проза түрінде келе береді.

Авторы белгілі жұмбақтардың халық жұмбақтарына айналуы бір деңгейден екінші деңгейге біртіндеп барып өтетін құбылыс. Топтастыру, зерттеу нәтижесінде кейінгі 50-60 жылдардың ішінде пайда болған авторы бар жұмбақтардың өзі бірте-бірте авторсыз жұмбақтарға айнала бастағаны белгілі болады.

Жұмбақ қоршаған ортаны, айналадағы заттарды көркем тілмен бейнелеп, адамдардың әсемдік талғамын оятады. Онда қарапайым заттардың өзі асқақ поэтикалық толғаныспен бейнеленеді.

Жұмбақ тілі – қарабайыр емес, образды, құнарлы да, көркем тіл. Одан бір кездердегі халықтың сұлулыққа құштар талғам-түсінігі көрінеді.

Жұмбақтың нақышты да, айшықты образдарына, алмастыруларына арқау болатын нәрселер – адамдардың күнделікті тұтынып, қолымен ұстап жүретін заттары, айналасында байқап жүрген құбылыстары.

Мысалы, киіз үй – көшпелі қазақтың қатты қадірлеген, күтіп ұстаған ең бағалы мүлкі. Оның іші-сыртын көз тартардай етіп безендіруге, ою-өрнектермен, кілем-киіздермен, түрлі-түсті бояулармен сәндендіруге көңіл бөлінген.

Халқымыздың өмір сүру дағдысында ерекше орын алатын - **киіз үй** туралы жұмбақтар да өте көп кездеседі. Күнкөріс қажетіне жарап, баспана қызметін атқаратын, ұлттық менталитетімізге ғана жарасатын осы киіз үйді жай ғана айта салмай, адамның көз алдына келістіре суреттеп көрсете білген:

Бұғы, бұғы, бұғы ұзын,
Бұғыдан да бойы ұзын.
Алтын қошқар мүйізі,

Аба киік терісі – деп ерекшелесе, оның жиналу, құрылу сәттерін былайша көрсетеді:

Қазша қанатын **жаяды**,
Үйрекше мойнын **созады**.

Құсша **қонады**, - деп әлем кеңістігінде еркін самғайтын құстың еркіндігіне балап, ғалам бейнесін көз алдымызға елестетеді.

Ал шыққан күннің шашырап тараған сәулесімен теңесетін керегені:

Алтынменен **аптадым**,
Күміспенен **күптедім**.
Бірін өрге шығарып,
Бірін жерге **түптедім**, - деп те сипаттайды.

Киіз үйдегі уық санының отыз болғандығы – отыз омыртқа, керегесі – қырық қабырға, шаңырағы – ауыз омыртқа деген тамаша ауыстырулармен меңзеледі.

Жұмбақ еркін көсіліп, жайылуды сүймейді. Көп сөзділікке бой ұрмай, ықшам, жинақы пішіледі. Бір затты, немесе құбылысты нысана ете отырып, оны астарлап, бүкпелеп бейнелеуді, осы тұспал бейнені тыңдаушыға табуды артады. Жұмбақты жасыру да, шешу де адам миындағы күрделі ойлау жүйесіне негізделеді, анализ және синтез тәсіліне арқа сүйеу арқылы жүзеге асады. Жұмбақ жанрында белгілі бір өлеңдік қалып сақтала бермейді. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан түрлі өрнектеледі. Олардың ішінде қара сөзбен келетіндері де аз емес. Жұмбақ жанрына тән басты ерекшелік – көлемі шағын, құрылым жағынан жұп-жұмыр, шымыр болып, аз сөзбен көп нәрсені айтуға бейімділігі. Көбінесе қысқа, жақты сөйлемдерден тұратындығы жұмбақ жанрының синтаксистік мәнін аңғартады. Жұмбаққа тән ерекшелік – тармақ соңындағы сөздің үнемі қайталануы. Сонымен қатар, синтаксистік параллелизм, сөздердің грамматикалық құрылысындағы ұқсастық арқылы да күшейе түседі.

Мысалы: Ұзын-ұзын жолдар бар,
Үйрек қонар көлдер бар.

Ат үстінде **шоқиып**,

Отыратын күндер бар. Шумақтың жолдары «бар» сөздерімен аяқталған, оның алдында тұрған «жолдар», «көлдер», «күндер» сөздері морфологиялық жағынан бірдей, зат есім, оған көптік жалғау қосылып, сол арқылы үндеседі. Үшінші жолдағы «ат үстінде шоқиып» сөзіндегі «**шоқию**»-бейнелілік мәндегі етістігі отырудың әп-әдемі, жинақылығын, белгілі бір мақсатқа сәйкес ыңғайлы отырысты көрсетеді.

Жұмбақтың көркемдігі жайында ғалымдар оның метафоралылығын баса айтады, яғни түрлі ауыстырулардың жұмбақтың мазмұны мен түр ерекшелігін сипаттайтындығын ерекше көрсетеді.

Жұмбақ байламының бөлек, оқшау тұратын, оның өзіне ғана тән, өзгелерде қайталанбас қасиетін тайға таңба басқандай етіп ұсынуы ауыстыруға тәуелді. Ауыстыру – құбылысты дәлелдеп, даралап, оның басқа басқа құбылыстарда жоқ белгісін көрсетеді. Ауыстыру тұспалданған бейнені көркем образ түрінде жеткізеді. Сондықтан ауыстыру тәсілі арқылы жұмбақтың ауқымдылығы, бейнелілігі, ұтымдылығы, тосындығы егжей-тегжейлі

сарапталып, жұмбақтың жанрлық табиғаты ашылады. Жұмбақта тұспал айқын көрінбей, емеурінмен елес береді. Ауыстырудың дәнекерлік қызметі осы тұста көрінеді. Жұмбақтың тілдік өрнектерінде халықтың тарихи – қоғамдық өміріндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктерді танытатын, солардан туындаған нақыштар өте көптеп кездеседі. Олар өмірден алынған нақтылы әсерлердің, тәжірибеге сүйеніп, бірнеше құбылыстардың ұқсастығын айқын аңдап, байқаудың нәтижесінде дүниеге келген.

Қатар-қатар боздаған,

Бірінен - бірі озбаған.

Ботасы өлген інгендей,

Аңырып тұрып боздаған.

Шешуі – кәдімгі телеграф бағандары.

Қазақ төрт түлікті, әсіресе түйе малын, соның ішінде інгенді тек тіршіліктің көзі деп қана қарамай, адамша қайғыра білетін сезім иесі деп түсінген.

Жұмбақта жапан далада қатар-қатар тізіліп, міз бақпай тұратын бағандардың сырт қарағандағы аянышты көрінісі көз алдымызға келеді.

Адамның күнделікті жақсы тұрмысы үшін сол тұрысы, яғни қазықтай қағылған қалпы пайдалы, бірақ жылдар бойы желдің өтінде тұрғаннан жалығып, «ботасы өлген інгендей, аңырып тұрып боздауы» деген тіркес арқылы қайғылы суретті елестетеді. Осы жерде мән бере кететін жайт, егер «**аңырау**» болса – құлағымызға естіліп, дыбыстық еліктеуіш болар еді. Жұмбақта «**аңыру**» - көзбен керу арқылы бейнелеуіш етістік болып тұр. **Аңырау** – қайғырғаннан, күйзелгеннен бет қаратпай дауыстап жылау. **Аңыру** – бір орыннан қозғалмай күйіну, іштей мүжілу, күйіну, сілейіп тұрып қалу.

Қазақ жұмбақтарының стильдік ерекшеліктері туралы да ғалымдар өз тұжырымдарын айта білген. Сол сияқты ғалым А.Ысқақов былай дейді: «Жұмбақтардың стильдік ерекшелігі – экспрессивтік бояуы күшті, модальдік реңкі бар сөздерден образ үшін берілуі. Мұндағы мақсат – ойға алған заттың белгісін тыңдаушыға дәл, әрі сезіміне әсер ететіндей етіп жеткізу болып табылады. Әсіресе, еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіштік сипаттағы жұмбақтардың да тілімізде көптеп кездесетінін аңғаруымызға болады. Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысу-соқтығысуларынан туған дыбыстарды, сондай-ақ жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен шығатын әртүрлі дыбыстарды есту қабілеті арқылы белгілі-белгілі түсініктер ретінде қабылдаулардан болған және сол түсініктердің атаулары есебінде қалыптасқан сөздерді айтамыз» [57, 334-б].

Б.О.Оспанованың «Қазақ тіліндегі бейнелеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипаты» атты зерттеу еңбегінде осы көне де, байырғы сөз құрамына тоқталып, талдау жүргізген: «Жұмбақ жанры қоғам мүшелерінің дүниетанымдық, тапқырлық, өжеттік, тез шешім қабылдай білушілік сияқты қасиеттерін дамытуға, соған баулуға бағышталса, жұмбақтың тілі жұмбақтың өзіне сай, ой-сананың өскелең өрісін, көркемдіктің небір шиыршық атқан шытырман ою-өрнегін танытатын, сирек кездесетін сөздерді бейнелеп,

құбылтуда ерекше көзге түсетін, көркемдік жағынан жоғары тұратын, тозбайтын жанр болып табылады» [58, 97-б].

Мысалы, қамырды – «**былқ-былқ еткен**», түтінді – «**елбең-елбең етеді**», «**көлбең-көлбең етеді**» дегендей бейнелеуіш етістіктермен беру – жұмбақ жанрын жандандыра түседі. Бұл мысалдар көзбен көруге арналған образдар болса, төмендегілер дыбысқа еліктеуден туған сөздер: **самаурынды** – «**салдыр-салдыр сары айғыр**», **есікті** – «**әрі лап-лап, бері лап-лап**», **кілтті** – «**кірт етіп кіріп кетті**», «**сырт етіп шығып кетті**» деген сияқты еліктеуіш сөздермен келтіруі де ойы ұшқыр, тілі бай халқымыздың көркемсөз тудырудағы басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

2.3 Түркі елдерінің халықтық жұмбақтары

Жұмбақ – адамның ой – өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Бұл жанрға Аристотель «Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора» деп анықтама берген. Жұмбақ әдебиеттің ежелгі үлгілерінде, ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндіктен, оны ғылымда «фольклорлық жанр», «халықтық поэзияның шағын түрі» деп санау орын алған. [59, 3-б]

Алайда, қазіргі заман әдебиеті өкілдерінің әсіресе, балалар әдебиеті авторларының шығармашылығында жұмбақтар топтамасы жиі кездеседі. Сондықтан, оны тек фольклорлық жанр аясында шектеуге болмайды. Жұмбақ – ауыз әдебиетінің ең байырғы шағын жанрларының бірі. Сонымен бірге ол жазба әдебиетте де құлашын кеңге жайып, өркендеп, өсуде. Жұмбақ оқырманның өй-өрісін кеңейтеді. Алғырлығын арттырады, байқағыштыққа баулиды. Жұмбақты шығарушыға табиғи талантпен қоса, мол өмір тәжірибесі, жан-жақты білім қажет. Бұл қасиет аз болса да, жұмбақты шешушілерге де ортақ. Әрбір жұмбақтың бойына этнос болмысына, оның рухани-заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге үлесі зор екенін білуге болады.

Жұмбақтарды этнолингвистиканың объектісі ретінде зерделеудегі күрделі мәселе – олардың пайда болу факторлары мен дами келе адамға (оның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне, қалып-күйіне т.б.) ауысу уәждерін тап басып, дәл айқындау, мән-жайын анықтау болып табылады. Бұл жағынан келгенде, жұмбақтар – этнос тарихындағы әр алуан кезеңдер мен оқиғалардың, әртүрлі қатынастардың белгісін бойына сақтаған қазынасы, этнос тұрмыс-тіршілігінің, оның тарихының, мәдениетінің баға жетпес байлығы. Қазақ тілінің өз тарихын таразылауында, халықтың рухани-мәдени байлығын зерделеуінде, этностың өзін-өзі тануында, жаңа тарихын жазуында жүгінетін көнекөз куәсінің бірі – жұмбақ жанры. Жұмбақтар бүкіл дүние жүзіндегі үлкенді-кішілі барлық халықтардың көркем әдебиетінде елеулі орынға ие. Бір ғана жер шарында өмір кешетін халықтардың жұмбақ ететін нысаналары бір болғанымен, оны жұмбақ

ету әдістері әрқайсысының ұлттық ерекшелігіне, тұрмыс-тіршілігіне, өмірге деген көзқарастарына байланысты әр алуан. Мысалы, әр халықтың кәдімгі күнделікті ас-суымызға пайдаланып жүрген жұмыртқаны қалай жұмбаққа айналдырғанын қарастыратын болсақ:

Айдалада ақ отау,

Аузы-мұрны жоқ отау.

Бұл - қазақтың халық жұмбағы. Осы екі жолдан тұратын шағын ғана жұмбақтан қазақ халқының бүкіл көшпелі өмір салты көрінеді. Халқымыздың ұлттық ерекшелігі саналатын киіз үйі, жай ғана үй емес, отау аталуы - әр қазақтың жаңадан үйленіп, отау болған жастық шағын еске түсіріп қана қоймай, ендігі жерде өзінің балаларының отау болып, енші алып бөлініп шығуы арқылы мұрагерлік өмірдің алға қарай жалғаса беретіндігінен дерек бергендей болады. Мұның бәрі қазақтың жұмбаққа деген көзқарасынан, соған сәйкес пайдаланған сөз тіркестерінен туындаған ой-қиял болып табылады. Ал жұмбақтың шешуі – бар болғаны кәдімгі халқымыз күнде жейтін жұмыртқаның өзі.

Жұмыртқаны әр халық өзіше жұмбақтаған. Сол жұмбағынан олардың өмір сүру салты мен кәдімгі тыныс-тіршілігі аңғарылып отырған. Осыған сәйкес, Оразақын Асқардың:

Құрсауы жоқ, күбі бар,

Тесігі жоқ, түбі бар.

Бұл жұмбақтың да шешуі-жұмыртқа. Бұл – бау-бақша өсіретін, көкөністен әртүрлі шырын-тосап әзірлей алатын, ол үшін құрсаулы ағаш күбілерді жасап, шарап та ашыта алатын ел – Беларусь халқының халықтық жұмбағы.

Ақ құты берді маған,

Ішін апсам,

Екі түсті тағам.

Бұл да жұмыртқа екені белгілі. Дәмді тағамдар жасаудың айрықша шебері саналатын ұлттың жұмбағы екені көрінеді. Шөп-шаламнан тіл үйірер ащы-тұщы, алуан түсті ас-дәм әзірлейтін кәрістердің жұмбағы.

Қалтаңа оны салмайсың,

Қармаққа іле алмайсың.

Бұл жұмбақтың шешуі де – кәдімгі жұмыртқаның өзі. Бұл – біріміз білсек, біріміз білмейтін, теңіз жағасында өмір сүретін, ұсақ ұлттардың бірі – Эвенкінің халық жұмбағы екен» -деген болжамын келтіруге болады. [59]

Аз берді деп азырқанбайды,

Көп берді деп көпсінбейді.

(Ақыл)

Ақыл – адам санасының ең жоғарғы сатысы болса, ақылы асқан дана болсын, көркем тілді шешен болсын, тірі жан иесінің бәрі де бір алланың жаратуымен өмірге келіп, өмірден өтеді. Әрқайсысы өзіне лайық өмір сүреді. Мақтаншақтық та, даңғойлық та, нысапсыздық та осы жан иелерінен шығады. Кейбіреулер бар, барға тасымайтын, жоққа жасымайтын. Ондайларды халық ақыл иесі деп ерекше құрметтеген. Ендеше, ақыл ғана азды азырқанбай, көпті көпсінбейді екен. Жұмбақтың сыртында адам образы көрінгендей әсер береді. Бұл жерде

азырқану – көпсіну сөздерінен антонимдік ұғымды анықтауға болады. Адамдарды сабырлылыққа, қанағатшылдыққа шақырады.

**Дәулетті үйде жалтырауық,
Кедей үйде қалтырауық.**

(Қыз)

Қыз бала-жат-жұрттық. Қыз - өмірдің гүлі іспетті. Егер қыз бала өз үйінде жүрсе де, келін болған жерінде де жағдайы болса әдемілене түседі, жағдайы болмаса жүдеп, жүнжіп кетеді. Сондықтан, дүниеге ұрпақ әкеліп, әлемді жайнатар қыз-әйел-ананың орны бөлек, оған ерекше күтім қажет дегенді меңзейді.

Дүнген халқының жұмбақтарындағы табиғат құбылысы былай жұмбақталады екен:

**Ақбоз аттың өрі жоқ,
Бармайтұғын жері жоқ.**

(Ақша бұлт)

Яғни, көк аспанды мекен еткен бұлттың дүниенің қай бұрышына болса да жауа беретіндігі, ұшы-қиыры жоқ кеңістіктің өте жоғарыда тұрғандығы, соған байданысты оның ештеңеден тайсалмайтын еркіндігі туралы айтылады.

**Құйрығы жасыл қызыл қораз,
Інге тығылған ұзын қораз.**

(Сәбіз)

Тіршілік иесінің тұрмысымен байланысты, күнделікті өмір сүрудің, тыныс-тіршіліктің көзі болып табылатын ас-ауқат материалының бірі – сәбіздің жер бетіндегі топырақта емес, топырақ астында өсіп, жетіліп, піскен кезде «қоқиланған қораздай», «мені алмайсындар ма, пайдалануға дайынмын» дегендей, жер бетіне қарай өскен жасыл сабақ-құйрығы арқылы танымдық көрініс танытуы жұмбақ тілінде келісті берілген.

**Жаңбыр жауса ашылатын гүл,
Жаңбыр тоқтаса жабылатын гүл.**

(Қолшатыр)

Адам өмірінің кейбір сәттерінде ғана болатын, табиғат нұры – жауыннан үсті су болып, ылғалданып қалмау мақсатында пайдаланатын қолға ұстайтын, қорғаныштық сипат беретін бұйым. Бұл бұйымды төбесінен күн өткізбеу үшін, яғни күннен қорғану мақсатында да пайдалануға болады.

**Сен үшін өзімді ұрдым,
Өзім үшін сені ұрдым,
Төгілген қан менікі.**

(Маса)

Сулы, ылғалды жерлерде болатын масаның адамға тыныштық бермей, ызыңдап мазасын алуы, шаққан жері ащы тиетіндіктен, қорғану үшін адамның сабалап масаның тісі тиген жерлерін тыным таппай ұрғыштауы, сол жердің кейде тырнақ ізінің батып кетуінен қанап кетуі айтылады.

**Жарық оған тым зиян,
Күнді көрсе зым-зия.**

(Қараңғы)

Жарықта көріне алмайтын қараңғылықтың, қарама-қарсылықтың, ақ пен қараның символы іспетті дүние. Жұмбақтың ар жағында, жақсылықты білмейтін, жақсының көлеңкесінде күн көретін көңілі қара адам образы жасырынып тұрғандай әсер береді.

Қарашай жұмбақтары:

Келмей де қоймас,

Кетпей де қоймас.

(Қонақ)

«Қонақ» деген ұғымның мағынасы терең. Қазақ ұғымында қонақтың түрі көп. Соның бәрін де халқымық «қонақжайлылықпен» күте білген, пейілі тарылмаған. Қарашай халқының жұмбағындағы қонақ та, біздің қонақпен бірдей екен. Ұзақ жата алмайды, келгенмен, бәрібір кетеді. Бұл – мәңгілік ештеңе жоқ, бәрі уақытша, «адам-осы дүниенің қонағы» дегенді білдіреді.

Қараңғы үйде

Қанды балта.

(Тіл)

Адам адам боп жаратылғаннан кейінгі өмірдегі жақсы мен жаманның барлығы да ауыз қуысында орналасқан, сөйлеу құралы – тілге байланыстылығы, тілдің қылыштан да, балтадан да өткірлігі, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқтығы», яғни адам баласының қадірлі, қасиетті болуы тек тілге байланыстылығы жұмбақ бойынан көрініс табады.

Көзімді жұмсам көремін,

Көзімді ашсам көрмеймін.

(Түс)

Бір тәуліктің сегіз сағатын ұйқыға арнайтын адамның көзін жұмып, тыныш ұйқыға кеткен кезде, тылсым дүниенің сырлары ашылып, өмірмен байланысты түстер көруі. Түс көруді ғылымда – «ми қатпаршағында күндізгі ойдан қалған түйсіктер» деп жатады.

Қорғасыннан ауыр,

Қылыштан өткір.

(Сөз)

«Ауыздан шыққан сөз – атылған оқпен тең» дегендей, сөздің қадірін түсінген адамға сөз салмағы өте ауыр. Ең өткір нәрсе – жарқ еткен қылыш болса, сөз сол қылыштан да өткір екендігі айтылады.

Құмық жұмбақтары:

Тал басында тас ұя

(Жаңғақ)

Өзі ағаш басында өседі, ұядай шұңғыл ыдыс ішінде, адам ағзасына, денсаулығына пайдалы, сирек кездесетін дәннің өсетінін жұмбақтаған.

Өзі де моншақ,

Көзі де моншақ,

**Айдынның астын
Сүйеді сонша.**

(Балық)

«Моншақтай мөлдір» деген сөз – тазалықты, әдемілікті, мақпалдықты көрсетеді. Су астында өмір сүретін балықтың өзінің де, көзінің де моншақтай жылтырауы, денесінің қолда тұрмай, судай сусылдауы жұмбақталады.

Жол бойында жосылған қан

(Бүлдірген, құлпынай)

Бұл жұмбақта бүлдірген, құлпынай сияқты тәтті жидектердің жағалай өсіп тұрғанын көрсетіп, көзімізге елестетіп тұр.

**Қыста қамшы,
Жазда бурка.**

(Жеміс ағашы)

Жеміс ағаштарының жазда жапырағы жайқалып, жемісі салбырап, күзде сарғайып, қыста отқа жағатын ағашқа немесе камшының сабын жасайтын таяққа айналу жағдайы жұмбақталған. «Бурка» - қалың бас киім.

Қырғыз жұмбақтары:

**Тұрған жері мұздай,
Өзі әдемі қыздай.**

(Ай)

Қысы-жазы далада, төбеден қарап, салқын жерде тұрса да тоңбайды, айнадан қарап, сыланып-сипанып тұрған сұлу қызды елестетеді дегенді көрсетеді.

**Су ішкенді білмейді,
Сарғаюды білмейді.**

(Арша)

Арнайы су құйып, суармаса да, кеуіп, қурап кетпей, қысы-жазы көкпеңбек боп тұратын сирек кездесетін арша талының шыдамдылық қасиетін аңғартады.

**Өзі күннің өтінде,
Бар әулеті бетінде (Күнбағыс)**

Күннің көзін сүйетін, сорайған бойымен, иміп, бітік шыққан дән тола басын салбыратып тұрған күнбағысты жұмбақ тілінде сөйлетіп тұр.

Өзбек жұмбақтары:

Жасыл жайлауға қозы жайдым.

(Жұлдыздар)

Көк аспанда самсаған жұлдыздардың қозы-лаққа ұқсап маңырай жайылуы, жұлдыздардың сансыз көптігін жұмбақтаған.

**Сақалы бар,
Ақылы жоқ.**

(Ешкі)

Сақал – ақыл иесі-қарияларда ғана болатын болса, ешкі малында, әсіресе текелерде де болады. Алдыңғысы-данагөй, ақыл-парасат иесі болса, кейінгісі-тілсіз мақұлық.

Басына қарап мәз болады,

Аяғына қарап жылайды.

(Тауық)

Үй құстарының бірі – тауық өмір бойы жер шұқылап,жерден бас көтермей, тапқанын жемсауына толтырумен әуре екен, бірақ одан қорытынды аз сияқты, себебі, жемсаудағы жегені сирағына жетпегендей, шибакай, оны ешкім жемейді, лақтырып тастайды дегенді аңғартатын жұмбақ.

Әлемнен кең,

Теңізден терең.

(Ақыл)

Адам ойының ұшқырлығы, ақылының көптігі, игерілген істер,атқарылған жұмыстар – осының барлығы тек адамның ақыл-парасатының, сана-сезімінің нәтижесі дегенді білдіреді.

Күн қай тұста тұрса да,

Көлеңкесі болмас.

(Әйнек)

Шыныдай таза, шыныдай ақ сөздерінің синонимі ретінде-әйнек диалектісін алсақ, тазалығынан арғы жағындағының бәрі көрінеді, егер күн тұрса күн де сол күйінде көзге түседі дегенді білдіреді.

Түрікмен жұмбақтары:

Бір шелек қатық

Әлемге жетеді (Ай)

Аспан әлеміндегі түннің сұлулығын айқындайтын айдың жарық сәулесінің бір ауыл емес, бүкіл әлемге жететіндігін білдіреді.

Ажары –жерде

Ажалы- суда (От)

Күнделікті адам өміріндегі ас пісіру үшін пайдаланатын оттын пайдасының көптігі, бірақ өрт болған жағдайда оны тек су ғана өшіре алатынын келтірген.

Тыва жұмбақтары:

Жатпас-тұрмас қара шәйі (Су)

Таудан құлап аққан су, өзен-көлден толқынданып, жалданып аққан судың шәйі-жібек матадай сусып, жылтырап ағуын жұмбақтайды, көз алдымызға елестетеді.

Даусы тау құлатар,

Бойы бір-ақ құлаш. (Мылтық)

«Тарс» деген даусына таудағы тағы үркетіндей, қатты даусы бар мылтықтың бойының қысқалығына қарап, ондай дауыс шығаруы мүмкін емес, «өзінен даусы зор» дегенді жұмбақтау арқылы аңғартып тұр.

Сонымен қатар, жұмбақ жанрының ұлғайып, дамуына Ш.Күмісбайұлының 111 жұмбақ-әңгімелер атты кітабында жастардың ой-өрісін дамытатын түрлі басылымдарға шыққан еңбектерден іріктеліп алынған жұмбақтарының да әсері көп. Ұлттық менталитетімізге тән ойлауды қалыптастырып, танымды жетілдіруде ерекше әсер етететін математикалық ойындар енгізілген. [60, 93-б]. Мысалы, «ағайынды екі баланың үлкенінің жасы 1987 жылы дүниеге келген інісінің туған жылының сандарының қосындысына, ал інісінің жасы ағасының туған жылының қосындысына тең болады. Екеуінің ара жасының айырмашылығы жеті жас. Олай болса, олардың жасы мен туған жылы қай жылдар болмақ?» - деген сияқты логикалық ойға жетелейтін, басқатырғыштық есептер жастардың жұмбақ шешудегі дүниетанымын, ойлай білу қабілетін, тез шешім қабыладй алу қасиетін арттыраы сөзсіз.

Қазақ жұмбақтарын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу барысында, жалпы жұмбақ атаулынын, соның ішінде қазақ жұмбақтарының өзге халық жұмбақтарымен, әсіресе түркі тектес халықтардың жұмбақтарымен сәйкес, ұқсас келетінін, айтатын ойынын, берер мағынасының бір екені аңғарылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жұмбақ жанры – қоғам мүшелерінің дүниетанымдық, тапқырлық, өжеттік, тез шешім қабылдай білушілік сияқты ізгі қамияттерін дамытуға, соған баудуға бағышталады. Жұмбақтың тілі – ой-сананың өскелең өрісін, көркемдіктің шытырман ою-өрнегін танытады.

Жұмбақтар – халықтың өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын алтын арқау секілді. Себебі, олар – шағын жанр бола тұра, рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, тез шешім қабылдай білудің, ұтқыр ойлай алудың, тұжырымды да, пайымды жауап бере білудің адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден-бір кепілі. Осындай қазына-байлықтарынан айрылған елдің, этникалық қауымның болашағы да бұлыңғыр болмақ.

Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен айтулы аңыздарда атақты билер, әйгілі хандар өздеріне мұрагер таңдауда да, құрылысы күрделі, мән-мағынасы терең, жұмыр да, ұтымды жұмбақтарды ортаға салып, соны әрі тез, әрі тұтас шеше білуіне қарай таңдаған. Жұмбақ жанрын зерттеу ісі қай уақытта да ғалымдар назарынан тыс қалмаған, қай ғалым болса да, атадан балаға мирас болып келе жатқан осынау жанрдың құндылығы мен маңызы туралы өзіндік тұжырым-пікірін айта білген.

Жұмбақ – ауыз әдебиетінің ең байырғы, шағын жанрларының бірі. Сонымен бірге ол жазба әдебиетте де құлашын кеңге жайып, өркендеп, өсуде. Жұмбақ оқырманның ой-өрісін кеңейтеді, алғырлығын арттырады, байқағыштыққа баулиды. Жұмбақты шығарушыға табиғи талантпен қоса, мол өмір тәжірибесі, жан-жақты білім қажет. Себебі, жұмбаққа халық атамзаманнан ерекше мән берген. Жұмбақтар – адамның ой-өрісін кеңейтіп, астарлы сөздің сырын түсінуге, тапқырлыққа баулитын, тұспалдап, бейнелеп, бір затты екінші затқа балап айту арқылы ой потенциясын кеңейте түсетін танымдық мәні зор құбылыс. Жұмбақ жанрына тән басты ерекшелік – көлемі жағынан шағын, құрылымы жағынан жұп-жұмыр нақышталуы. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан алуан өрнектеледі. Дыбыстық ассонанс пен аллитерациялық үндестік әуезділікке, саздылыққа жол ашады. Өлең түрінде келетін жұмбақтармен қатар, образбен өрілген, адамға, қоғамға, табиғатқа қатысты мәнді білдіретін жұмбақтардың да көптеп кездесетіндігі.

Академик Ә.Т.Қайдардың «Тіл әлемін» - «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп үшке бөліп қарастыруының аса зор мәні бар екендігін айта кетуіміз керек. Зерттеу барысында жұмбақтардың адаммен, қоғаммен, табиғатпен тікелей қатыстылығы - оның осы үштіктің аумағына сыйып кетуінен-ақ этностық ұғымдардың көрінетіндігін аңғардық.

«Қазақ тіліндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты» атты зерттеу жұмысының нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға негіз болады:

1. Қазақ жұмбақтары ауыз әдебиеті жанрларының бірі ретінде, күні бүгінге дейін негізінен әдебиетші ғалымдар тарапынан зерттеліп, тілші ғалымдардың назарынан тыс қалған этнолингвистикалық объектіге жатады.

2. Жұмбақтар, кейбір жанр үлгілері сияқты, көптеген өзіндік

ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар, тілдік материал болып саналады. Олардың әрқайсысын тақырып, мағына, құрылым жағынан сан алуан болып келуіне қарамастан, белгілі бір ұғым-түсінікке байланысты жасалып, қалыптасып, санамызда сақталып келе жатқан тұрақты да, күрделі мағыналық бірлік (единица) санатына жатқызамыз.

3. Қазақ жұмбақтары - ең алдымен адаммен, қоғаммен, табиғатпен байланысты күрделі жанр, мағыналық, тұлғалық ерекшеліктері жағынан көзге түсетін ауыз әдебиетінің ерекше үлгісі.

4. Қазақ жұмбақтары - жанрлық жағынан қара сөз, өлең сөз және сөз түріндегі жұмбақтар болып үш топқа бөлінсе, олар өз ретінде іштей жіктеле түседі.

5. Зерттеу объектісі етіп алып отырған «Қазақ тіліндегі жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты» атты тақырыпты зерттей келе байқағанымыз - тіліміздегі жұмбақтардың сан алуандығы, олардың адам, қоғам, табиғат болмысына қатысты заттар мен құбылыстардың барлығымен түгел байланыстылығын түсіндіруге болатындығы.

6. Жұмбақ екі жақтың да (айтушы мен жасырушы) тіл байлығын арттырып, ой-өрісін кеңейтетін қиын да, қызықты жанр екендігі.

Жұмбақ – халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі және барлық жұрттың фольклорына ортақ түрі. Әуелгі туысы арғы, ерте заман болғанымен, жұмбақ бергі заманда да, тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де керекті қасиетін жойған жоқ. Қай кезде де, жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде, халық арасында бағалы болған. Кезінде жұмбақты халықтың өзге тапқырлық сөздері қатарында саяси құрал есебінде де пайдаланылған жанр түріне жатады. Сондықтан жұмбақты сөз образының кілті ретінде түсінуге болады.

Зерттеу жұмысымызда, бұл жанрдың қоғам өмірінің кез-келген саласында өзіндік орны бар екендігі, әсіресе көптеген жұмбақтардың адаммен, қоғаммен, табиғатпен етене байланыстылығында екендігі, олардың өздерінің этнолингвистикалық сипатымен ерекшеленетіндігі, оның көркемдік жағы мен тілдік-стильдік сипатының басым болатындығы аңғарылды. Бұл қазақ жұмбақтарының әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет ететіндігін, кейінгі ұрпаққа берер тәрбиелік, танымды-тағылымдық мәні зор жанр екендігін көрсетеді.

Қазақ тіліндегі жұмбақтардың ерекшеліктерін, олардың экстралингвистикалық мәнділіктерімен тығыз байланыстыра отырып, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу - белгілі бір тақырыптық топтарға жататын жұмбақтардың құрылымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын айқындауға өзіндік үлес қосады.

Олай болса, жұмбақтардың ақиқат өмірмен байланыстылығы арнайы қарастыруды қажет етсе, олардың ұлттық рухани мәдениетпен астасып жатуы этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді.

Сондықтан, жұмбақтардың идиоэтникалық мазмұнын (ұлтқа, этносқа тән өзіндік ерекшелігін), этномәдени мәнін (этнос мәдениетіне қатысты сырларын) ашуда этнолингвистикалық зерттеу жүргізудің маңызы ерекше болмақ.

Қазақ жұмбақтарының құрылымы мен олардың әрқайсысының этнолингвистикалық тұрғыдан талданып, тіліміздегі кейбір нұсқаларының

қарастырылуы қазақ халқының тұрмысындағы рухани, мәдени, әлеуметтік ролін айқындап, оларды ұлт мәдениетінің қалыптасқан тұтас бір бөлшегі ретінде санауға негіз болады.

Қорытындылай келе айтарымыз, тіліміздегі жұмбақ жанрының зерттеліп келе жатқанына біраз уақыт болса да, оның өзіндік зерттелмеген қырлары мен ашылмаған мәселелері жетерлік. Яғни оны тек әдеби тұрғыда ғана емес, тілдік тұрғыда да –этномәдени және этнолингвистикалық тұрғыдан да зерттеу маңызды. Сонымен, қай тілде болмасын, жұмбақ жанрының өзіндік қайнар көзі, тарихы, даму жолы бар, сыры мол тілдік қазынаға жалпыхалықтық, ұлттық рухани байлыққа жатады. Олардың шығу тарихы, қалыптасу кезеңі, көмескі тартқан іздері, қыры мен сыры тек халық өмірімен байланыстырыла қарастырылғанда ғана айқын аңғарылады. Жұмбақтар –астарлап кестелеп, ойды жасырып айтудың тілдегі көрінісі. Олардың табиғатына тән қасиет – этностың өткен, қазіргі өміріндегі барлық құбылысқа тән екендігі. Бүкіл қасиетін бойына сақтап, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей келе жатқанасыл мұра, рухани қазына болып саналады. Кейінгі кезде өрістеп келе жатқан этнолингвистиканың негізгі мақсаты осыны көздейді. Сондықтан да, қазақ тіліндегі жұмбақтарды этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу жұмысы дәл бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде, дер кезінде қозғалған перспективті мәні зор тақырыптардың бірі болғанын айтуымызға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат ат-турк» // Советская туркология. - Л.: 1972. №1,-12с.
2. Насилов Д.Н. Лингвистические взгляды Алишера Навои // История лингвистических учений. Средневековый Восток. - Л.: Наука, 1981. -151с.
3. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. - М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. - 400с.
4. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. - М.: 1985. -115с.
5. Сепир Э. Положение лингвистики как наука // Звегинцев В.А.История языкознания XIX и XX в.в.Ч.1. - М.: 1960. -177с.
6. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. - М.: 1993. - 465с.
7. Слюсарева Н.А. История языкознания. Вып.5.- М.: 1970. -32с
8. Толстой Н.И. Этнолингвистический словарь славянских древностей. - М.: 1996. -43с.
9. Толстой Н.И. Язык и народная культура.Очерки по славянской мифологии и этнолингвистики. – М.: - 1995. -509с.
10. Потенбня А.А. Из лекции теорий словесности. Харьков. – М.: 1905. - 640 с.
11. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. -А.: Ана тілі, 1998. 8-б.
12. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - А.: Ғылым, 1999. 581-б.
13. Манкеева Ж. Антропологистикалық парадигманың Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасындағы сипаты. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарынан, 26 ақпан 2015. -93б.
14. Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика. // Білім және еңбек №10,1985.18-22бб.
15. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. - А.: 1980. -4с.
16. Жанпейісов. Е.Этнолингвистика. // - А.: Ана тілі, 1994.7-б.
17. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – А.: Ғылым,1997. 272-б.
- 18.Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. - Алматы: Жібек жолы, 2008. 13-б.
19. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики.- Астана: Евразия, 1995. -15 с.
20. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – А.: Ана тілі, 1998. 304-б.
21. Уалиханов. Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы. 5 том, 84-б.
22. Васильев А.В. Киргизские загадки. – Оренбург: 1900. -4с.
23. Казахский фольклор в собраниях Г.Н.Потанина. – А.: 1972. -189с.
24. Аймауытов Ж. Жаман тымақ. Алматы: 1992. 19-20-б.
25. Байтұрсынов А. Шығармалар. Алматы: 1989. 234-б.
26. Әуезов М. Қазақтың халық жұмбақтары. Алматы: 1959.5-б.
27. Әуезов М.Қазақтың халық жұмбақтары. Алматы: 2005. 7-б.
28. Марғұлан Ә.Қазақ жұмбақтарының зерттелу тарихы. Алматы: 1991.12-б.
29. Диваев Ә.Қазақ фольклоры. Алматы: 1989.76-б.
30. С.Аманжолов, Т.Жанұзақов. Қазақтың халық жұмбақтары. А.: 1959. 244-б.

31. Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары. А.:1966. 3-б.
32. Адамбаева Ж. Қазақ жұмбақтарының әдеби-стилистикалық және тілдік ерекшеліктері. Алматы: 1996.16-б.
33. Ахметов З. Казахское стихосложение. Алматы: 1964. 210-б.
34. Оңғарбаева Н. Қазақ жұмбақтарының тілі. Алматы: 1997. 57- б.
35. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. Алматы: Арыс, 2007.156-б.
36. Керім Ш. «Бабалар сөзі» Алматы: Арыс, 2002.24-б.
37. Керім Ш. Қазақ жұмбағы. Алматы: Арыс, 2007. 30-31-бб.
38. Ш.Әлібеков. Қазақ фольклоры. Алматы: 2000. 18-б.
39. Табылдиев Ә. Жеті жүз жұмбақ. Алматы: 1998.4-б.
40. Әлімбаев М, Ергөбеков Қ. Қазақ әдебиеті.//«Жүйрік ойдың жүлдесі» 1987ж.
41. Әлімбаев М. 777 жұмбақ. Алматы: Санат, 1994. 3-б.
42. Сағидолдақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. Алматы: Ғылым, 2003. 98-б.
43. Шаханова.Н. Мир традиционной культуры казахов. Алматы: 1998. -19-47с.
44. Тимошинов В. Культурология: «Казахстан – Евразия – Восток – Запад» Алматы: 1997. -49с
45. Сыздықова Р. Тіл және ұлттық мәдениет/Ғылыми жинақ Т.: 2005. 33-б.
46. Алмаұытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Ф.ғ.к., дисс. Алматы: 2004. 128-б.
47. Сағынова Б.Ұ. Қазақ тіліндегі адам интеллектісіне қатысты лексика (этнолингвистикалық зерттеу) Филол. ғыл. канд. дисс. Алматы: 1999. 125-б.
48. Уызбаева Б.Б. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты: Филол.ғыл.канд.дисс.Алматы: 1994. 203-б.
49. Кайдаров А.Т. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, связанных со скотоводством в казахском языке // Актуальные проблемы казахского языка, 1998. -215с.
50. Марғұлан Ә. Шығармалары, 2-том. Алматы: Алатау, 2007. 432-б.
51. Жаубасова Т.Б. Музыкалық аспаптар атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан сипаттау. «Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдарынан. А.: 2004.185-б.
52. Ахметов.З. Казахское стихосложение. Алматы: 1964. 210-б.
53. Төрекұлов Н. Қанатты сөздер. Алматы: Жазушы, 1977. 236.
54. Төреханұлы Ә. Шөміш қағу. Алматы: Ана тілі, 1995. 142-б.
55. Сейітова Ш.Б. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы. Ф.ғ.к. дисс. Алматы: 1999. 147-б.
56. Әуезов М. Қазақ жұмбақтары. Алматы: 1993. 112-б.
57. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. А.: 1991. 334-б.
58. Оспанова Б.О.Қазақ тіліндегі бейнелеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. Алматы: 2004. 97- б.
59. Жер жүзіндегі жүзге жуық жұрттың жұмбағы. Алматы: Балауса, 2004. 5-б.
60. Күмісбайұлы Ш. Жұмбақ-әңгімелер. Алматы: Аруна, 2006. 93-б.